Ресурсы, для преодоления стресса (Лоретта Грациано Бройнинг) [3, С.290]

Ресурсы	Содержание
<i>Эффект зеркала</i>	Зеркально отражайте поведение людей, умения и привычки, которые вы хотите приобрести (образцы копирования).
<i>Равновесие между нейромедиаторами</i>	Постарайтесь заняться развитием способности
<i>Прививка</i>	Разнообразие форм деятельности и разветвление нейронных цепочек, которыми вы постоянно занимаетесь (например, выставка).
<i>Энергия</i>	Увеличение за счет упражнений, хорошего сна, питания.
<i>Наследие</i>	Оставить свой след (например, А. Эйнштейн).
<i>Удовольствие</i>	«Эффект радости». Радость – это прекрасный инструмент для управления энергией. Избирательность в удовольствиях, так как это ценный ресурс
<i>Фрагментация</i>	Разделение на участки, порционно, чтобы разжечь костер энтузиазма
<i>Удовлетворение</i>	См. теория «Ограниченная рациональность» Герберт Саймон (1978).
<i>Планирование</i>	Планируйте приливы
<i>Визуализация</i>	Представление результата успешности
<i>Ориентируйтесь на хорошее</i>	Учитесь на «Лучших» примерах и образцах.

Таблица 3

Как вырабатывать гормоны счастья? (Л.Г. Бройнинг) [3]

Гормон	Что дает?	Как создавать и поддерживать?
<i>Дофамин</i>	Создает чувство радости от того, что человек находит что-то необходимое	Новые привычки, которые помогут вырабатывать дофамин: 1. Отмечайте маленькие победы («Я сделал это!»). празднование маленьких побед. Наслаждайтесь даже мгновением триумфа и двигайтесь дальше вперед. 2. Двигайтесь к новой цели небольшими шагами. Предпринимайте реальные действия. 3. Разделяйте неприятные задачи на несколько частей. 4. Корректируйте высоту планки по себе.
<i>Эндорфин</i>	формирует чувство легкости и забвения, которая помогает смягчать боль	Новые привычки, которые помогает создавать эндорфин: – Смех – Плач – Разнообразие физических нагрузок – Растяжка (упражнения, то есть умеренная растяжка способствует приливу крови) – Спорт
<i>Окситоцин</i>	Дает ощущение комфорта в социуме	Новые привычки, которые помогает создавать окситоцин: – Создание отношений Доверия через «посредников» («искусственное доверие»). – Закладывайте опорные точки доверия. Создание позитивных ожиданий, делайте маленькие шаги. – Создавайте собственную систему верификации отношений доверия. Следите за результатами. – Не пренебрегайте массажем.
<i>Серотонин</i>	Создает у человека чувство социальной значимости	Новые привычки, которые помогает создавать серотонин: – Гордитесь тем, что сделали. – Будьте настойчивы. Продолжайте делать свое дело. – Наслаждайтесь социальным статусом каждое мгновение. – Наслаждайтесь социальным статусом каждое мгновение. – Обращайте внимание, какое влияние Вы оказываете. – Примиритесь тем, что повлиять невозможно (не стремитесь «контролю над всеми»).

Эндорфин вызывают сильные эмоции и чаще всего это спортивные достижения. Дофамин увеличивается вырабатывается при достижении цели. Окситоцин вырабатывает массаж, объятия. Серотонин отвечает за общий эмоциональный фон настроение и вырабатывается за счет программы питания, программы тела. Нехватка гормонов счастья

может привести к депрессии и психическим расстройствам. Для того чтобы вырабатывались гормоны счастья важно постоянно вырабатывать «полезные привычки» и находиться в постоянном поиске и обновляться во всех отношениях.

Остановить выбор гормона кортизола довольно сложно, но можно с помощью пе-

реключение внимания на другие дела (интересные и важные для Вас) и объекты. Подумайте о привычках, которые вы используете, для того чтобы преодолевать стрессовые нагрузки. Оцените последствия, которая принесет каждая из них для долговременного благополучия.

Теория преодоления стресса. *Анциупов А.Я., Шпилов А.И* для нормализации стресса учитывать психологические факторы: (1) *Основным в жизни должно быть соревнование с самим собой, а не с окружающими.* (2) *Понимание относительности любых оценок событий, происходящих в нашей жизни, уменьшает стресс от неудач.* (Каждый человек по-разному оценивает свои возможности по управлению собственной жизнью. Супер ответственность часто приводит к стрессу. В жизни все будет так как надо. (3) *Уменьшение количества и ответственности принимаемых решений, сокращение числа сфер жизни и деятельности, в которых мы проявляем активность, неизбежно приведет к снижению информационного стресса.* (4) *Уменьшение уровня притязаний неизбежно снижает вероятность возникновения стресса, и наоборот.* (5) *Если мы не можем изменить ситуацию, то необходимо изменить свое отношение к ней.* (6) *Жить по совести* – это значит реже попадать в стресс, так как в этом случае оценки нас теми, кто живет не по совести, можно просто не принимать в расчет. (7) Важно помнить о том, что на Земле сейчас живут сотни миллионов людей, которые попав в наше нынешнее положение, посчитали бы себя на вершине счастья. И еще одно важно условие степень удовлетворённости своей жизнью оказывает заметное влияние на психику человека. Чем более человек доволен своей жизнью, тем реже он испытывает стресс [17, С.458].

Теория гармонии и равновесия. По *Макс Люшеру* внутренними предпосылками осмысленного и радостного жизнеустройства является «регуляционная психология». **Равновесие создается благодаря идеалу.** Идеалы – это компас, образцы. Образцы, которые указывают: смысл – в гармонии. Идеалы – это ориентиры, в этом качестве они

необходимы человеку: они указывают на смысл. Именно идеалы ориентируют нас, какое решение нам следует принять, как поступить в конкретном случае. Мы обращаемся к идеалам, когда нам необходимы «высокие» понятия смысл, культура, духовность, разум, порядок. Чтобы найти путь к гармонии, нам, людям, нужны идеалы и духовные ценности. И в равновесии важно человека научить «Искусство не раздражаться».

Внутреннее равновесие и наше благополучие, зависит от четырех основных чувств себя: (1) *Самоуважение.* (2) *Внутренняя свобода.* (3) *Внутреннее удовлетворение.* (4) *Уверенность в себе.*

Для равновесия важно грамотно анализировать ситуацию. Он предлагает *методику «Сигнальный звонок».* Задаем себе сразу вопрос: «Что я сам делаю неправильно, если создаю неправильное чувство себя?» «Что я сам делаю неправильно, если злюсь, если унижен, если разочарован или не удовлетворён?» Как только поймете и примите ответ, который определен как точная терапевтическая рекомендация, разрывается заколдованный круг беспомощных раздумий. И освобождающее решение быстро находится [18, С.61].

Напряжение неправильных чувств себя есть настоящая причина психических страданий, а также – большинства заболеваний и конфликтов. Причина – в наших *неправильных чувствах себя.* **Терапия изменения образа мыслей** придает большое значение, при котором мы сами говорим себе: «АГА!». Поэтому оно и называется «переживание АГА!» Чаще всего проблемы возникают, что мы приглушаем, игнорируем, не замечаем многочисленные условия, порождающие «переживания АГА».

К познанию действительности как гармоничной структуры ведут четыре разнообразных пути: (1) Идеал истины, ведет к логическому пониманию смысла. (2) Идеал справедливости, ведет к этическому пониманию смысла. (3) Идеал красоты, ведет к эстетическому пониманию смысла. (4) Идеал мастерства, ведет к практическому пониманию смысла. Для гармоничного равновесия

важно человеку формировать нравственность и совесть. Этическая воля содержит требование к самому себе, и одновременно, к другим людям. По отношению к себе это нравственное требование самоуважения. По отношению к другим это социальное требование «порядочности» и справедливости [18, С.111]

Поль С.Брэгг для укрепления и преодоления стресса предлагал пересмотреть программу питания (нехватка магния в организме, витамина В, влияет на стресс). Нервному банкротству, *открытием ворот нервному истощению ведет глупая привычка создавать себе беспокойство, проблемы*. Главный враг истощения ресурсов, особенно духовных является – страх. Разрушение себя изнутри и растрчивает по кусочкам нервную систему человека – беспокойство [19].

Теория управление стрессом Герт Каллуца. Для стрессоустойчивости человека важно разработать и обучить программе «Стресс менеджмент безмятежно и безопасно», которая включала в себя необходимые инструментальные компетенции программу: расширить профессиональные компетенции; организационные улучшения; самоуправление; социально-коммуникативные компетенции; искать поддержку; развивать навыки решения проблем [20].

В работе с детьми группа риска важно формировать по борьбе со стрессом жизнестойкость через процесс научения репертуара стратегии совладания в стрессовой ситуации. Чем больше человек будет обладать психологическим инструментарием, тем меньшая вероятность того, что разрушающее состояние возникнет или затянется. Через системные и запланированные обуча-

ющие программы можно преодолеть и противостоять стрессовым ситуациям [21].

В период COVID-19 кафедра общей и прикладной психологии КазНУ имени аль-Фараби в рамках проекта «*Мы рядом!*» активно в интернет ресурсах проводят вебинары для населения Республика Казахстан на снижение тревожности и управление стрессом. Консультируют в онлайн режиме, чтобы поддерживать баланс и равновесие человека, и чтобы человек в трудной жизненной ситуации почувствовал тепло и поддержку других людей, а это так важно в кризисной ситуации.

Каждый человек может попасть в повышенное психическое напряжение. Совокупность неблагоприятных факторов может оказаться критической и подтолкнуть человека к одному из «быстрых и простых» выходов – самоубийству, наркомании и насилию. Связующим звеном между духовным миром личности, индивидуальным смыслом и общественными нормами выступают *ценности*. Причиной роста напряженности выше уровня возможной регуляции механизмами психологической защиты чаще всего выступает *страх и не подготовленность на эмоциональном, духовном, психологическом уровнях*. Воздействие хронических стресс факторов или неспособность организма восстановить гомеостаз в результате избыточной реакции на стресс наносят существенный ущерб нашей способности восстанавливаться и обновляться после перенапряжения. Но осведомленность, когнитивная подготовленность поможет человеку быть стрессоустойчивым, жизнестойким и преодолеть трудности, превращая проблемы в возможности своего личностного развития.

Список использованных источников

1. Садвакасова З.М. Поведенческий калькулятор в конфликте: работа с группы риска. Учеб.-метод.пособие. – Алматы: Казак университеті, 2017. – 138 с.
2. Грановская Р.М. Конфликт и творчество в зеркале психологии. – М.: Генезис, 2002. – 573 с.
3. Бройнинг Л.Г. Гормоны счастья. Как приучить мозг вырабатывать серотонин, дофамин, эндорфин и окситоцин. Пер. с англ. – 3 е изд. – М.: Ман, Иванов и Фербер, 2018. – 320 с.
4. Гормон Кортизол <http://rsute.ru/659140-kak-borotsya-so-stressom-ot-smartfona.html>; <http://vseproanalizy.ru/kortizol.html> (дата обращения 29.06.2017).

5. Диспенза Джо Развивай свой мозг: Как перенастроить разум и реализовать собственный потенциал. – М.: Эксмо, 2019. – 688 с. (С.364).
6. Карта зубов и внутренних органов <https://lifter.com.ua/kazhdyy-zub-svyazan-s-organom-v-tele-bol-v-lyubom-mozhet-predskazat-problemy-v-budushchem-13352?fbclid=IwAR24voBDS01W7Af5wxA75RJ-pFL9r0m5pJlh2PpX3GAGq0JHpUyPB2u1Io8> (Дата обращения 17.09.2019).
7. Гарбер А, Карапетян Л, Решке К. Управляй оптимизмом! Обучающая тренинговая программа по стресс менеджменту на основе современной поведенческой психологии и психотерапии. 2001. – 45 с.
8. Садвакасова З.М. Технологии суицидального поведения подростка: арт-терапия. Учеб.-метод. пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. – 310 с.
9. Википедия Копинг <https://ru.wikipedia.org/wiki/> (Дата обращения 3.06.2020).
10. Олпорт Г. Личность в психологии. Теории личности. СПб., 1998. – 250 с.
11. Айзенк М. и др. Психология. Комплексный подход – Мн.: Новое знание, 2002. – XVI, 832 с. (с.607).
12. Люк де Барабандер, Алан Ни. Думай в других форматах. – М.: «Э», 2016. – 384 с.
13. Лукас Э. Ничего не бойтесь. Все будет так, как будет, но жить в любом случае стоит. https://econet.ru/articles/elizabet-lukas-nichego-ne-boytes-vse-budet-tak-kak-budet-no-zhit-v-lyubom-sluchae-stoit?fbclid=IwAR3RKLc79RUI7OBcMWrKfAZIR5rJY6W8QdoJpKl8D3tlC3T52l_JzNYMUR8 (Дата обращения 29.05.2019).
14. Салютогенез и салютогенная перспектива. <https://ppt-online.org/329888> (Дата обращения 11.12.2018).
15. История Роберта Дилтса. <https://www.facebook.com/100041030661951/posts/175949943782693/> (Дата обращения 5.06.2019).
16. Мельник Ш. Стрессоустойчивость. Как сохранять спокойствие и эффективность в любых ситуациях. – М., Манн, Иванов и Фербер 2015. – 145 с.
17. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология. – Учебник для вузов. – М.: Юнити, 1999. – 551 с. (с.455).
18. Люшер М. Какого цвета ваша жизнь. Закон гармонии в нас: Практическое руководство. – М.: ИКРС, 2008. – 252 с.
19. Поль С. Брэгг Построение мощной нервной силы. – М., 1990. – 92 с.
20. Бодров В.А. Психологический стресс: развитие и преодоление. — М.: ПЕР СЭ, 2006. – 528 с.
21. Садвакасова З.М. Жизнестойкость: технологии и практикум с воспитанниками детского дома. Учеб. метод. пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 192 с.

References

1. Cadvakasova Z.M. Povedencheskij kal'kulyator v konflikte: rabota s gruppy riska. Ucheb.-metod.posobie. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 138 с.
2. Granovskaya P.M. Konflikt i tvorcestvo v zerkale psihologii. – М.: Genezis, 2002. – 573 с.
3. Brojning L.G. Gormony schast'ya. Kak priuchit' mozg vyrabatyvat' serotonin, dofamin, endorfin i oksitocin. Per. s angl. – 3 e izd. – М.: Man, Ivanov i Ferber, 2018. – 320 с.
4. Gormon Kortizol <http://rsute.ru/659140-kak-borotsya-so-stressom-ot-smartfona.html>; <http://vseproanalizy.ru/kortizol.html> (data obrashcheniya 29.06.2017).
5. Dispenza Dzho Razvivaj svoj mozg: Kak perenastroit' razum i realizovat' sobstvennyj potencial. – М.: Eksmo, 2019. – 688 с. (S.364).
6. Karta zubov i vnutrennih organov <https://lifter.com.ua/kazhdyy-zub-svyazan-s-organom-v-tele-bol-v-lyubom-mozhet-predskazat-problemy-v-budushchem-13352?fbclid=IwAR24voBDS01W7Af5wxA75RJ-pFL9r0m5pJlh2PpX3GAGq0JHpUyPB2u1Io8> (Data obrashcheniya 17.09.2019).
7. Garber A, Karapetyan L, Reshke K. Upravlyaj optimizmom! Obuchayushchaya treningovaya programma po stress menedzhmentu na osnove sovremennoj povedencheskoj psihologii i psihoterapii. 2001. – 45 с.
8. Sadvakasova Z.M. Tekhnologii suicidal'nogo povedeniya podrostka: art-terapiya. Ucheb.-metod.posobie. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. – 310 с.
9. Vikipediya Koping <https://ru.wikipedia.org/wiki/> (Data obrashcheniya 3.06.2020).
10. Olport G. Lichnost' v psihologii. Teorii lichnosti. SPb., 1998. – 250 с.
11. Ajzenk M. i dr. Psihologiya. Kompleksnyj podhod – Mn.: Novoe znanie, 2002. – HVI, 832 с. (s.607).

12. Lyuk de Barabander, Alan Ni. Dumaj v drugih formatah. – М.: «Е», 2016. – 384 s.
13. Lukas E. Nichego ne bojtes'. Vse budet tak, kak budet, no zhit' v lyubom sluchae stoit. https://econet.ru/articles/elizabet-lukas-nichego-ne-boytes-vse-budet-tak-kak-budet-no-zhit-v-lyubom-sluchae-stoit?fbclid=IwAR3RKlc79RUI70BCMWrKfAZIR5rJY6W8QdoJpKI8D3tlC3T52l_JzNYMUR8 (Data obrashcheniya 29 05.2019).
14. Salyutogenez i salyutogennaya perspektiva. <https://ppt-online.org/329888> (Data obrashcheniya 11.12.2018).
15. Istoriya Roberta Diltsa. <https://www.facebook.com/100041030661951/posts/175949943782693/> (Data obrashcheniya 5 06.2019).
16. Mel'nik SH. Stressoustojchivost'. Kak sohranyat' spokojstvie i effektivnost' v lyubyh situacijah. – М., Mann, Ivanov i Ferber 2015. – 145 s.
17. Ancupov A.YA., SHipilov A.I. Konfliktologiya. – Uchebnik dlya vuzov. – М.: YUniti, 1999. – 551 s. (s.455).
18. Lyusher M. Kakogo cveta vasha zhizn'. Zakon garmonii v nas: Prakticheskoe rukovodstvo. – М.: IKRS, 2008. – 252 s.
19. Pol' S. Bregg Postroenie moshchnoj nervnoj sily. – М, 1990. – 92 s.
20. Bodrov V.A. Psihologicheskij stress: razvitie i preodolenie. — М.: PER SE, 2006. – 528 s.
21. Sadvakasova Z.M. ZHiznestojkost': tekhnologii i praktikum s vospitannikami detskogo doma. Ucheb.metod. posobie. – Almaty: Қазақ universiteti, 2016. – 192 s.

**Тәуекел тобындағы дағдарыстық жағдайда
психикалық денсаулықты сақтау және стрессті басқару**

З.М. Садвакасова¹, З.Б. Мадалиева¹

¹*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы)*

Аңдатпа

Бұл мақалада стрессті жеңудің тұжырымдамалық тәсілдері қарастырылады. Автор дереккөздерді жүйелі талдау негізінде стресстің барлық деңгейінде қалай әсер етеді және дағдарыстық жағдайда өзін басқара отырып, өзінің психикалық денсаулығын қалай сақтауға болатындығын зерттеуде көрсетеді. Неге адам күйзеліске бейім және тәуекел тобына кіреді. Егер адам эмоционалдық жағдайды басқармаса (олар біздің ойларымыздың тікелей көрінісі), психикалық денсаулыққа қалай әсер етеді. Қандай гормондар стресске әсер етеді (адреналин, кортизол, норадреналин) және адам күйзеліске және өмірге төзімді белсенді өмір сүруі үшін бақыт гормондарын (дофамин, эндорфин, окситоцин, серотонин) қалыптастыру керек.

Адамның психологиялық жай-күйін танып, реттеуді үйренудің жолдары анықталды, онда өз әлеуетін іске асыра алатын, стрестермен күресу, нәтижелі, жемісті жұмыс істеуді жалғастыра алатын және өз қоғамдастығының өміріне үлес қоса алатын жолдары анықталды. Күйзеліс жағдайында өзін басқармаса не болып жатқанын және қандай тұжырымдамалардың көмегімен күйзелісті жеңуге болады: күйзелісті болжау теориясы, ресурстық теория, бақыт теориясы, үйлесім және тепе-теңдік теориясы, формат теориясы, билікті бақылау теориясы, салютогенез теориясы, өміршеңдік теориясы, салауатты, белсенді мінез-құлық теориясы, стрессті басқару теориясы, стрессті жеңудің инструментальды теориясы.

Түйін сөздер: тәуекел топтары, стресс, стресс тұрақтылығы, өміршеңдік, ар-ождан стратегиясы.

Mental health preservation and stress management in the crisis situation of the risk group

Z.M.Sadvakassova¹, Z.B.Madaliyeva¹

¹*Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty)*

Abstract

This article discusses conceptual approaches to overcoming stress. Based on a systematic analysis of sources, the author provides research on how stress affects all levels and how to maintain your mental health while managing

yourself in a crisis situation. Why a person is subject to stress and is at risk. If a person does not control the emotional state (a direct reflection of our thoughts), how does it affect mental health. What hormones affect stress (adrenaline, cortisol, norepinephrine) and what habits form happiness hormones (dopamine, endorphin, oxytocin, serotonin), so that a person is stress-resistant and resilient as an active subject of his own life.

The ways of how a person can learn to recognize and regulate the psychological state in which he can realize his potential, cope with stress, continuing to work productively and make a contribution to the life of his community are shown. Article reveals what happens if you don't manage yourself in a stressful situation and what concepts can be used to overcome stress: the theory of stress prediction, resource theory, happiness theory, harmony and balance theory, format theory, power control theory, salutogenesis theory, resilience theory, theory of healthy, active behavior, stress management theory, instrumental theory of overcoming stress, while forming self-control in a stressful situation.

Keywords: risk groups, stress, stress resistance, resilience, coping strategies

Поступила в редакцию 07.02.2020.

FTA MP 15.21

Л.Е. ҚОЙШЫҒҰЛОВА¹, Е.М. ҚУАНДЫҚОВ¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
(Атырау, Қазақстан), l.koishigulova@asu.edu.kz l.koishigulova@asu.edu.kz
<https://doi.org/10.51889/2020-2.2077-6861.06>

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУДЕГІ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада педагог-психолог тұлғасының тергеу әрекеттерін жүргізудегі рөлі қарастырылады. Тергеу әрекеттерінің мазмұны бойынша әртүрлі екенін атап өту қажет, мысалы: жауап алу, эксперимент, тінту, анықтау, қарау және басқалар. Осы тергеу іс-әрекеттерінде педагог-психологтың рөлі біркелкі емес және кешенді сипатқа ие. Жауап алу кезінде педагог-психолог өзінің қатысуымен бірінші кезекте баланың оған қойылған сұрақтарға қорқынышсыз және түсінбеушіліксіз тыныш әрі шынайы жауап беру үшін көмектеседі, сондай-ақ тергеушіге де әсіресе сұрақтарды дұрыс қою жағдайында көмегін тигізеді. Алайда, тергеушінің бастамасы бойынша тергеу әрекетіне қатысу үшін шақырылған және оған кәметке толмағандармен психологиялық қарым-қатынас орнатуға көмектескен педагог-психолог, ең алдымен, тергеу мүддесінде емес, жасөспірімдердің мүддесіне қамқорлық танытады. Демек, ЖОО-да оқу кезінде болашақ педагог-психолог ретінде студенттерге келесі пәндер, ювенальды педагогика, ювенальды психология және тағы да басқалар бойынша білімді меңгеруі қажет. Сондай-ақ практикадан өту кезінде жоғарыда аталған пәндер бойынша алған білімдерін қолдана білуі маңызды.

Түйін сөздер: педагог-психолог тұлғасы; тұлғалық сапалар; кәсіби сапалар; психологиялық қолдау; тергеу әрекеті.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Балалар қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар қорғансыз болуға тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын.

Біздің топырағымызда туған кез-келген сәби қазақстандық. Және мемлекет оны қамқорлығына алуға тиіс» – деп атап көрсеткен [1].

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының ережелері құқық институттарының бірі болып табылады, онда адамның әлеуметтік құқықтары қамтылған, бұл құқықтарға ананы, әке мен

баланы қорғау құқығы жатады. Бұл ата Заңымыздың 27 бабының 1-тармағында: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала – мемлекеттің қорғауында болады» – делінген [2].

Еліміз өркениетті әлемдік қауымдастықтың белді мүшесі ретінде бала құқығын қамтамасыз етуге үлкен назар аударуда. 2002 жылғы 8 тамызда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Бала – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам ретінде анықталады» – деп көрсетілген [3].

Қарастырылып отырылған мәселені зерттеу сонымен бірге мынадай нормативті құжатқа назар аударуды қажет етеді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне істерді қараудың апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібін жетілдіру, сот төрелігіне сенім деңгейін арттыру және қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 17 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңының 215 бабының бірінші тармағына: «Кәмелетке толмаған куәгерден немесе жәбірленушіден жауап алу психолог, сонымен бірге оның заңды өкілдері немесе педагог қатысуы тиіс» делінсе, ал 488-бабының бірінші бөлігіне «Кәмелетке толмаған сезіктінің, айыпталушының қатысуымен іс жүргізу әрекетін жүргізу кезінде психологтың немесе педагогтың қатысуы міндетті. Психолог немесе педагог тергеушінің, соттың рұқсатымен кәмелетке толмаған сезікті, айыпталушыдан сұрақ қоюға, іс жүргізу жұмыстары аяқталғаннан кейін тергеу жұмыстарының хаттамасымен танысып (соттық тергеудегі яғни соттық отырыстың хаттамасында) және сонда жасалған жазулардың дұрыстығы мен толықтығының, кәмелет жасқа толмаған тұлғаның мінезін көрсететін тергеушінің, соттың қарауымен сот материалымен танысу құқылы. Осы құқықтарды тергеуші педагогқа, психологқа іс жүргізу жұмыстары алдында түсіндіреді, тергеу әрекеттерінің хаттамасында, сот отырысының хаттама-

сында белгі жасалады» – деп енгізілген [4].

Зерттеу мақсаты: педагог-психолог тұлғасының тергеу әрекеттерін жүргізудегі рөлін кәмелет жасқа толмаған тұлғаның тергеу әрекеттеріне қатысу және олардың құқықтарын іске асыру кезінде белсенділік көрсетуімен байланысты екендігін ашып көрсету.

Зерттеу міндеттері:

- тергеу әрекеттерінің түрлерін педагог-психологтың атқаратын іс-әрекеттері бойынша айқындау;
- зерттелініп отырылған мәселені қарастырған ғалымдар еңбектеріне талдау жасай отырып, педагог-психологтың іс жүргізу функциясының мазмұнын ұйымдастырушылық-консультациялық аспектіде ашып көрсету;
- тергеу әрекеттерін жүргізудегі педагог-психолог тұлғасының психологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру.

Негізгі бөлім. Педагог-психолог тұлғасының тергеу әрекеттерін жүргізудегі рөлін ашып көрсетуде жоғарыдағы аталған құжаттарды басшылыққа ала отырып, алдымен тергеу әрекеті, оның түрлеріне назар аударылды. Қарастырылып отырылған мәселе пәнаралық сипатқа ие, өйткені бұл үрдіске екі саланың да мамандары (тергеуші және педагог-психолог) қатысады.

Сондықтан заңгерлік іс-әрекеттің психологиялық ерекшеліктерін зерттеген ресейлік ғалымдарды (Ю.В. Чуфаровский [5], В.Л. Васильев, М.И. Еникеев және т.б.) және отандық ғалымдардың ішінде, М.С. Бейбітов, К.Д. Шакишев, Н.А. Ходжаева [6], Қ. Уәлиев, Г.С. Мауленов және т.б. ерекше атауға болады. Сонымен бірге Б.Ф. Ломов, Л.И. Анцыферов, А.В. Карпов және т.б. ғалымдар тергеушінің кәсіби іс-әрекетіне қажетті кәсіби маңызды сапалар мәселесін зерттеген. Кәсіби іс-әрекетке психологиялық талдау жасау қағидалары мен әдістері мәселесіне белгілі психологтар (Л.С. Выготский [7], А.Б. Петровский [8] және т.б.) еңбектері арналған. Тергеу әрекеттерін жүргізудегі тергеуші тұлғасының психологиялық ерекшеліктері,

психологиялық амалдар мен әдістер мәселесін З.А.Балтыкова [9], К.Р.Болатханова [10] және т.б. арнайы қарастырған.

Соңғы жылдары қазақстандағы білім беру аумағындағы психологиялық қызметтің қалыптасуы мен дамуында Э.Д. Абишева, Н.С. Ахтаева, З.М. Балғымбаева, Г.А. Дусманбетов, Р.Т. Мендалиева, Х.Т. Шерьязданова, А.Р.Ерментаева және т.б. ғалымдар зерттеулерінің өзіндік мәні бар.

Ғалымдар өз еңбектерінде білім беру жүйесіндегі, соның ішінде, мектеп психологының іс-әрекет түрлерін бөліп көрсетеді: ұйымдастырушылық-психологиялық, психологиялық-фасилитациялық, дамытушылық, психогиялық-профилактикалық, психологиялық-диагностикалық және психологиялық-түзетушілік [11].

Педагог-психолог өзінің кәсіби іс-әрекетінде мынадай негізгі жұмыстардың түрлерін атқарады: психологиялық профилактика, психологиялық диагностика, психологиялық коррекция, психологиялық кеңес беру. Жоғарыдағы аталған ғалымдар зерттеулерінде педагог-психологтардың тергеу жұмыстарына қатысуы, ондағы атқаратын іс-әрекеттер түрлері сан алуан тұрғыдан сипатталады.

Соның ішінде, қылмыстық кудалау органдарының материалдар мен қылмыстық істер бойынша қызметі әртүрлі іс жүргізу әрекеттерінен құралады, оларды шешілетін міндеттерге байланысты екі топқа бөлуге болады: тергеу әрекеттері (ең алдымен дәлелдемелерді жинауға бағытталған); материалдар мен қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиісті рәсімін, сондай-ақ қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі құрал болып табылатын өзге де іс жүргізу әрекеттері (күдіктіні оны күдікті деп тану туралы қаулымен таныстыру, жәбірленушіге, куәға құқықтарды түсіндіру және т. б.) [12].

Осылай бөліп көрсетілген бірінші топтағы түсініктемеге сәйкес, тергеу әрекетін – оқиғамен қалдырылған іздерден қажетті ақпаратты алу және оны кейіннен қылмыстық іс бойынша дәлелдеуде пайда-

лану үшін қорғау (консервациялау) тәсілі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

А.Я. Гинзбург, Р.С. Белкин жүргізген зерттеулерінде жасы кәмелетке толмағандардан жауап алудағы педагог (ұстаз) немесе психологтің қатысуларына назар аударып, олардың белсенді рөлінің қажеттілігі жөнінде ерекше атап көрсетеді, сондай-ақ олар тергеу әрекеттерінің өндірісінде көбінесе статисттердің (сөз алып сөйлемейтін қатысушы ретіндегі) рөлін ойнайды деп жазады [13].

Т.Д. Телегина өзінің ғылыми еңбегінде тергеу әрекеттері тәжірибесіне талдау жасалаған зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, педагогтың (ұстаздың) іс жүргізу әрекеттері оның тек тергеу әрекетінің өндірісіне қатысуы туралы жазу жағдайында толтырылған хаттаманың болуымен шектеледі деп тұжырымдайды. Ол осы жағдайларды есепке алып, педагогтың тергеу әрекеттерінде арнайы білімдерін қолданбайтынын, іс жүргізу кепілдігінің орындалу мақсаттарымен жасы толмағандардан жауап алуда физикалық қатысумен шектелетінін ерекше атап көрсетеді [14].

Сондай-ақ, тергеу әрекеттерінің іс жүргізу нысанын, соның ішінде ақпараттар алудың нақты тәсілдерінің мазмұнын, тергеу әрекеттеріне қатысуға тартылатын адамдардың тобын, олардың мәжбүрлеу сипатын ашып көрсетеді. Тергеу әрекеттерінің институтын құрайтын осы элементтер зерттеу контекстісі тұрғысынан аса маңызды болып табылады, өйткені ол педагог (психолог) қызметіне тікелей қатысты.

Сондықтан тергеу әрекеттеріне қатысуға тартылған педагог-психологтың іс жүргізу қызметінің мазмұнын айқындауда мынадай мәселелерді алдын ала шешіп алу қажет:

- біріншіден, педагог-психологтың тергеу әрекеттерін жүргізу аясын және нақты міндеттерін анықтау;
- екіншіден, адвокат - қорғаушы және адвокат-өкілдің міндеттерімен орындалатын міндеттердің арақатынасын ашып алу;
- үшіншіден, тергеуші тергеу әрекетіне қатысатын педагог немесе психологты қандай ұйымдардан шақыра алатынын нақтылау;

– төртіншіден, педагог-психологтың тергеу-әрекеттеріне қатысушының қаншалықты тиімді екенін, яғни ең маңыздысы нәтиже процеске қатысушы өндіріске қол жеткізу үшін тартылған мақсатқа сәйкес келетінін анықтау.

Сонымен, педагог (психолог) кәметке толмағандардың қатысуымен тергеу-әрекеттерін жүргізу кезінде осы функцияларды іске асыра отырып, кәметке толмаған күдіктілердің, айыпталушылардың, жәбірленушілердің, куәлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға көмектеседі және ықпал ете алады.

Осылайша, қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізу кезінде педагогтың (психологтың) негізгі міндеттері кәметке толмаған балаға оның психологиялық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған психологиялық көмек көрсету болып табылады. Бұл міндет кәметке толмағандардың дамуына және психикасына зиян келтірмеуге бағытталған психологиялық сүйемелдеу функциясының құрамдас бөлігі болып табылады.

Сондықтан, тергеу-әрекеттеріне қатысатын педагог-психологтың іс жүргізу функцияларының мазмұнын негізге ала отырып, ұйымдастырушылық-консультациялық аспектіде психологиялық-педагогикалық білім деңгейлерін сипаттауға болады:

– тергеу-әрекеті барысында өз жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін тергеу-әрекеті рәсімінің мақсаты, мәні және ерекшеліктері туралы білімі;

– кәметке толмағандармен іс жүргізу мәртебесі (жасөспірімнің мінез-құлық желісін таңдауына әртүрлі әсер етеді) туралы білуі;

– кәметке толмағандардың, оның заңды өкілдерінің және лауазымды тұлғалардың өзара қарым-қатынасының қалыптасқан тактикалық-психологиялық жағдайы жөніндегі ақпараттармен хабардарлығы;

– педагог-психологтың еш күмәнсіз конфронтацияға немесе ынтымақтастыққа бейімділігі, кәметке толмағандардың жеке дара ерекшеліктері туралы, сондай-ақ тергеушінің (немесе судьяның) тұлғалық

ерекшеліктері және оның қалыптасқан ырықтандырылған немесе директивті қарым-қатынас әдістері туралы түсініктерінің болуы тиіс.

Тергеу-әрекетін жүргізу барысында педагог-психологтың міндеті тергеушінің рұқсатымен немесе оның өтініші бойынша кәметке толмаған балаға қойылған мәселелердің мәнін түсіндіруді қамтиды. Тергеушінің сұрағын түсінуде қиындық байқаған педагог-психолог тергеушінің рұқсатымен (немесе оның өтініші бойынша) осы мәселені түзетуге, сонымен қатар, педагог-психолог тергеушінің рұқсатымен кәметке толмаған балаға сұрақтар қоюға құқылы. Бұл ретте педагог-психолог кәметке толмаған балаға тергеу-әрекетін жүргізудің жекелеген кезеңдері бойынша сұрақтар қоюға мүмкіндік беру туралы сұрай алады.

Сондықтан педагог-психологтың жүзеге асыратын функцияларын ескере отырып, тергеушінің мәселелерді дұрыс тұжырымдамауына, оларға жетекші мәселелерді қоюға, негізсіз мәжбүрлеу тәсілдеріне қарсы болуы тиіс. Ол үшін тергеу-әрекетін жүргізетін лауазымды адамның қандай да бір мән-жайларды және жалпы қауіп төндіретін ықпалын растау талаптары, педагог-психолог тергеушіден осы қарсылықтарды тергеу-әрекетінің хаттамасына енгізуді талап етуге құқылы болып табылады. Тергеу-әрекеті аяқталғаннан кейін педагог-психолог тергеу-әрекетінің хаттамасымен танысып, онда жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы өз ескертулерін, сондай-ақ оның пікірінше, тергеу-әрекетін жүргізу кезінде құқық қолданушының дұрыс емес әрекеттерін көрсетуге де құқылы болып саналады.

Демек, жоғары деңгейдегі кәсіби білім, біліктілігі педагог-психологқа тергеушіні, заңды өкілді және қорғаушыны кәметке толмағандардың психикалық жағдайы туралы хабардар етуге, жағдайдың шиеленісуіне байланысты тергеу-әрекетін тоқтата тұру немесе ауыстыру туралы өтініш білдіруіне мүмкіндік туғызады.

Сондықтан болашақ педагог-психолог ретінде студенттердеқұқық сақтау саласындағы практикалық жұмыстардың түрлі формаларына қатысуға қабілетті кәсіби психологтың дағдыларын (психопрофилактика мен түзету, сараптау процедуралары және т.б.) қалыптастыру қажет. Бұл кәсіби даярлау үрдісінде теориялық біліммен бірге практикалық іс-әрекеттің маңыздылығымен, кәсіби дағдыларын қалыптастыруға негіз болатын тұлғалық сапалармен тығыз байланысты.

Психология ғылымы тұрғысынан, кез келген жеке адамның құрлымына назар аударсақ, ол биологиялық (жасы, жынысы, темпераменті, дене бітімі, физиологиясы), психологиялық (зейіні, танымдық әрекеттері, қабілеті, мінезі, еркі, сезімі), әлеуметтік (қоғамдағы орны, қарым-қатынасы) және бағыттылығынан (ниеттері, тілектері, ұмтылыстары, құндылықтары) тұратыны белгілі. Сондай-ақ, жеке тұлға психологиялық дамудың белгілі бір деңгейіне ие (темперамент, мінез-құлық, қабілеттілік, ақыл-ой дамуының деңгейі, қажеттіліктер, мақсат-мүдделер).

Темперамент пен мінез кез келген адамның тұлғалық ерекшеліктерін айқындайтын маңызды құрылымдық компоненттердің бірі екендігін де ескеру қажет. Мінез адамның тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы, оның басты белгісі тіршілік иесінің қимыл-қозғалысының түрлі деңгейдегі көріністері. Демек, мінез даралықтың негізгі құраушы бөлігі, оның құрылымы сыртқы орта мен тәжірибе әрекеті процесінде қалыптасады. Адамның мінез-құлқын бейнелейтін индивидуалды тұлғалық ерекшеліктердің ішінде темперамент ерекше орын алады. Темперамент адамның қарым-қатынас жасау барысындағы сыртқы ортаға, айналадағы жағдайға психикалық реакциясының сипатын көрсетеді. Осыған байланысты адамның темпераментіне, жүйке жүйесінің негізгі динамикалық қасиетіне байланысты оның қандай іс-әрекетке қабілетті екендігін көруге болады.

В.Н.Князев тұлға құрылымы бір мезет-

те екі принципке негізделген бір-бірімен тығыз байланысты әлеуметтік қасиеттердің жиынтығынан құралған деп тұжырымдайды. Оның пікірінше, біріншісі тұлғаның жалпы және ең қиын әлеуметтік қасиеттері өзіне аса қарапайым жеке сапа-қасиеттерді жинайды. Екінші принцип бойынша сапа-қасиеттердің байланысы әрқайсының бір-бірінен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл адамдардың еңбек ортасындағы күйін көрсетеді (яғни олардың жұмыс мақсаты бір, ал әр адам өз тарапынан жұмысты бітіруге өз мүддесін ұсына алады) [15].

Осы орайда педагог-психолог тұлғасының психологиялық ерекшеліктерінің ішінде зейін, ес, ойлауға ерекше мән беру қажет. Зейін адам санасының қоршаған ортадағы белгілі бір құбылыстарға (немесе заттарға) белсенді бағытталуы болса, ал ес тұлғаның жеке дара дамуы үшін маңызды психикалық процестің біріне саналады. Ойлау да таным процестері ішінде объективті шындықты адам санасында бейнелейтін жоғарғы және күрделі процесс болып табылады. Сондықтан осы үшеуі педагог-психологтың алға қойған мақсатының іске асуына, әрбір әрекеттің мақсатқа жетуіне, қажеттілігін сезінуіне мүмкіндік жасауда маңызды.

Сонымен психологиялық қызмет көрсетудегі педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің мәселелері қараастырылған ғылыми әдебиеттерді талдай отырып, қандай да болмасын білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметтер ғылыми, қолданбалы және практикалық, ұйымдастырушылық аспектілердің бірлігінде қарастырылуы қажет деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Бұл мақаланы жазу барысындағы айқындалған зерттеу міндеттеріне сәйкес жүргізілген жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне жасалған талдаулар, педагог-психологтың іс жүргізу функциясының мазмұнының ұйымдастырушылық-консультациялық аспектіде ашып көрсетілуі тергеу әрекеттерін жүргізудегі педагог-психолог тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Тергеу әрекеті сипаттамасы танымдық

пен көз жеткізу операцияларының кешені ретінде оның танымдық жағының мәнін ашады. Тергеушінің кәсіби маңызды сапаларына стресске тұрақтылық, шыдамдылық, кәсібилік, еңбексүйгіштік, коммуникативтілік жатқызылса, ал педагог-психологтың бойында байқампаздық, рефлексия, эмпатия, коммуникативтілік, жауапкершілік, ізгілік секілді кәсіби сапалар болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан, 2012 жыл // www.akorda.kz.
- [2] Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 1995.
- [3] Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы //2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Қазақстан Республикасының Заңы // adilet.zan.kz/kaz
- [4] Кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарды құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы //Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 4 ақпандағы № 266 Жарлығы // adilet.zan.kz/kaz
- [5] Чуфаровский Ю.В. Юридическая психология. – М.: Проспект, 2015. – 480 с.
- [6] Қазақстан Республикасында балалардың қатысуымен қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізу ерекшеліктері: халықаралық стандарттар және ұлттық тәжірибе: Тәжірибелік оқу құралы /Жауапты редактор М.С. Бейбітов– Астана, 2014. – 168 б.
- [7] Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1991. – 480 с.
- [8] Петровский А.Б. Теория принятия решений: Учебник для студ. высш. учебных заведений. – М.: Академия, 2009. – 400 с.
- [9] Балтыкова З.А. Психологические основы допроса несовершеннолетних свидетелей и потерпевших // Вестник СГЮА. – 2014. – №5 (100). – С. 87-91.
- [10] Болатханова К.Р. Актуальные проблемы когнитивной психологии при проведении допроса //European Science. – 2016. – №12 (22). – С.62-67.
- [11] Балгимбаева З.М., Ахтаева Н.С. Психологическая служба в школе: Учебно-методическое пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 76 с.
- [12] Шкаплеров Ю.П., Данько И.В. Следственные действия: пособие. – Могилев: Могилевский институт МВД, 2017. – 106с .
- [13] Гинзбург А.Я. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике: Учебно-практическое пособие /Под ред. Р.С. Белкина. – Москва, 1996. – 122 с.
- [14] Телегина Т.Д. Использование специальных знаний в современной практике расследования преступлений: Автореферат. – Москва, 2008. – 24с.
- [15] Чередниченко И. П., Тельных Н. В. Психология управления /Серия «Учебники для высшей школы». – Ростов-на-Дону: Феникс, 2004. – 608 с.

References

- [1] Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.A.Nazarbaevtyн «Kazakstan-2050» stpategiyasy kalyptaskan memleketin zhana sayasi bagyty» atty Kazakstan halkyna Zholdaуy. 14 zheltoksan, 2012 zhy1 // www.akorda.kz.
- [2] Kazakstan Respublikasynyn Konstituziyasy. – Astana, 1995.
- [3] Kazakstan Respublikasyndagy balanyn kukuktapy turaly //2002 zhylygy 8 tamyzdagy №345 Kazakstan Respublikasynyn Zany // adilet.zan.kz/kaz
- [4] Kameletke tolmagandardyn isteri zhonindegi mamandandyrylgan audanaralyk sottardy kuru zhane Kazakstan Respublikasy Prezidentinin kejbir zharlyktaryna ozgerister engizu turaly //Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2012 zhylygy 4 akpandagy №266 Zharlygy // adilet.zan.kz/kaz

- [5] Chufarovskij Yu.V. Yuridicheskaya psihologiya. – M: Prospekt, 2015. – 480 s.
- [6] Kazakstan Respublikasynda balalardyn katysuymen kylmystyk zhane azamattyk sot isin zhurgizu erekshelikteri: halykaralyk standarttar zhane ulttyk tazhiribe: Tazhiribelik oku kuraly /Zhaupty redaktor M.S. Bejbitov– Astana, 2014. – 168 b.
- [7] Vygotskij L.S. Pedagogicheskaya psihologiya. – M.: Pedagogika, 1991. – 480 s.
- [8] Petrovskij A.B. Teoriya prinyatiya reshenij: Uchebnik dlya stud. vyssh. uchebnyh zavedenij. – M.: Akademiya, 2009. – 400 s.
- [9] Baltykova Z.A. Psihologicheskie osnovy doprosa nesovershennoletnih svidetelej i poterpevshih //Vestnik SGYUA. – 2014. – №5 (100). – S. 87-91.
- [10] Bolathanova K.R. Aktual'nye problemy kognitivnoj psihologii pri provedenii doprosa //European Science. – 2016. – №12 (22). – S.62-67.
- [11] Balgimbaeva Z.M., Ahtaeva N.S. Psihologicheskaya sluzhba v shkole: Uchebno-metodicheskoe posobie. – Almaty: Kazak universiteti, 2005. – 76 s.
- [12] Shkaplerov YU.P., Dan'ko I.V. Sledstvennye dejstviya: posobie. – Mogilev: Mogilevskij nstitut MVD, 2017. – 106s .
- [13] Ginzburg A.YA. Opoznanie v sledstvennoj, operativno-rozysknoj i ekspertnoj praktike: Uchebno-prakticheskoe posobie /Pod red. R.S. Belkina. – Moskva, 1996. – 122 s.
- [14] Telegina T.D. Ispol'zovanie special'nyh znaniy v sovremennoj praktike rassledovaniya prestuplenij: Avtoreferat. – Moskva, 2008. – 24s.
- [15] CHerednichenko I. P., Tel'nyh N. V. Psihologiya upravleniya /Seriya «Uchebniki dlya vysshej shkoly». – Rostov-na-Donu: Feniks, 2004. – 608 s.

Роль личности педагога-психолога при следственных действиях

Л.Е. Койшигулова¹, Е.М.Куандыков¹

*¹Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова
(Атырау, Казахстан)*

Аннотация

В данной статье рассматривается роль личности педагога-психолога при следственных действиях. Необходимо отметить, что следственные действия различны по своему содержанию, например: допрос, эксперимент, обыск, опознание, осмотр и прочие. В этих следственных действиях, роль педагога-психолога носит неоднозначный и комплексный характер. При допросе, педагог-психолог, своим присутствием помогает в первую очередь ребенку, чтобы он мог спокойно и правдиво отвечать на поставленные вопросы без страха и непонимания, также помогает и следователю, особенно в случаях правильной постановки вопросов. Однако, представляется, что даже будучи вызванным для участия в следственном действии по инициативе следователя и помогая ему в установлении психологического контакта с несовершеннолетним, педагог-психолог проявляет, прежде всего, заботу об интересах подростков, а не об интересах следствия. Следовательно, во время учебы в вузе студентам, как будущим педагогам-психологам, необходимо освоить знания по следующим предметам, ювенальная педагогика, ювенальная психология и другие. Также во время прохождения практики важно суметь использовать полученные, по вышеназванным предметам, знания.

Ключевые слова: личность педагога-психолога; личностные качества; профессиональное качество; следственные действия; психологическая поддержка.

Role of personality of a teacher-psychologist during investigative actions

L.E. Koishigulova¹, E.M.Kuandykov¹

¹*Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov
(Atyrau, Kazakhstan)*

Abstract

This article discusses the role of the personality of the teacher-psychologist in investigative actions. It should be noted that the investigative actions are different in content, for example: interrogation, experiment, search, identification, examination and others. In these investigative actions, the role of the teacher-psychologist is ambiguous and complex. During interrogation, the teacher-psychologist, with his presence, helps the child in the first place, so that he can calmly and truthfully answer the questions posed without fear and misunderstanding, and also helps the investigator, especially in cases where the questions are asked correctly. However, it seems that even when called to participate in the investigative action on the initiative of the investigator and helping him to establish psychological contact with the minor, the educational psychologist primarily shows concern for the interests of adolescents and not for the interests of the investigation. Consequently, while studying at a university, students, as future pedagogues-psychologists, need to master knowledge in the following subjects, juvenile pedagogy, juvenile psychology, etc. Also, during practical training, it is important to be able to use the knowledge gained in the above subjects.

Key words: the personality of the teacher-psychologist; personal qualities; professional quality; investigative actions; psychological support.

Редакцияға 27.12.2019 қабылданды.

Білім беру саласындағы инновациялар Инновации в образовании Innovations in education

МРНТИ 14.35.07

С.Б.БЕГАЛИЕВА

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан), sbegalieva@mail.ru <https://doi.org/10.51889/2020-2.2077-6861.07>*

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Ақпараттандыру заманауи қоғамның даму кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл үдеріс адамның тіршілік әрекетінің барлық салаларындағы білімнің рөлінің ұлғаюымен және жасанды интеллект пен коммуникация құралдарының маңыздылығының артуымен сиаапатталады. Ақпараттандырудың басты бағыттарының бірі – білім беру саласын заманауи ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына арналған прогрессивті ақпараттық технологияларды пайдалануға бағдарланған жаңа теориялармен және тәжірибелермен толықтыру болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) ақпараттандыру нысаны болып есептеледі. Екінші жағынан, қазіргі уақытта оқыту құралдары ретінде білім беру үдерісіне белсенді түрде енгізіліп жатқан да солар. Ақпараттандырудың сәтті жүзеге асуы көп жағдайда оқу орындарының кадрлық және материалдық әлеуетімен, сондай-ақ педагогтардың дайындық дәрежесімен айқындалады. АКТ-ны тәжірибе жүзінде енгізу үдерісі ретсіздік сипатқа ие, алайда, оған тән заңдылық та бар, бүгінде бүкіл әлемнің зерттеушілері соны анықтаумен және зерттеумен айналысып жатыр.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; инклюзивті білім беру; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар.

Ақпараттық технологиялар (АТ) эволюция дамуының әрбір кезеңіне тән. Шын мәнінде, олар адамзатқа оның пайда болған сәтінен бастап ілесіп келеді [1, С.14]. Олардың заманауи кезеңдегі айқын сипаты – оқу үдерісін материалдық қамтамасыз ету саласымен салыстырғанда, білім көзі ретінде ақпараттық ресурстарға салынып отырған инвестициялардың жоғарылығы. «Ақпараттық технологияларға» толығырақ анықтама I.V. Robert еңбегінде келтірілген. Американдық ғалым және философ АТ-ны мемлекеттегі әлеуметтік, саяси, экономикалық және техникалық үдерістерді тиімді басқару үшін ақпараттарды

табу, жинау, жүйелендіру және өңдеу шараларының жиынтығы деп есептейді [2, С.52]. Кез-келген басқа технологиялар сияқты, ақпараттық технологияның да мақсатын, құралдары мен міндеттерін белгілеу қажет етіледі.

АТ-ның мақсаты ақпараттық өнімді қолданушылардың қажеттіліктеріне сай сапалы және тиімді пайдалану болып табылады.

Ақпараттық технология мәліметтерді өңдеудің стандартты әдістерін қарастырады. АТ техникалық, математикалық, статистикалық, логикалық, мультипликациялық және т.б. құралдарды пайдаланады [3].

Осылайша, ақпараттық технологияны 2 қырынан қарастыруға болады:

- ақпаратты жинау және өңдеу құралы ретінде;
- ақпаратты жинау және өңдеу үдерісін сипаттау үлгісі ретінде.

Соңғы уақытта есептеу техникасы мен байланыс саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктердің маңыздылығын атап көрсету үшін «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (қысқаша: АКТ) термині жиі қолданылады.

Дәстүрлі ақпарат құралдары есептеу техникасы мен байланыс саласындағы жаа жетістіктермен үнемі жетілдіріліп, толықтырылып отырады. Нәтижесінде біз заманауи ақпараттық қызметтерді пайдаланамыз. Шын мәнінде, АКТ біліктілігі жоқ қолданушының жаңа есептеу ортасына қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Зерттеушілер АКТ-ның ЭЕМ негізінде тұрғызылатынын және жеке тұлғаларға ақпаратты әртүрлі тәсілдермен беру және өңдеу қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді. Мысал ретінде олар электронды кітапхананы, поштаны, білімдер базасын, бейнеконференцияларды келтіреді. АКТ-лардың арасында жетекші рөл компьютерге беріледі [4].

Зерттеушілердің көпшілігі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – бұл адамдардың өздеріне дұрыс шешім қабылдау үшін керек болатын жаңа білімдерді игеру үшін қажетті ақпараттық ресурстарды алу, өңдеу, сақтау мен берудің техникалық құралдары деген ортақ пікірде.

Шетелдік еңбектерде АКТ-ның орнына кейде «жаңа ақпараттық техника» терминін кездестіруге болады. Ол сондай-ақ оқыту үдерісіне де жатады, бірақ онда негізгі екпін оны қамтамасыз етудің техникалық құралдарына беріледі.

Жоғарыда келтірілген ұстанымдарды жинақтап талдай отырып, біз АКТ оны ендірудің техникалық құралдарынан ажыратылмайды деген қорытындыға келдік. Бұл ұғымды тек өндірістік салада ғана емес, білім беруде де қолдануға болады.

Айта кетейік, оқыту технологиялары әрдайым ақпараттық болған, себебі ол ақпараттық ресурстарды жүйелендіру, сақтау және берумен байланысты.

Көрнекілік үшін оқыту технологиясының даму кезеңділігін белгілеуге болады:

- ауызекі және жазба тіл кезеңі;
- бейнелерді суреттерге өткізу жолымен қоршаған әлемді үлгілеу кезеңі;
- компьютерлік оқыту кезеңі және т.б.

Негізгі бөлім. АКТ-ны заманауи техникалық құралдардан тұратын білім берудің сапалы жаңа кезеңі ретінде сипаттауға болады. Негізінен, ақпаратты жинау, жүйелендіру, сақтау мен беру жаңа әдістер болып отыр. Қазіргі уақытта мұғалім алған ақпаратын компьютерде өңдейді, ал оқушыларға мәліметті коммуникациялар жолымен береді.

Оқу үдерісінің әдістемесінен айырмашылығы, оқыту технологиясына үйренушіліктің ең төменгі деңгейі тән. Бұл ретте оны экономикалық негіздеу жүргізіледі, яғни оқытушының жұмсаған уақыты мен әлеуеті және қаржылық шығындарына талдау жасалады.

Компьютерлік технологиялар базасындағы ақпараттық-білім беру ортасына осы ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану механизмін құру тән. Оны шешу үшін төмендегі міндеттерді шешу қажет:

- әр оқушының өз бетінше ұтымды білім алуын ұйымдастыру;
- ақпараттық-білім беру ортасының әрбір қолданушысына жеке-дара қолдау көрсетуге уақыт бөлу;
- білім алушылардың бірлесе жұмыс істеуіне жағдай жасау [3, С.125].

вая певческий процесс, она проявляется как природный источник творческой активности. Соматическая активность музыканта, бесспорно, связана с бессознательными процессами, как интуиция, в чем и проявляется креативность.

2. **Психическая активность** управляемая подсознательными процессами и тесно связанная с соматической активностью. В психологии нередко понятие «активность» применяется для обозначения следующих явлений:

- конкретной деятельности индивида;
- готовности к деятельности;
- состояния, противоположного пассивности;
- высокого уровня бодрствования;
- инициативности, то есть действия, основанного на внутренних импульсах.

К особенностям психической активности следует относить динамичность, мобильность, энергичность, а также легкость ее пробуждения, напряженность, длительность сохранения, интенсивность. Все это подтверждает идею о генетической взаимосвязи активности с направленностью и креативностью.

3. Следует также выделить **интеллектуальную активность**, составляющие которой являются такие свойства как:

- *репродуктивность* – (пассивность, инертность), когда личность владеет одними и теми же освоенными способами действия и не изменно их применяет;
- *эвристичность* – готовность искать новые способы решения;
- *креативность* – проявление инициативы, в стремлении находить ассоциативные связи.

Интеллектуальная активность, осознанная через интеллектуальную инициативу, характеризует направленность, поступательность мышления и противопоставляется личностным факторам как воля, внешняя мотивация и др. Интеллектуальная активность не только не сводится к волевому умственному напряжению, но и не коррелирует

с ним в какой-либо степени. Результативность познавательного процесса не зависит непосредственно от уровня интеллектуальной активности. Эффективность и результативность процесса (быстрота и легкость решения, его форма, логическая завершенность и т.д.) зависят от способностей и уровня обученности, в частности, от сформированности интеллектуальной активности. И наоборот – последняя определяет динамику познавательной деятельности, а не ее успешность.

4. Особая значимость в образовательном процессе придается **креативной активности**, как свойству личности, проявляющееся в деятельности и общении – оригинальность, созидательность, новизна, устойчивое свойство личности, при помощи которого человек способен что-либо преобразовывать.

Впервые термин «*креативная активность*» был предложен исследователем Д.Б.Богоявленской, «как определенная психическая структура, присущая креативному типу личности». В анализе касательно творчества, ею был обоснован характер феномена, как «ситуативно нестимулированная активность, проявляющаяся в стремлении выйти за пределы заданной проблемы».

Между тем, А.В. Хуторской развивая мысль о предназначении креативной активности, выдвигает свои положения, определяя как «...комплексные возможности обучающихся в совершении деятельности и действий, направленных на созидание им новых образовательных продуктов» [18, С.32]. В исследованиях В.С. Безруковой творческая активность трактуется как свойство личности, проявляющееся в деятельности и общении, как оригинальность, созидательность, новизна» [4, С.340]. Иная точка зрения выдвигается А.И. Савенковой, которая считает, что не всякая деятельность есть креативность, но всякое творчество есть деятельность. Креативность всегда индивидуальна, своеобразна и шире понятия «*деятельность*». Креативность реализуется и осуществляется посредством деятельности, а сама деятельность является компонентом креативности» [15, С.220]. И

наконец, М.А. Бондарь определяет креативную активность как «свойство личности или же сложное интегративное образование личности», которая «предполагает взаимодействие субъекта и объекта для приобретения адекватной информации об объекте и выработку эмоционально-оценочного отношения к процессу и результату творческой деятельности» [6, С.167]. По мнению Б.М. Бекмухамедова в формировании творческой (креативной) активности студентов, в процессе их профессиональной подготовки важную роль играет два момента:

- 1) содержание изучаемого материала;
- 2) процесс учебной деятельности, в ходе которой обнаруживается познавательный интерес к тому и другому [5, С.90].

Из вышеизложенного следует, что понятие «креативная активность» необходимо понимать как процесс по созданию чего-либо качественного нового и для более глубокого понимания его стоит обратиться к этапам творческого процесса предложенный английским ученым-педагогом Грэхэмом Уолласом, который выделяет четыре фазы:

- подготовительная;
- созревание идеи;
- озарение;
- проверка.

Раскрывая сущность творческого процесса Р.Р. Джердималиевой характеризуется как художественное явление с диалектическим взаимодействием двух различных моментов: с одной стороны, создание музыкального произведения как индивидуальный процесс, обусловленный спецификой творческой работы, а с другой, психология художественного творчества, подчиняя действию объективные факторы, отражает деятельность художника, который находит свое выражение в закономерной стадийности творческого акта [8, С.6].

Практика показывает, что вокальное обучение бакалавров музыкально-педагогического образования в контексте креативности непосредственно формируется на теоретико-методологической основе в практико-

ориентированном направлении, где происходит развитие их отношения к творчеству, в частности к вокальному исполнению, приобретению собственного стиля и интерпретационного мышления, совершенствования личностных приоритетных музыкальных качеств. Студенты впервые демонстрируя свои исполнительские достижения, где выбор музыкальных композиций осуществляется на основе сложившегося мировоззрения и музыкальных предпочтений, проявляют креативные настроения и собственные взгляды.

Впервые в области вокальной педагогики у исследователя Р.Юссона появляется понятие «**певческая креативность**», которое трактуется «как цельно выраженный в «вокальной телесности» содержания певческого «Я» лик студента как потенциального субъекта творчества» [19, С.262]. И.Ю. Алиев в своей диссертационной работе выдвигает полное обоснование, разрабатывая методологию об осмыслении содержания индивидуального певческого «Я», являющаяся художественным потенциалом певческой креативности студента и творческой организацией адекватной системы музыкально-педагогического процесса. По мнению ученого, познание объективно значимых основ профессионального становления проходит в процессе выявления, развития и цельного проявления его художественно-творческого потенциала. *«Невозможно развивать ничему не уча, равно как и творчески бессмысленно обучать не развивая. В пении мало знать; необходимо, прежде всего, уметь – эти старые и весьма «расхожие» художественно-педагогические аксиомы справедливо было бы ввести в ранг методологических оснований теории, методики и практики творческой организации системы вокального обучения»* [1, С.307].

Анализ исследовательских работ показывает, что в процессе вокального обучения педагог должен не только погружать профессионально-значимую информацию, но и в творческой организации учебного процесса создавать систему музыкально-педагогических условий выявления, развития «певческой креативности» студента. В

содержании индивидуального певческого «Я» студента И.Ю. Алиев подразумевает процесс исполнительского интонирования, через овладение вокального звучания, посредством навыков вокально-технического и художественного исполнения. Изменения, связанные с динамикой постепенного певческого развития студента он характеризует как «профессионально-оформляющими» изменениями первого уровня. Следовательно, автор выдвигает и изменения второго уровня, где основанием считает «тождественно-различное единство вокально-телесного и художественно-энергетического начал. Всё это достигает гармонии объединения в профессиональном умении, позволяющем студенту оформлять цельность образно-смыслового контекста существа музыкально-интонируемой эстетической идеи в вокально-интонируемом образе исполнительской интерпретации, демонстрировать в оформлении цельности вокального образа эстетически стройное художественно-осмысленное вокально-исполнительское интонирование». Естественным образом проявляется и уровень «неизменность», в содержании певческого «Я» – «доминантно» определяя цельно выраженный субъект как талант с художе-

ственно-природным потенциалом [2, С.213].

На основе научных трудов можно констатировать о сложившейся традиции понимания креативности как способности индивидов создавать оригинальные подходы, принимать нестандартные решения, выходить за рамки обычного, с другой стороны как интегрального свойства личности, воплощающего ее творческие возможности.

Таким образом, развитие креативности бакалавров музыкального образования в аспекте вокального обучения становится наиболее актуальной, поскольку происходящие в образовательной и творческой деятельности изменения требуют такие качества, которые позволят адекватно и продуктивно подходить к любым педагогическим и музыкально-исполнительским решениям. Современная практика вокального обучения должна базироваться на инновационных методах, обеспечивающая решение задач постановки и развития креативности в музыкально-педагогической действительности, для обеспечения не только вопросов связанных с профессиональными способностями бакалавров музыки, но и с совершенствованием вокально-исполнительского мастерства.

Список использованных источников

- [1] Алиев И.Ю. Теоретико-методологические основы профессиональной деятельности педагога-вокалиста: Дис. ...д-ра пед. наук : 13.00.08. – Москва, 2003. – 307 с.
- [2] Алиев И.Ю. Основы вокальной педагогики: Монография. – Москва: Педагогика, 2001. – 213 с.
- [3] Бернштейн Н. А. Физиология движений и активности. – М.: Наука, 1990.
- [4] Безрукова В.С. Педагогика: Учебник. – Екатеринбург: СИПИ, 1994. – 340 с.
- [5] Бекмухамедов Б.М. Научно-методические основы творческого развития учителя музыки: Монография. – Алматы: Полиграфия-сервис и К, 2011. – 90 с.
- [6] Бондарь М.А. Творческая активность школьников в детской общественной организации /Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия «Гуманитарные науки», Вып.31.– 2016. – №21(242). – С.167.
- [7] Выготский Л. С. Психология искусства. – М.: Педагогика, 1987.
- [8] Джердималиева Р.Р. Музыкально-творческий процесс как область научного исследования /Педагогика и психология.– 2016. – №1(26). – С.6.
- [9] Дмитриев В.А. Яфальян А.Ф. Развитие креативной личности педагога-музыканта //Педагогическое образование в России. – 2016. – №9. – С.32.
- [10] Лосев А. Ф. Хаос и структура. – М.: Мысль, 1997.
- [11] Маслоу А.Г. Дальние пределы человеческой психики /Пер. с англ. А.М.Татлыбаевой. – СПб., 2019. – 432 с.

- [12] Мирошникова Д.В. Развитие креативности будущего учителя в процессе педагогической практики // Интернет-журнал «Мир науки». – 2018. – №2. – С.8.
- [13] Платонов К. К. О системе психологии. – М.: Мысль, 1972. – 80-81 с.
- [14] Рубинштейн С.Л. Человек и мир. Т. 2. – М.: Наука, 1997.
- [15] Савенков А.И. Детская одаренность: развитие средствами искусства. – М.: Педагогическое общество России, 2017. – 220 с.
- [16] Сыдыкова Р.Ш. Развитие креативной личности педагога музыканта: теория и практика: Монография. – Шымкент: Нұрлы Бейне, 2008. – 144 с.
- [17] Ухтомский А.А. Доминанта. – М.-Л.: Наука, 1966.
- [18] Хуторская А.В. Современная дидактика: Учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2001. – С.32.
- [19] Юссон Р. Певческий голос. Исследование основных физиологических и акустических явлений певческого голоса. Пер с фр. – М.: Музыка. 1974. – 262 с.
- [20] Яфальян А.Ф. Теория и методика музыкального воспитания в начальной школе. – Ростов н/Д.: Феникс, 2008. – 258 с.

References

- [1] Aliev I.Yu. Teoretiko-metodologicheskie osnovy professional'noj deyatel'nosti pedagoga-vokalista : Dis. ...d-ra ped. nauk : 13.00.08. – Moskva, 2003. – 307 с.
- [2] Aliev I.Yu. Osnovy vokal'noj pedagogiki: Monografiya. – Moskva: Pedagogika, 2001. – 213 s.
- [3] Bernshtejn N. A. Fiziologiya dvizhenii i aktivnosti. – М.: Nauka, 1990.
- [4] Bezrukova V.S. Pedagogika: Uchebnik. – Ekaterinburg: SIPI, 1994. – 340 s.
- [5] Bekmuhamedov B.M. Nauchno-metodicheskie osnovy tvorcheskogo razvitiya uchitelya muzyki: Monografiya. – Almaty: Poligrafiya-servis i K, 2011. – 90 s.
- [6] Bondar' M.A. Tvorcheskaya aktivnost' shkol'nikov v detskoj obshchestvennoj organizacii /Nauchnye vedomosti Belgorodskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Gumanitarnye nauki», Vyp.31– 2016. – №21 (242). – S.167.
- [7] Vygotskii L.S. Psihologiya iskusstva. – М.: Pedagogika, 1987.
- [8] Dzherdimalieva R.R. Muzykal'no-tvorcheskii process kak oblast' nauchnogo issledovaniya /Pedagogika i psihologiya.– 2016. – №1(26). – S. 6.
- [9] Dmitriev V.A. Yafal'yan A.F. Razvitie kreativnoj lichnosti pedagoga-muzykanta //Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii. – 2016. – №9. – S.32
- [10] Losev A. F. Haos i struktura. – М.: Mysl', 1997.
- [11] Maslou A.G. Dal'nie predely chelovecheskoj psihiki /Per. s angl. A.M.Tatlybaevoj. – SPb., 2019. – 432 s.
- [12] Miroshnikova D.V. Razvitie kreativnosti budushchego uchitelya v processe pedagogicheskoy praktiki // Internet-zhurnal «Mir nauki». – 2018. – №2. – S.8.
- [13] Platonov K. K. O sisteme psihologii. – М.: Mysl', 1972. – 80-81 s.
- [14] Rubinshtejn S.L. Chelovek i mir. T. 2. – М.: Nauka, 1997.
- [15] Savenkov A.I. Detskaya odarennost': razvitie sredstvami iskusstva. – М.: Pedagogicheskoe obshchestvo Rossii, 2017. – 220 s.
- [16] Sydykova R.Sh. Razvitie kreativnoj lichnosti pedagoga muzykanta: teoriya i praktika: Monografiya. – Shymkent: Nurly Bejne, 2008. – 144 s.
- [17] Uhtomskii A.A. Dominanta. – М.-Л.: Nauka, 1966.
- [18] Hutorskaya A.V. Sovremennaya didaktika: Uchebnik dlya vuzov. – SPb.: Piter, 2001. – S.32.
- [19] Yussou R. Pevcheskii golos. Issledovanie osnovnyh fiziologicheskikh i akusticheskikh yavlenii pevcheskogo golosa. Per s fr. – М.: Muzyka. 1974. – 262 с.
- [20]. Yafal'yan A.F. Teoriya i metodika muzykal'nogo vospitaniya v nachal'noj shkole. – Rostov n/D.: Feniks, 2008. – 258 s.

**Музыкалық-педагогикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту мәселесі
(вокалдық оқыту аспекті)**

Н.Т.Құлданов¹, С.Т. Балагазова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа

Бұл мақалада авторлар вокалдық оқыту үдерісінде бакалаврлардың креативтілігін дамыту мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулерге талдау жасалынған. Өткізілген жұмыс «креативтілік» және «әншілік креативтілік» феноменінің психологиялық білімдегі дамуы мен қызмет етуінің жалпы үрдістерін анықтауға мүмкіндік берді. Музыкалық-педагогикалық білім берудегі вокалдық оқытудағы қазіргі қоғам жағдайында креативтілікті дамыту проблемасының маңыздылығы және практикалық өзектілігі ғылыми тұрғыдан әзірлеу қажеттілігін талап етеді. Вокалдық оқытуд тәжірибесіндегі бакалаврлардың креативтілігін дамыту процесі шығармашылық өзгерістерді жүзеге асыру үшін қажетті механизмдерді, ұйымдастыру әдістері мен формаларын қолдана отырып, педагог пен білім алушының шығармашылық әрекеттестігіне, музыкалық өнердегі шығармашылығына негізделген.

Музыкалық-педагогикалық білім бакалаврының жеке тұлға ретіндегі креативтілігі еркіндікпен, үйлесімділікпен, мәнерлілікпен және вокалдық-орындаушылық шеберлікті меңгерудің жаңа тәсілдерін іздеуге ұмтылуымен сипатталады.

Түйін сөздер: креативтілік, музыкалық білім, тұлғаның бағыттылығы, музыкалық-педагогикалық білім, бакалавр, вокал, вокалдық оқыту, әншілік креативтілік.

**On the problem of development of creativity of bachelors of music pedagogical education
(aspect of vocal training)**

N. Kuldанov¹, S. Balagazova¹

¹Abai University (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

In this article, the authors analyzed psychological and pedagogical research on the development of creativity of bachelors in the process of vocal training. This work allowed us to determine the General trends in the development and functioning of psychological knowledge of the phenomenon of «creativity» and «singing creativity» with their manifestations expressed on the basis of various types of personal activity. The significance and practical relevance to the problem of vocal training of music and pedagogical education dictates the need for scientific development of the problem of creativity development in modern society. The process of developing the bachelor's vocal experience of creativity consists in purposeful interaction, musical art, co-creation of the teacher and the student in adequate conditions with the use of the necessary mechanisms, forms and methods of organization for the implementation of creative transformations.

Creativity as a personality quality of a bachelor of music and pedagogical education is characterized by inner freedom, harmony, expressiveness, and a desire to find new ways to master vocal and performing skills.

Key words: creativity, music education, personality orientation, music and pedagogical education, bachelor's degree, vocal training, vocal creativity.

Поступила в редакцию 19.12.2019

МРНТИ 18.31.41

Б.Т.НАЙМАНОВ¹, Б.Е.ОСПАНОВ¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы Қазақстан), baukalai@mail.ru ospaov_1954@mail.ru
<https://doi.org/10.51889/2020-2.2077-6861.14>

ГРАВИЮРА ӨНЕРІНЕ ҮЙРЕТУ

Аңдатпа

Мақалада бейнелеу өнерінің графика саласындағы гравюра жасау өнері туралы және осы өнер түрін зерттеп үйреніп, бейнелеу өнерінің осы саласының қырларын меңгеруге өздерінің шығармашылықтарын арнаған суретшілер туралы және суретшілер шығармаларындағы көркем өнерді танып-түсінуге және өнер саласына айналғандығы айтылады. Графикалық өнерді тереңірек түсініп тану үшін көрнекі-көрсетілімдік материалдар да жеткілікті. Бейнелеу өнерінің графика саласындағы гравюра жасау өнері –бейнелеу өнерінде аса маңызды орынға ие. График суретшілердің ішіндегі гравюра шеберлігінің асқаралы биігіне жету, көркем өнерді көре біліп меңгеру, дамыту және көргендерін өз шығармаларында бере білу нақ осы қарапайым ақ және қара түстердің көмегімен орындалған графикалық суреттерден басталады. Гравюра жасау өнері өнімді іс-әрекет түрлерінің бірі ретінде өзіне тән ерекшеліктерге ие болғандығы, шығармашылық әрекет етудің ерекше әдіс-тәсілі туралы жазылды.

Түйін сөздер: гравюра; графика; түпнұсқа; кескіндеме; фотомеханика; иллюстрация; натюрморт; пейзаж; ксилография; литография; линогравюра.

Графика саласындағы суретшілер гравюра жасау іс-әрекетінің өте кең және сан алуан шеңберін қамтиды, оның кескіндемеден ерекшелігі, ол күнделікті өмірде барлық жерде кездеседі. Кітаптағы иллюстрациялар, газет бетіндегі суреттемелер мен кестелер, көшедегі хабарландыру – осының бәрі график-суретшілердің туындылары. Суреттер үшін тақырыпты өмірдің өзі, тарихи кезеңдер немесе фантазиялық ойлар айтып отырады. Графикалық өнер тарихына көз салсақ, ақ және қара түстерен орындалған сурет көркемдік шығарманың түрі болып ондаған мың жылдар бұрын пайда болған. Бейнелеу өнерінің жаңа түрлері – кескіндеме, мүсін, сәулет және қолданбалы өнерлер пайда болғаннан бері сурет көмекші рөлді атқара бастады. Ал, бейнелеу өнердің қай саласында болса да жұмыс істейтін суретші, шығармашылық ойын сурет арқылы шешеді. Сондықтан, бейнеленген сурет сәндік бұйымдарда, ұлттық шығармашылық заттарда, графикалық өнер саласы бойынша адамның айналасындағы барлық бұйым-заттарда кездеседі. Бірақ суреттің графикалық бейнелеу өнері түрі ретіндегі

гравюра жасау шығармашылығы туралы айтылатын өз бетінше үлкен мағынасы бар. Графика өнері бейнелеу өнерінің басқа түрлерімен тығыз байланыста болғандықтан оны басқаларынан бөліп қарауға болмайды. Офорт, ксилография, литография және линогравюра дегендеріміздің барлығы осы графика саласына жататын гравюра техникаларында орындалады [1, Б.87].

Гравюра. Қарапайым сурет салу барысын қарап отырып соңында қандай көріністе көрінетіні бәріне белгілі. Гравюраның не екенін бәрі бірдей біле бермейді. Сонымен қатар сурет және гравюра бейнелеу өнерінің «графика» деп аталатын бөліміне жатады. «Графика» сөзі латынның «grafos» сөзінен шыққан. бұл «жазамын, сурет саламын» дегенді білдіреді. Шынында да, суретші қағазға сурет салады және көбінесе қаламмен немесе қарындашпен орындауы мүмкін. Оның үстіне, графиканың негізгі мәнерлілік құралы – бұл түстің бейнелі байлығы емес, ақ қара дақтар мен сызықтар болып табылады [2, Б.107].

График әрқашан қағаз парағының жазықтығын сезінеді. Графикада сызықтар-

дың және өрнектеу тәсілінің қайталанбас ерекшелігі туралы жиі айтатыны бекер емес. Гравюраның қарапайым орындалған суретпен көп ортақ жері бар. Ол сондай-ақ штрихпен және сызықпен жұмыс істейді, ал түс әрдайым тек көмекші рөл атқарады. Алайда гравюра мен сурет салудың басты айырмашылығы мынада: гравюра тікелей қағазға орындалмайды, ол үшін суретші алдымен кескінді қатты материалға бетіне көшіріп алып сол тақта бетінде гравюра жасайды да содан кейін одан нақты басылымды қағазға түсіріп алады.

Бірақ гравюраның мағынасы неде? Неліктен график суретшілер ағаштан, металдан немесе тастан күрделі және көп еңбекті етуді қажет ететін кескіш құралдардың көмегімен гравюра орындап, содан кейін одан қағаз бетіне басылымын алады және неге барлық жұмыс бірден қағазға жасалмайды?

Салынған сурет бір ғана көшірмеде жасалуы мүмкін. Сіз оны қайталай алмайсыз, ал қайталанған көшірме әрқашан түпнұсқадан нашар болады. Гравюрамен жағдай басқаша. Оның басты сапасы – бір орындалған тақтадан көптеген басылымды шығару мүмкіндігі болатынында. Автор әрбір түпнұсқа гравюрадан алынған басылым парақтарына өз қолтаңбасын қоя алады. Өйткені ол барлық алынған басылымды өз қолымен өңделген тақтадан басып шығарады.

Кескіндеме техникасында орындалған суретшілердің шығармашылық жұмыстарының репродукцияларын қабырғаға іліп қою әдеті кескіндеменің қымбаттығына негізделген. Арзан репродукциялар әрдайым алынып тасталуы және басқасымен ауыстырылуы мүмкін. Алайда фотомеханикалық көбейту – бұл нақты өнер туындысы емес. Репродукцияланған жұмыстардың, түсі бұрмаланып, мөлшері өзгеріп, түпнұсқаның нақтылығы жоғалғандықтан бағаланбайды деуге келмейді. Бұл жерде айтылатыны шынайы өнер туындысы суретші автордың тікелей қатысуымен орындалатындығы. Репродукция өнер туындысының нақты

бейнесін жасай алмайды – бұл оны еске түсіру ретінде ғана қызмет етеді.

Гравюра жасау – бұл ерекше өнер туындысы. Әрбір авторлық басылым ол майлы бояумен орындалған туындылар сияқты бірдей деңгейде саналатын түпнұсқа болады. График суретшісі материалдың және оны орындайтын барлық технологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, өз өнерінің тілінде сөйлейді. Онда суретшінің жаны тұрады, оның қолының жұмыс орындау барысындағы ішкі жан сезім толқуы сезіледі [3, Б.64].

Гравюраның мүмкіндіктері өте кең, оның көркем тілі бай және сан алуан. Жан-жақты, икемді гравирлеу өнері көптеген көрнекті суретшілердің назарын өзіне аударды.

Гравюраның ұлы шеберлері болған суретшілер ішінде А. Дюрер «Меланхолия», Х. Рембрандт «Доктор Фустус», Ф. Гойяны «Сон разума рождает чудовищ» айтуға болады. Орыс суретшілерінің ішінен О.А. Кипренский «Портрет Жуковського», И.И. Шишкин «Лес», В.А. Серов «Петр I» көптеген гравюралар жасаған. Ұлы украин ақыны Т.Г. Шевченко гравюраны дамыту үшін көп жұмыс жасады. Қазақстанда В. Антощенко-Оленев «Қорқыт», Е. Сидоркин «Алпамыс батыр», М. Кисамединов «Махамбет Утемисов», И. Исабаев «Абай» сияқты суретшілер гравюрамен айналысқан [4, Б.12].

Гравюра жасау сурет салуға қосымша жұмыс болады деп ойламау керек. Бұл мүлдем тәуелсіз өнер түрі. Өз жұмыстарын тек гравюраға арнаған бірқатар суретшілер бар мысалы О. Домье, А.П. Остроумова-Лебедева, В.А. Фаворский сияқты атақты суретшілердің есімдері көпшілікке танымал. Олардың жұмысында шындық толығымен және тереңдікте, барлық күрделілік пен байлықта көрінеді [5, Б.45-49].

Бұл суретшілердің барлығы гравюрада оның тиражын ғана емес, сонымен қатар экспрессивті мүмкіндіктерін де бағалады. Тұрақтылық пен нақтылық, тікелей білдірумен, лаконизммен, нақтылықтың берілуінің анықтығымен және дәлдігімен, материалдың өзіне тән шеберлігімен үйлеседі – гравюраның осы барлық белгілері

суретшілер үшін кең қызмет саласын ашты.

Қазіргі кезеңде гравюра өзінің дамуын тоқтатқан жоқ, керісінше, әдемілік пен экспрессивтіліктен кем түспейтін осы техникада көбірек жаңа туындылар пайда бола бастады. Өкінішке орай, бүгінде графикалық өнер көпшілік арасында бұрынғыдай танымал бола бермейді, өйткені барлығына дерлік қол жетімді болатын нағыз өнердің «алмастырғыштары» пайда болды. Бірақ, тіпті ең жақсы фотосурет немесе бейне нақты суретті, нағыз өнер мен рухани шығармашылықтың орнын баса алмайды. Менің ойымша осындай ойлар туралы жазу, бұл қазіргі заманғы суретшілер мен өнер танушылардың міндеті. Адамның рухани, моральдық және физикалық тұрғыдан толығымен кедейленуіне жол бермеу үшін өнердің шынайы, кемелді сұлулығын қабылдау қажеттілігі керек.

Гравюралар қазіргі кездегі өте сирек кездесетін өнер нарығында емес. Графика өнерін одан әрі дамыту іске асыру, жақсарту – біз қол жеткізуге тиіс мақсаттар.

Гравюра жасау өнері – бұл бейнелеу өнерінің өте бір кең ауқымды түрі деп айтуға болады. Гравюра жасау өнерінде шығармашылық негіздерімен орындау техникасына байланысты, жұмыс жасау барысында аса мұқият зерделеумен қатар, кітаптармен, бейнелеу өнері тарихындағы ең жақсы шығармалармен танысып, содан кейін көрген-білгені бойынша байыпты және ойлы жұмыс жасауға болады. Көптеген график суретшілер әдеби шығармаларға көркем иллюстрация жасаумен айналысқан. Кітаптағы иллюстрация бойынша жұмыс жасау кітаптың түпкі мағынасын түсінуге, оның даналығын байқауға, талдауға мүмкіндік береді. Н.А. Рубакиннің пікірінше, «жоғары өнер туындысы оқырманды өмір туралы ойлауға, адамдарға ғана емес, сонымен қатар өмірдің негізгі мәселелеріне, оның мақсатына, мағынасына, ақиқат пен жалғандыққа және басқаларға қатысты бағалау әдістерін көрсетуге мәжбүр етеді» [6, Б.392]. Әдебиет дүниетанымды, дүниені түсінуді қалыптастырады, ал өнер әлемді бейнелейді және оған деген көзқарасын

көрсетеді. Сурет арқылы адам алғашқы әсемділікті қабылдайтын әсер алады. Мысалы, ертегілер желісі бойынша орындалған жұмыстардан сурет пен мәтінді бірлікте қабылдау адамның табиғаты екенін көреміз. Сурет әдебиетті түсінуге, оны көруге, мәтінді көркейтуге, және үнсіз жазуға көмектеседі. Натюрморт, пейзаж жанрларындағы орындалған шығармалар табиғатта шынымен бар заттар мен оқиғаларды ғана емес, суретшінің ішкі әлемі мен көңіл-күйін, әсерін, көңіл-күйін, қалауы мен талғамын көрсетеді. Графика тілі арқылы суретшілер өздерінің ішкі жан дүниесін, өз дәуірінің қуаныштары мен қайғыларын, өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін, ізгіліктің, сұлулық пен өнердің жалпыға бірдей гуманистік ұстанымдарын қозғайтын алаңдатарлық сұрақтарды жеткізе алды. Философ И. Кант: «Өнер тілі жалпыға бірдей. Мұны бәрі түсінеді» [7, Б.197]. Гравюраның тарихы ежелгі дәуірден басталған. Бұл жерде ең алғашқы ағашқа бетін гравирлеу, мысқа ою-өрнек салудан басталған болған болса кейіннен күрделі техникада орындалған шығармашылық гравюралар жасау туралы әңгіме айтуға болады.

Гравюра өнері туралы алғашқы жазбалар VI ғасырда кездеседі. Графика Қытай бейнелеу өнерінің тарихында будда храмдарындағы мөрлер және түрлі-түсті маталарға арналған трафареттер түрінде болған.

Алғашқы ағаш тақта бетіндегі гравюра Германияда 1423 жылы жасалды [8, Б.3]. Францияда, Италияда және басқа елдерде ол біраз уақыттан кейін пайда болды. Өздеріңіз білетіндей, ғылымдардың дамуы гравюраның дербес өнер түрі ретінде дамуына серпін берді. Мәдениет және білім, сонымен бірге қандай да бір жетістіктерді насихаттау қажеттілігі туындады, бұл баспахана өнертабысы мен полиграфияның дамуына негіз болды.

Кітаптармен және діни мазмұндағы гравюралармен қатар, географиялық карталар, техникалық суреттер басылып шықты. Ағаш кесумен қатар мыс ою және ою салу дамыды және де бұл жерде гравюралар

қару-жарақтар мен металл ыдыстардағы ою-өрнектер түрінде, қабір тастарындағы көркемдік шрифттер түрінде қолданбалы өнер ретінде өмір сүрді. Металға гравюраның пайда болуының нақты күні жоқ, бірақ оны XV ғасырдың ортасына жатқызуға болады.

Гравюраның дамуы үшін алдымен гравюраны басып шығаруға болатын қолайлы және оңай қол жетімді материал пайда болуы керек. Тарихта гравюра пергаментте, атласта, жібекте, кенепте басылған жағдайлар кездеседі, бірақ бұл материалдардың бәрі басып шығаруға жарамсыз немесе қымбат. Тек қана қағаздың кең таралымымен гравюра өзінің технологиясының негізін тапты, әртүрлі суреттерді, арзан материалдарды оңай басып шығару мүмкіндігі пайда болды.

Гравюраның ерекше қасиеті бар, ол оны бейнелеу өнерінің барлық басқа түрлерінен ерекшелендіреді. Арнайы өңделген ағаштан, металдан немесе тас тақтадан жасалып, басылымын алғын сурет әрқашан бірнеше, көбінесе көптеген көшірмелерде болады. Жиі қойылатын сұрақтардың бірі: бұл гравюраны өзіндік ерекшелігінен айырады ма, немесе оны бейнелеу өнерінің негізгі түрлерінің қатарына қосуға мүмкіндік береді ме, сонымен қатар оның көбею деңгейіне дейін төмендете ме?

Ең алдымен, гравюра жасалған тақта бетінен алынған қағаздағы басылым – бұл гравердің бүкіл шығармашылық процесінің мақсаты екенін, гравюр тақтасында орындалған жұмыс барысы мен ондағы қолданылған материалдар кескіндемеде орындау үшін қажетті қолданылатын материалдар мен құралдармен бірдей деңгейдегі салыстырмалы рөл атқаратындығын атап өткен жөн. Гравюра өзінің пайда болған сәтінен бастап арнайы түрде өз тілінде сөйлеп, оны сурет пен кескіндемеден күрт айыратын нақты құралдарды қолдана бастады. Тіпті кейбір дәуірлерде, гравюра басқа суретшінің бейнелік композициясын көбейтетін жағдайларда да жиі кездеседі, ол жерде туындыны қайта шығарып қана қоймайды және де түс пен қылқалам қолданысынсыз сызықтарымен және нүктелерімен өзгеше тілге аударылатын сияқты. Сонымен

қатар, өнердің басқа түрлеріндегі шығарма әрдайым бір дана бола бермейді.

Репродукцияланған көркемдік форманың пайда болуы үлкен мәдени мәнге ие болды. Гравюралар дүниеге келмес бұрын, адамдарда құбылысты, кез-келген зат немесе құрылғы туралы, аймақтың ерекше көрінісі немесе табиғаты туралы хабарлаудың, ауызша сипаттаманың бұлыңғырдығына қарамастан, бәрін сөзбен сипаттаудан басқа жолы болмады. Гравюра жасау арқылы визуалды кескінді көбейтіп қолдануға мүмкіндік берді және оны көбейте алуға мүмкін болатын қасиеті осындай кескінді кеңінен таратуға мүмкіндік берді. XV ғасырдың екінші жартысында кітаптар бетінде түрлі қажетті құралдарды немесе күн жүйесінің құрылымын, белгілі өсімдіктердің ерекшеліктерін және қалалардың түрлерін суреттеумен бірге пайда болады. Нақты білім, әлем туралы түсінік адамзатқа гравюра арқылы берілді. Бұл XIX ғасырдың ортасында, фотография мен фотомеханика пайда болған кезде, осы мағынада гравюраны алмастырғанға дейін жалғасты.

Бұл құбылыстың мүмкін нақты, бірақ өте маңызды реңктері бар деп айтуға болады. XX ғасырдың басында, сурет өнерінің өзіндік жеке даралығы, суретшінің жеке қолжазбасы және стильдің ерекше сипаты өнерде ерекше бағалана бастаған кезден бастап суретшінің түпнұсқа шығармашылығын нақты көлемде қайталайтын нұсқадағы репродукцияларға құрметпен қарау дәстүрге айналды. Қоғамдық толқулар мен таптық толқулар, діни толқулар мен саяси төңкерістер кезінде насихаттау рөлін алған да гравюра болды. Жүздеген және мыңдаған парақшаларға, үндеулерге, нақышталып орындалған сурет осындай қоғамдағы болып жатқан қозғалыстардың көрсету фрагменттерінің бір түрі болды. Осы жерде Германиядағы шаруалар соғысы басталған кезден бастап немесе XVII-ші ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы дәуіріндегі гравюраларды немесе XVIII-ші ғасырдағы Ұлы Француз революциясы дәуірінің, Отан соғысы жылдарындағы орыс халық суреттерін атауға жеткілікті [9, Б.18].

Бірақ біз тек көркемдік гравюра дегенімізде, әрбір шығарманың бірнеше данада болатындығы және оны әлемнің әр түкпіріндегі адамдар бір уақытта көре алатындығы осы өнер түріне артықшылықтар қосады. Сонымен қатар бұл гравюраның бір тақтадан шыққан барлық басылымның дәлме дәл сәйкестігінен көрінеді. Гравюра – бейнелеу өнерінің ерекше түрі дейтініміз және оның басқа түрлерінен ерекшеленетін өзіндік мәнерлілік тілі, эстетикасы, мүмкіндіктері бар. Гравюраның өзіндік ерекшелігі оның технологиялық жағынан көрініп тұрады [10, Б.1].

Гравюрада көптеген технология түрлері кездеседі. Олар белгілі бір дәуірлерде туады, көбінесе бірнеше ондаған жылдардан қайта құрылып, басқа сипатта болады. Барлық уақыттағы гравюра осы әртүрлілік нақыштаудың экспрессивті мүмкіндіктерін кеңейтуге, оның тілін байытуға арналған.

Өнер туындылары арқылы суретшілер әр заманда халықтың тұрмыс тіршілігіндегі өмірін салт дәстүрін бейнелеген, шығармашылықтарымен сол халықтың рухани мәдениетін байытқан, ішкі толғанысыңтарын өздерінің туындыларында бере білген. Сондықтанда өнерді халық қастерлейді, әр үйдің төрінен орын алатын ең асыл байлығы болып есептеледі. Өнерді, оның қоғамдық-тәрбиелік мәнін жан-жақты түсіну үшін әсемдік, әдемілік заңдарын жақсы білу шарт. Бұл, әсіресе, ең алдымен студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ бейнелеу білігі мен дағдыларын қалыптастыруға тиіс мектептегі бейнелеу өнерінің мұғалімдері үшін аса маңызды [11, Б.23].

Қазіргі жаһандану уақытында елімізде болып жатқан елеулі саяси-қоғамдық, рухани-мәдени өзгерістер Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген әлеуметтік, тарихи-мәдени құбылыстармен тығыз байланысты дамып жатыр [12, Б.10].

Өнерінің бір саласы гравюра жасау өнерінде басты шешім ақ пен қара түстердің қатынасынан табылады. Қазақтың өлең-жырлары ұлттық бейнелеу өнерінде тамаша суреттемелермен, түрлі қолданыстағы түстер мен алуан реңктер көмегімен гравюра жасау арқылы беріле білген. Графика саласында жұмыс жасайтын суретшілер *текемет, алаша, шым-ши, аяққап, кілемше, құрақ көрпе және ұлттық киімдерді, натюрморт, пейзаж* және басқадай жанрларда шектеулі түс палитрасымен немесе ақ және қара түстер көмегімен шебер түрде бояу үндестігін үйлестіре білген. Бірінші бағытта, қоршаған орта дүниесін қабылдаудағы жеке тұлғаның психологиялық қасиеттері мен іс-әрекеттері қамтылады. Білімгер – өмірді бақылып, таниды. Түрлі құбылыстарды, өмірді, тұрмысты, табиғат мәнін игереді [13, Б.94].

Қорыта айтқанда, бейнелеу өнерінде гравюра жасау арқылы халқының тарихи дәстүрін, салт-санасын, әдет ғұрпын, өмір сүру салттарын, алғыр ақыл-ойын, ерлік, батырлық бейнесін, өмірге деген құштарлығын, еңбек сүйгіштігін, яғни жан сұлулықтарын тәрбиелей бейнелеуге және танып білуге, алда қойылар ұлы мақсат осы болмақ. Сондықтан да халық өнерінен бастау алып ұлттық өнеріміздің рухани байлығының қайнар бұлағынан сусындай берейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Галерея Доре. 250 лучших гравюр. – Москва: Арт-родник, 2012 – 87 б.

[2] Гулий Н.А. Графика. Подробный практический курс. – Москва: Мир книги. – 2012 – 107 б.

[3] Турова В.В. Что такое гравюра. – Москва: Советский художник, 1963 – 64 б.

[4] Ярослав Г. Гойя Гравер //Журнал RFI. Париж, Франция. – 2008. – №247. – 12 б.

[5] Суздалев П. Виды и жанры живописи //Творчество. – 2004. – №№2; 3. – Б.45-49.

[6] Рубакин Н. Библиопсихология. – Москва: Академический проект, 2006 – 392 б.

[7] Кант И. Критика чистого разума. – М.: Искусство, 1994 – 197 б.

[8] Кислых Г.С. Появление и развитие гравюры в Германии в XV веке //Немецкая гравюра. – Москва, 2008

- [9] Беликова Д.В.Шевнина О.Е.. Буржуазные революции XVII-XVIII вв.: сравнительная характеристика // Вестник Пензенского государственного университета. – 2015. – №2(10) – 18 б.
- [10] Гравюра. Виды и техники //Искусствовед.ру – Онер және мәдениет туралы желілік ресурс: [сайт] (Көру күні 14.02.2020).
- [11] Кожағұлов Т.М. Кескіндемені оқытудың теориялық және практикалық негіздері //Педагогика және психология. – 2017. – №3 (36) – 23 б.
- [12] Джанаев М.Б. Білімгерлердің композициялық қабілеттерін дамыту //Педагогика және психология. – 2017. – №2 (35) – 94 б.
- [13] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру //Егемен Қазақстан. 26.04.2017, №80 – 10 б.

References

- [1] Galereya Dore. 250 luchshih gravyr. – Moskva: Art-rodnik, 2012 – 87 b.
- [2] Gulij N.A. Grafika. Podrobnyj prakticheskiy kurs. – Moskva: Mir knigi.–2012 – 107b.
- [3] Turova V.V. Chto takoe gravюра. – Moskva: Sovetskij hudozhnik, 1963 – 64 b.
- [4] Yaroslav G. Gojya Graver //Zhurnal RFI. Parizh, Franciya. – 2008. – №247. – 12 b.
- [5] Suzdalev P. Vidy i zhanry zhivopisi //Tvorchestvo. – 2004. – №№2; 3. – B.45-49.
- [6] Rubakin N. Bibliopsihologiya. – Moskva: Akademicheskij proekt, 2006 – 392 b.
- [7] Kant I. Kritika chistogo razuma. – M.: Iskustvo, 1994 – 197 b.
- [8] Kislyh G.S. Poyavlenie i razvitie gravюры v Germanii v XV veke //Nemeckaya gravюра. – Moskva, 2008 – 3 b.
- [9] Belikova D.V.Shevнина O.E.. Burzhuaznye revolyucii XVII-XVIII vv.: sravnitel'naya harakteristika //Vestnik Penzenskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2015. – №2(10) – 18 b.
- [10] Gravyura. Vidy i tekhniki //Iskusstvoed.ru – Oner zhane madeniet turaly zhelilik resurs: [sajt] (Koru kuni 14.02.2020).
- [11] Kozhagulov T.M. Keskindemeni okytudyn teoriyalyk zhane praktikalыk negizderi //Pedagogika zhane psihologiya. – 2017. – №3(36) – 23 b.
- [12] Dzhanayev M.B. Bilimgerlerdin kompoziciyalyk kabiletterin damytu //Pedagogika zhane psihologiya. – 2017. – №2 (35) – 94 b.
- [13] Nazarbayev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru //Egemen Kazakstan. 26.04.2017, №80 – 10 b.

Обучение искусству гравюра

Б.Т. Найманов¹, Б.Е.Оспанов¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы Казахстан)

Аннотация

В статье рассказывается об искусстве гравюры, которая является частью искусства графики, а также о художниках, которые посвятили себя изучению этого вида искусства и изучению аспектов этой области изобразительного искусства, а также изучению искусства в произведениях этих художников. Для более глубокого понимания графического искусства необходим наглядно-визуальный материал. Гравюра в области графики занимает одно из главных позиций в изобразительном искусстве. С помощью этой простой черно-белой графики художники достигают мастерства изображая и выражая то, что они видели в жизни в своих работах, этим же они развивают изобразительно искусство. В статье также говорится, что гравюра имеет специфические особенности как один из видов производственной деятельности, уникальный способ творческой деятельности.

Ключевые слова: Гравюра, графика, подлинник, живопись, фотомеханика, иллюстрация, натюрморт, пейзаж, ксилография, литография, линогравюра

Educating gravure art**B. T. Naimanov¹, B. E. Ospanov¹**¹ Abai University (Almaty, Kazakhstan)*Abstract*

The article tells about the art of gravure, which is a part of the art of graphic, as well as about artists who have devoted themselves to the study of this type of art and the study of aspects of this area of fine art, as well as the study of art in the works of these artists. For a deeper understanding of graphic arts, visual material is needed. Gravure in the field of graphics occupies one of the main positions in the visual arts. With the help of this simple black-and-white graphic, artists achieve mastery by depicting and expressing what they saw in life in their works, and in doing so they develop fine arts. The article also says that gravure has specific features as one of the types of production activity, a unique way of creative activity.

Key words: Gravure, graphic arts, original version, painting, photo mechanics, illustration, still life, landscape, xylography, lithography, lino gravure.

Редакцияға 13.02.2020. қабылданды.

FTAXP 14.25.05

A. КУСПАНОВА¹, E. СЕЙСЕНБЕКОВ², B. ЕЛШИЕВ¹, Б. ЮСУПАЛИЕВ¹, М. АНДАҚҰЛ³¹Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті (Шымкент, Қазақстан),²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),³Мардан Сапарбаев институты (Шымкент, Қазақстан),

kulalbek@mail.ru, Yerlan_fks@mail.ru, kulalbek@mail.ru,

<https://doi.org/10.51889/2020-2.2077-6861.15>**МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ***Аңдатпа*

Мектептердегі оқушылардың дене тәрбиесі туралы ережелері әр мектептің өзіндік жағдайлары, құрал-жабдықтары, спортзалдары мен спорт аялдары басқа да ғимараттарға байланысты ерекшеліктерімен белгіленіп, бекітіледі. Ережеде мектеп оқушыларының дене шынықтыру сабақтарында өзін-өзі алып жүру, мұғалімнің берілген тапсырмаларын орындауға, ауызша айтылған бұйрықтарын орындауға күш салу керектігі айтылады. Әр оқушы өзінің жеке гигиенасымен қатар, жалпы гигиенаны ұстануы тиіс. Берілген мектеп бағдарламасын орындау үшін, оқушы өзінің дене қуаты қасиеттерін, күшін жұмылдыра білу керек. Оқушылардың сабақтан басқа спорттық, дене шынықтыру-спорттық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз еткен жөн. Жалпы алғанда, мектептегі әрбір оқушы салауатты өмір салтын ұстануы үшін, дене шынықтыру мұғалімдері мектепте өтілетін іс-шараларды өткізуге арналған оқу жылы бойы орындалатын кешендік бағдарлама жасақтауы керек. Ол бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере, бастауыш сыныптарынан бастап, жоғары сыныптарына дейін қатысатындай етіп жасақталады.

Түйін сөздер: дене шынықтыру сабақтары; білімдік; тәрбиелік; сауықтыру міндеттері; өткізу әдістері.

Мектептегі дене шынықтыру жұмыстарын пән мұғалімі үйлесімді ұйымдастырған жағдайда оқушылардың тәрбиесінің мәні жоғарылайды, одан әрмен халықтың денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігін арттыратын маңызды іс екенін өткен өмірлік тәжірибеден дәлелдеуге болады.

Мектеп оқушыларының дене тәрбиесі негізгі 3 шартқа тәуелді: а) оқу бағдарламасының күрделене түсуіне байланысты еңбектің қиындауы; ә) бос уақыттағы әр түрлі шаралар: сыныптағы ойындар, мәдени-шығармашылық үйірмелер; б) тұрмыстағы жаһандану. Осы шарттар

оқушылардың аз қозғалысы мен отырықшы тұрғыдағы өмір салтын туғызады. Ал, дене тәрбиесі денсаулыққа оң әсер етіп, ағзаның жалпы дамуына, бұлшық еттер дамуына, тірек қимыл жүйесінің дамуына жағдай жасайды [20].

Спорт пен дене тәрбиесінің мектеп оқушыларының болашақтағы өмірі мен денсаулығына жағдай жасайды. Сонымен қатар, мектептен тыс әр түрлі спорттық үйірмелердің, мекемелердің (әртүрлі типтегі спорттық мектептер) де әсері мол [10]. Олар оқушылардың бос уақытын пайдалы жұмсауға, денсаулық сақтауға, зиянды қылықтар мен әдеттердің алдын алады, қоғамдық, эстетикалық, моральдік тәрбие береді.

Мақсаты: мектептегі дене шынықтыру жұмыстары – денсаулықты жақсартуды одан әрі жетілдіру үшін, дене шынықтыру пәні мұғалімінің жыл бойы сабақ өткізумен қатар, сыныптан және мектептен тыс іс-шараларды шығармашылық ынтамен үйлестіре алуы. Ол үшін алға қойылған міндеттерді орындауда, мысалы, оқушы өзінің дене мүсінін одан әрі жетілдіргісі келіп, жаттығудың түрлерін көбейтіп, дене шынықтыру сабақтарынан тыс қосымша айналысса немесе мектептегі спорт үйірмелеріне қатысып, өзінің денсаулығын одан әрі шынықтырса – мұғалімнің еңбегінің жанғаны. Әрине, ол мектеп аясында өтілетін іс-шараларды түрлендіріп, қызықты етіп өткізуге өте ынталы болуы керек. Оқушылардың дене тәрбиесі осымен ғана шектелмейді, оған оқушының өзі қызығушылық танытып, әрі қарай жетілдіруге талпынуы тиіс, сонда ғана ол өзінің жемісін көре алады [11].

Сабақтардың түрлерінің барлығы кейбір жалпы заңдылықтар негізінде құралады. Оларды білу ұстазға әрбір нақтылы жағдайда білім беру және тәрбие міндеттерін дұрыс және тиімді шешуге мүмкіндік береді [9].

Ұстаздық тұрғыдан алғанда, жаттығулармен айналысу – сабақтардың мазмұны мен түрлерінің өзара диалектикалық байланыс сипатын айқын түсінудің маңызы зор. Оның ерекше мазмұны белсенді сарамандық қызмет болып табылады,

оның өзі бірқатар дербес элементтерден тұрады: дене қимылы жаттығуларының өзі, оларды орындауға даярлық, белсенді демалыс т.б. мазмұн элементтерін белгілі дәрежеде тұрақты біріктіру әдісі жаттығу сабақтарының түрлерін құрайды. Бұған мыналар жатады: сабақ бөлімдерінің ара қатынасы, жаттығуларды орындау тәртібі, шұғылданушылардың өзара қатынасының сипаты, олардың қызметтерін ұйымдастыру әдістері т.б.

Зерттеу әдістері мен оны ұйымдастыру: мектептегі дене шынықтыру жұмыстарын түсініп алу үшін, оның міндеттерін талдап алған жөн. Дене тәрбиесі әр түрлі себептерге байланысты, екі жақты қарастырылады: арнайы және арнайы емес. Біріншісіне сауықтыру жаттығулары жатса, екіншісіне тәрбиелік, білім беру мәселелері жатады. Осыған сәйкес, дене тәрбиесінің міндеттері келесі топтарға жіктеледі [8]:

Сауықтыру: а) денсаулықты дамыту, арқаны тік ұстау, бұлшық еттерді, тірек қимыл және жүйке жүйесін дамыту, зат алмасуды реттеу;

ә) оқушылардың өздерінің жастары мен жынысына сай, спорттық деңгейін қалыптастыру, спорттық еңбекке қабілеттілігін арттыру;

б) денені шынықтыру, сауықтыру үрдістерін білу, сыртқы факторға төтеп бере алу қабілетін көтеру [18].

Білім беру: а) өмірлік маңызы зор іс-әрекеттерге баулу: жүріс, жүгіру, шаңғымен жүру, еліміздің аймақтық ерекшеліктеріне байланысты әрекет ету, тұрмыста және еңбекте қолданылатын қозғалыстарға біліктілікті арттыру; ә) жаттығу техникасы мен параметрлерін білу; б) дененің шымыр болып, кез келген жағдайда жаттығулар орындауға қабілеттілікті арттыру; в) біріншіден, жалпы дене тәрбиесіне, екіншіден, дене тәрбиесінің түрлері бойынша икемделуін қамтамасыз ету [7].

Тәрбие: дене тәрбиесі арқылы мектеп оқушыларының әділдік, адамдық қасиеттерін дамыту, моральдік тәрбие мен эстетикалық

білім беру, ер баланы халқымызға тән ержүректілікке, намыстылыққа, батырлыққа, қыз баланы ибалыққа, сыпайылық пен әсемдікке баулу [5].

Оқушылардың дене тәрбиесі жас мөлшеріне байланысты және жалпы білім бағдарламасына сай жүргізіледі. Дене тәрбиесінің үнемі түрдегі сәтті нәтижесі педагогикалық ұжым мен қосымша спорт үйірмелерінің қызметкерлері, сондай-ақ, ата-аналар тарапынан көңіл бөлу нәтижесінде ғана қол жетімді болып табылады. Онда орындалатын іс-шаралар түрлерін дене шынықтыру мұғалімі ұйымдастырады [4].

Дене тәрбиесінің мектептегі бөлімдері болады. Әрбір бөлімдерге өзіндік ерекшеліктері бар міндеттері қойылады:

- аптасына 2 немесе 3 рет өткізілетін дене тәрбиесі сабақтары;

- денені шынықтыруға арналған іс-шаралар жүйесі, қоңырау кезінде және үзілістердегі дене шынықтыру мезеттері, жаттығу жұмыстары;

- қосымша дене тәрбиесі сабақтары;

- сабақтан тыс қосымша үйірмелер, топтық жарыстар, туристік серуендер; айта кетерлік жәйт: аталмыш іс-шаралар мектептен тыс *спорт мектептері мен мекемелерінде* де қарастырылған;

- арнайы спорт мектептері, қосымша үйірмелер, мектептер, спорттық қоғамдар, жаздық шатыржайлар, ұйымдастырылған жарыстар;

- топтық сауықтыру шаралары (таңғы гимнастика, суда жүзу, ойындар, туристік саяхаттар, т.б.), арнайы қарастырылған жаздық және қыстық шатыржайлар мен басқа да іс-шаралар;

- мәдени саябақтар мен туристік базалар ұйымдастыратын топтық ойындар, жарыстар, экскурсиялар, саяхаттар;

- отбасындағы дене тәрбиесіне: күн тәртібіндегі жаттығулар (таңғы гимнастикалар, шынығу үдерістері);

- спорт түрлеріне байланысты арнайы жаттығулар, дене тәрбиесінен үй тапсырмаларын орындау;

- өз бетінше жүзеге асырылатын ойындар, серуендер, жанұя мүшелерімен бірге

саяхаттар, демалыс күндеріндегі туристік саяхаттар;

- тұрғылықты жерде өткізіліп тұратын жанұялық жарыстар кіреді.

Дене тәрбиесімен шұғылдану екі түрде болады: міндетті және ерікті. Міндетті түрдегі дене тәрбиесіне мектептегі жоспарлы дене тәрбиесі сабағы жатады. Бұл түрлер ұйымдастырылуы жағынан мерзімді және мерзімсіз болады. Мерзімді дене тәрбиесіне мектептегі сабақтарға, біліктілігі бар ұстаздар өткізетін және өз уақыты бар арнайы үйірмелер жатады. Олардың ерекшелігі сондай, бұл сабақтар қадағаланады және бағаланады, осының арқасында сабақ әсерлі және тиімді сипат алады. Мерзімсіз дене тәрбиесі мерзімді дене тәрбиесінен уақытқа шек қойылмауы және қатысушы құрамның өзгеріп отыруына байланысты ерекшеленеді. Оған мектептегі дене шынықтыру мұғалімі мен ұжым ұйымдастырған түрлі ойындар т.б. жатады.

Мектептегі «дене тәрбиесі» пәні міндетті түрде бағдарламаға сай, мақсаты мен міндеттері және күтілетін нәтижелері айқындалған ретте болуы шарт. Сондай-ақ, жаттығуды топтық өткізгенімен, әр оқушыға жеке назар аударып, денсаулығына, жеке мінез-құлқына көңіл бөлінуі тиіс. Бағдарлама дәлелденген ғылыми стандартқа сай жүргізілуі керек. Мектептен тыс мекемелер осыған қосымша дене тәрбиесіне баулып, тәрбие көзіне айнала алуы қажет [2].

Дене шынықтыру жұмыстарын жоспарлауда оның бағдарламасының тиімділігін кешендігін, жүйелілігін негіздеген дұрыс. Әдістемесі, қызметтері тәрбие беруге және сауықтыруға, денені шынықтыруға бағытталуы керек.

Бағдарлама құруда көптеген мәселелер ескеріліп, оқушылардың жасына және контингентіне сай жаттығулар, нормативтік құжаттар бекітілген болуы қажет. Құжаттарда өткізілетін сабақтар әдістемесі анық белгіленіп, нәтижесі мен мақсаты айқындалады [3].

Мектептегі дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттері, күтілетін нәтижелері, күн тәртібі, ұйымдастырылуы, сауықтыруға бағытталған іс-шаралары сияқты барлық мәселелер «Жалпы орта білім беру мектептерінің I-XI сыныптарға арналған кешенді бағдарламасында» қарастырылады. Онда педагогтар оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына дене тәрбиесі арқылы әсерін анықтап, оқушылардың дене тәрбиесімен шұғылдануына жасалатын жағдайларды, гигиеналық жағдайларды ойластырады [12].

Бағдарламамен дене тәрбиесі мұғалімі танысуы міндетті. Сол арқылы ол оқушыларға өткізілетін жаттығулар мен іс-шаралардың мақсат-міндеттерін біледі, арнайы ерекше жағдайларды қарастырады, жоспарлаумен, оқушылар үлгерімін бағалаумен танысады.

Кешенді бағдарлама 5 бөлімнен тұрады. Онда мектептегі міндетті сабақтан басқа, спорттық үйірмелер, арнайы топтар жаттығулары мен бағдарламалары қарастырылады [13].

«Сауықтыруға бағытталған дене тәрбиесінің іс-шаралары», деп аталатын I-ші бөлімі 3 топқа сәйкес жасалған: I-IV, V-VIII, IX-XI сыныптар. *«Оқу гимнастикасы» мен «Ұзақ үзілістерде орындалатын жаттығулар»* 3 топтың барлығына сәйкес бола береді. *«Дене шынықтыру үзілістері» және «Ұзартылған күнге арналған жаттығулар»* 1, 2 топтарға арналған.

«Дене тәрбиесі сабақтары», деп аталатын 2-ші бөлімінде 11 жылдық мектептің әр сыныбына сай жасалған бағдарлама сарамандық және теориялық түрде қарастырылған [14].

Conclusion. Archaeological heritage sites make up a significant part of the archeological heritage of Kazakhstan and are as a cultural foundation. This determines our historical place in regional and world history. A.T. Kulsariyeva and M.E. Sultanova are noting that «without «yesterday», «today» is impossible and this inviolable law regulates incremental steps that regulate the balance between generations» [15, С.112].

Achievements are as evidence. Firstly, this is an increase in the total volume of archaeological work. Judging by the number of open sheets (permits), it has grown by almost 2.5 times in comparison with the end of the Soviet era (90s). It is observed that over a quarter of a century, the requirements for ensuring the preservation of the archaeological heritage have changed significantly. Rescue excavations have helped and are helping to preserve a huge array of valuable archaeological materials found in areas of active human activity.

Also, the quality of field archeological documentation significantly improved. We believe that the reason for this is not even in technics and technology, but in the growth

of consciousness of specialists, their efforts in creating the most accurate, scrupulous reporting data. It is important to remember that a big part has been done in the framework of the state program “Madeni mura” for national archeology and for the future systematic study of archaeological finds.

Along with positive achievements there are following problems:

– commercialization of Kazakhstani archeology;

– reduction of the field works and this is the main problem, because the archeology is the field science, not a “home” science. Field expeditions are the nucleus of archeology;

– the minimum number of the long-term archeological programs. Today, the project format is the reality, but in archeology the key importance is the long-term research field projects;

– deficiency of the necessary connection between archeology as a science and modern museum infrastructure, especially in the regions. Museum funds cannot keep up to date the increasing amount of archaeological material. Consequently, the resources and time spent by archaeologists on excavations and studies and the results of all this work may be wasted. This imbalance is fatal for archeology and for the entire museum industry.

Список использованных источников

[1] Кирюшина Ю.В. Археологические парки в системе культурного наследия России //Известия Алтайского государственного университета. – 2010. – № 2-1(66). – С.138-141.

[2] Лопатин Н.В., Михайлов А.В., Яковлева Е.А. Археологический парк как форма сохранения, изучения и популяризации объекта культурного наследия (на примере Труворова городища) //Вестник Псковского государственного университета. Серия: Социально-гуманитарные и психолого-педагогические науки. – 2013. – №2. – С.17-23.

[3] Смагулов Е.А., Туякбаев М.К. Ясы-Туркестан-Шавгар: археологические данные к исторической идентификации //Известия НАН РК, серия общественных науки. – 1997. – №1.

[4] Смагулов Е.А. Ясы-Туркестан: новые данные к исторической топографии //Загадки древнего Туркестана. – Алматы, 1998. – С.125-141.

[5] Смагулов Е.А. Некрополь средневекового Туркестана //Города Туркестана. –Алматы, 1999. – С.59-70.

[6] Смагулов Е.А. Михаил Евгеньевич Массон и археология Туркестана //Новости археологии. Вып.1. – Туркестан, 1998. – С.9396.

[7] Смагулов Е.А., Ержигитова А.А., Торгоев А.И. Открытие архитектурного комплекса цитадели древнего Ясы/Туркестана //Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А.Х. Маргулан: Материалы международной научной конференции: 12-15 декабря. – Алматы, 2011. – С.61-71.

- [8] Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Цитадель древнего Туркестана: некоторые итоги археологического изучения. 2011-2012 гг. //Известия НАН РК, серия общественных наук. 2013. – №3.
- [9] Смагулов Е.А. Древний Туркестан: штрихи к историческому портрету. – Алматы, 2017. – 341 с.
- [10] Сенигова Т.Н., Бурнашева Р.З. Новые данные о городище Туркестан //Известия АН КазССР, серия обществ. наук. – Алма-Ата, 1977. – №2. – С.49-55.
- [11] Терновоя Г.А. К проблеме истории, религии и жизненного уклада государства Кангюй //Проблемы истории, филологии, культуры, 2014. – №2. – С.118-131.
- [12] Байпаков К.М. Средневековые города Южного Казахстана. – Алма-Ата: КазГУ, 1986. – 159 с.
- [13] Воронина В.Л. Народные традиции архитектуры Узбекистана. – Москва: Издательство архитектуры и градостроительства, 1951. – 86 с.
- [14] Пугаченкова Г. Зодчество Центральной Азии. – Ташкент: Издательство литературы и искусства им. Гафура Гуляма, 1976. – 117 с.
- [15] Кулсариева А.Т., Султанова М.Э. Культурная память и механизмы преодоления культурных травм (на материалах казахского визуального искусства) //Педагогика и психология. – 2019. – №3 (40). – С.108-115.

References

- [1] Kiryushina Yu.V. Arheologicheskie parki v sisteme kul'turnogo naslediya Rossii //Izvestiya Altajskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2010. – № 2-1(66). – S.138-141.
- [2] Lopatin N.V., Mihajlov A.V., Yakovleva E.A. Arheologicheskij park kak forma sohraneniya, izucheniya i populyarizacii ob'ekta kul'turnogo naslediya (na primere Truvorova gorodishcha) //Vestnik Pskovskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Social'no-gumanitarnye i psihologo-pedagogicheskie nauki. – 2013. – №2. – S.17-23.
- [3] Smagulov E.A., Tuyakbaev M.K. YAsy-Turkestan-SHavgar: arheologicheskie dannye k istoricheskoy identifikacii //Izvestiya NAN RK, seriya obshchestvennyh nauki. – 1997. – №1.
- [4] Smagulov E.A. Yasy-Turkestan: novye dannye k istoricheskoy topografii //Zagadki drevnego Turkestana. – Almaty, 1998. – S.125-141.
- [5] Smagulov E.A. Nekropol' srednevekovogo Turkestana //Goroda Turkestana. –Almaty, 1999. – S.59-70.
- [6] Smagulov E.A. Mihail Evgen'evich Masson i arheologiya Turkestana //Novosti arheologii. Vyp.1. – Turkestan, 1998. – S.9396.
- [7] Smagulov E.A., Erzhibitova A.A., Torgoev A.I. Otkrytie arhitektornogo kompleksa citadeli drevnego YAsy/Turkestana //Arheologiya Kazahstana v epohu nezavisimosti: itogi, perspektivy, posvyashchennoj 20-letiyu nezavisimosti Respubliki Kazahstan i 20-letiyu Instituta arheologii im. A.H. Margulan: Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii: 12-15 dekabrya. – Almaty, 2011. – S.61-71.
- [8] Smagulov E.A., Erzhibitova A.A. Citadel' drevnego Turkestana: nekotorye itogi arheologicheskogo izucheniya. 2011-2012 gg. //Izvestiya NAN RK, seriya obshchestvennyh nauk. 2013. – №3.
- [9] Smagulov E.A. Drevnij Turkestan: shtrihi k istoricheskomu portretu. – Almaty, 2017. – 341 s.
- [10] Senigova T.N., Burnasheva R.Z. Novye dannye o gorodishche Turkestan //Izvestiya AN KazSSR, seriya obshchestv. nauk. – Alma-Ata, 1977. – №2. – S.49-55.
- [11] Ternovaya G.A. K probleme istorii, religii i zhiznennogo uklada gosudarstva Kangyuj //Problemy istorii, filologii, kul'tury, 2014. – №2. – S.118-131.
- [12] Bajpakov K.M. Srednevekovye goroda Yuzhnogo Kazahstana. – Alma-Ata: KazGU, 1986. – 159 s.
- [13] Voronina V.L. Narodnye tradicii arhitektury Uzbekistana. – Moskva: Izdatel'stvo arhitektury i gradostroitel'stva, 1951. – 86 s.
- [14] Pugachenkova G. Zodchestvo Central'noj Azii. – Tashkent: Izdatel'stvo literatury i iskusstva im. Gafura Gulyama, 1976. – 117 s.
- [15] Kulsarieva A.T., Sultanova M.E. Kul'turnaya pamyat' i mekhanizmy preodoleniya kul'turnyh travm (na materialah kazahskogo vizual'nogo iskusstva) //Pedagogika i psihologiya. – 2019. – №3 (40). – S.108-115.

«Күлтөбе қалажұрты» археологиялық паркының тақырыптық кеңістіктерін қалыптастырудың тұжырымдамалық тәсілдері

А.Р. Хазбулатов

*Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты
(Алматы, Қазақстан)*

Аңдатпа

Мақалада «Күлтөбе қалажұрты» археологиялық паркi мысалында тақырыптық кеңістікті қалыптастырудың тұжырымдамалық тәсілдердің ерекшеліктері қарастырылған. «Күлтөбе қалажұрты» археологиялық ескерткіші ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген нысан – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің буферлік аймағында орналасқан. Археологиялық парктің негізгі аумағы 27 га құрайды. Қазіргі уақытта зерттеліп отырған қалажұрт төрт негізгі тарихи кезең тұрғысындағы қаланың өмірін бейнелейді. Кезеңдерге – ежелгі кезең – I-б.з. II ғасыр, ерте ортағасырлық VI-X ғғ., ортағасырлық кезең – XI-XII ғғ. – X.A. Ясави дәуірі және кейінгі ортағасырлық кезең (XVI-XIX ғғ.) – Қазақ хандығының кезеңі жатады. Жалпы алғанда, әр түрлі дәуірдегі 50-ден астам археологиялық ескерткіштер шоғырланған, яғни: ашық жерлерде археологиялық парк құру идеясының дамуына серпін берген қаңлылардың көне ғибадатханаларынан бастап, Қазақ хандығы кезеңіндегі ғимараттарға дейін бар.

Автор мақалада ашық аспан астында нысандарды мұражайлау, эксперименттік археологияның «ғылыми қайта құруды» әзірлеу, Түркістанның ежелгі және ортағасырлық тарихына арналған мұражай экспозициялары және туристік көрсетілімге арналған қазіргі таңда қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан археологиялық нысандарға кешенді тәсілдерді жүзеге асырумен үйлестірірілген Күлтөбе қалажұрты паркiн жобалауда кейбір аспектілерін ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: Күлтөбе, Түркістан, археологиялық парк, тұжырымдамалық тәсілдер, жобалау, құру, кеңістік пен тақырыптық аймақтар құру

Концептуальные подходы к формированию тематических пространств археологического парка «Городище Культобе»

А.Р. Хазбулатов

Казахский научно-исследовательский институт культуры

Аннотация

В статье рассматриваются особенности концептуальных подходов к формированию тематических пространств на примере археологического парка «Городище Культобе». Археологический памятник «Городище Культобе» находится в буферной зоне Мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави – объекта, входящего в список Всемирного культурного наследия ЮНЕСКО. Базовая площадь археологического парка занимает 27 га. Исследования на настоящий момент территории городища показали картину жизни города в разрезе четырех основных исторических периодов. Это древний период, датируемый I-II в. н.э., раннесредневековый, датируемый VI-X вв., средневековый период XI-XII вв. – эпоха X.A. Ясави и позднесредневековый период (XVI-XIX вв.) – период Казахского ханства. В общем количестве здесь сосредоточено более 50 археологических памятников разных эпох: от древнейшего культового поселения кангюев до строений периода казахского ханства, что послужило толчком к разработке идеи создания археологического парка под открытым небом.

Автор в настоящей статье раскрывает некоторые аспекты проектирования парка «Городище Культобе», в котором реализуется комплексный подход, сочетающий музеефицирование объектов под открытым небом, разработку «научных реконструкций» – продуктов экспериментальной археологии, музейную экспозицию по древней и средневековой истории Туркестана и подготовленные к туристическому показу археологические объекты, на которых в реальном режиме проводятся раскопки.

Ключевые слова: Культобе, Туркестан, археологический парк, концептуальные подходы, проектирование, создание, формирование пространств и тематические зоны

Поступила в редакцию 15.05.2020

FTAХР 14.25.05

Ж. ДӘУРЕН¹, К. АБДРЕИМОВА², С. ШЫРШЫҚБАЕВ¹, Д. САДЫКОВА¹,
Д. ТАШКЕЕВ³

¹Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті (Шымкент, Қазақстан)

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),

³Еуразия гуманитарлық институты (Нұр-Сұлтан, Қазақстан),
damiliya89@mail.ru; kulmeshan_fk@mail.ru; sake1977@mail.ru; damiliya89@mail.ru
dauren_msu@mail.ru; <https://doi.org/10.51889/2020-2.2077-6861.29>

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада білім беру мекемелеріндегі қазіргі кезеңдік ұлттық спорт түрлері мен ойындарына қатысы, олардың кейбір ерекшеліктері сипатталады. Әлеуметтік зерттеулер бойынша, адамдардың спорттың бұл түрлеріне ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар мен байлықтар туралы біліммен тығыз байланысты психологиялық және адамгершілік факторларымен айқындалады. Ұлттық дене шынықтыру мен спорттың ең үздік түрлерінің мәні – олардың халықтың әлеуметтік мұң-мұқтажына бағытталғандығында ғана емес, жылдан-жылға ұрпаққа түсінікті де қолайлы жаңа жетілген ұлттық пішіндерге ие болуында. Ұлттық спорт түрлерін көп жылдар бойы республикамыз бен бұрынғы Кеңес елінің қажеттілігіне орай, классикалық спорт түрлері ығыстырылғанды. Мемлекеттік саясат бойынша негізгі назар спорттағы жоғары жетістіктерге бөлінді де, ал спорттың бұқаралық-көпшілік, сауықтыру түрлеріне, оның ішінде – ұлттық спорт түрлері мен ойындарына лайықты мән берілмей келді.

Түйін сөздер: дене шынықтыру сабағы; ұлттық ойындар сипаттамасы; оқыту әдістері.

Кіріспе. Қазіргі заман айрықша жоғары әлеуметтік-мәдени және рухани маңызы бар ұлттық спорт түрлері мен ойындарын дамытуға жаңаша қарауды талап етеді. Яғни, оларға деген көзқарастарды да өзгерту қажет деген ойлар шығады. Дене тәрбиесінің қазіргі жүйесі біртіндеп дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарында, дене қимылының дамуында, дене қимылын жетілдіруде ұлттық спорт түрлері мен ұлттық ойындарды және халықтың қолданбалы спорттық жаттығуларының бай мұрасын кеңінен қолдануды бір ізге салып келеді [8].

Халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармаларында да суреттелген. Ол кезде ұлттық қозғалмалы ойындар мен халық спорты қазақ халқы өмірінің айналасына бір бөлігі еді: көктемгі немесе күзгі кештерде, әртүрлі жиын-той, мерекелерде түрлі аттылы-жаяу жарыстар өткізіліп тұратын. Осындай ойындар өткізілуі кезінде жігіттердің барлық керекті дене қуаты қасиеттерін көрсетіп қалуға тырысатын.

Егерде ат жарыстары бозбала-жігіттерді ептілік пен иілгіштікке баулыса, аударыспақ ойындары – күштілік пен төзімділікке, ал жаяу жарыс – жылдамдық қасиеттерін дамытатын. Одан да басқа түрлері зейінділікке, тапқырлыққа, алғырлыққа байланысты қасиеттерін дамытатын еді [5].

Спорттың ұлттық түрлері мен қозғалмалы ұлттық ойындар қазіргі заманғы ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің де негізгі тақырыптары болып келеді. Оларды әрі қарай дамыту жөнінде Ә.Марғұлан, Қ.Қуанышбаев, М. Ғабдуллин, Б.Момышұлы сияқты қайраткерлер де айтып жүрді. Міне, сондықтан да, қазіргі кезде еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң, осы бастан оны мектеп табалдырығында жас жеткіншектеріміздің санасына сіндіре бермесек, ертең күні мәңгірт болып кетпеуімізге ешкім кепілдік бермейді [10].

Бүгінгі күндері халықтың рухани өмірінің барлық саласында ұлттық мәдениет пен ұлттық тәрбие әсері, оның маңызы күннен-күнге арту үстінде. Спорттық өмір де бұған

тікелей қатысты, Дене шынықтыру мен спорт – осы үдерісті әрі қарай дамытудың ең негізгі жолдарының бірі. Яғни, ұлттық спорт түрлері мен ойындардың терең де күрделі құбылыс деп түсінуіміз керек. Сондықтан да, кезінде спорттың бұл үлкен саласын шеттетіп тастау көптеген келеңсіз құбылыстарға алып келді. Бұл асыра сілтеушілік заман талабына орай, өз зауалын тартып та жатыр [6].

Соңғы жылдары жастар ұлттық спорт түрлеріне көбірек назар аударып келеді. Машықтану барысын дұрыс ұйымдастыру арқылы жастардың жан-жақты дене қимылы дайындығына қол жеткізуге болады.

Мақсаты: халық тәжірибесіне негізделген күрделі педагогикалық жүйе бола отырып, ұлттық спорт түрлері мен ойындары қарапайым дене қимылы дамуы мәселелерін ғана шешіп қоймай, сонымен қатар оның терең де күрделі жақтарын ашуға, ағзаны дайындауға көмектеседі. Сондықтан да, білім беру мекемелерінде олармен бастапқыдан жүйелі түрде айналысу керек [2].

Спортшы денсаулығын шыңдау, оның жұмыс істеу қабілетін арттыру, ағзаны өмірдің әртүрлі жағдайларына бейімдеу сияқты талаптарға ұлттық спорт түрлері мен ойындарының барлығының сай келуін қадағалаған жөн. Соңғы уақыттарда ұлттық спорт түрлері мен ойындарының спортшы ағзасына пайдалы жақтарын сипаттайтын ғылыми еңбектер де көптеп шыға бастады. Спорттық машықтану және жаттықтыру, дағдылану әдістерін жетілдіруге, оның сауықтыру мәнін көтеруге бағытталған нұсқаулар, ұсыныстар жасалынып жатыр [3].

Кейбір ғалымдардың арнайы зерттеулеріне сүйенсек, ұлттық ойындар және спорт түрлерімен айналысу барысында жүрек, қан, тыныс алу және ағзаның басқа да жүйелерінің жақсаратындығы туралы айтылады: жүректің тарылу жиілігі біртіндеп кемиді, қан қысымының деңгейі төмендейді, гиподинамика көрсеткіштерінің қалпына келу уақыты қысқарады, өкпенің тазаруы артады, жүктемеден кейін тыныс алу жүйесі тез қалпына келеді [7].

Ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысу жүйке жүйесі қызметін жақсартады,

оның тұрақтылығын арттырады, көңіл-күй көтеріледі. Ол белгінің барлығы да бұл спорт түрлерінің болашағының пайдалы жақтарын аша түседі.

Ұлттық қимылдың және спорттың бұл түрлерінің спортшыларды психологиялық жағынан дайындаудағы әсерін де ерекше атап өткен жөн. Қазақтың және қырғыздың ұлттық спортымен айналысушылар арасында жүргізілген сұрақ-жауап машықтанулар мен жаттықтырулар барысында және көрсеткіштер өскен сайын, олардың өздеріне деген сенімінің арта түсетіндігін, жеке мәселелерді шешуде тиянақтылық көрсететіндігін дәлелдеп шықты [1].

Ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысудың денені шыңдаудағы рөлі өте зор. Олардың табиғатының өзі денені, атап айтқанда ағзаны шынықтырумен тығыз байланысты. Мысалы, ағзаны табиғи жолдармен, ыстық-суыққа бірдей үйрету – ұлттық спорт түрлері мен ойындарының ең басты қасиеті болып есептеледі [9].

Тері және қан жолдары арқылы шынығу ағзаны қажетті температураға дайындап отырады, қоршаған ортаның қолайсыз жақтарының әсеріне қарсы денеде қорғаныс күші пайда болады, суық тиіп, ауру саны азаяды [4].

Ұлттық спорт түрлері мен ойындарының осындай сауықтыру қызметтері бар. Олардың бәрі табиғи түрде жасалынды және жаттығулар мен ойындардың пайдалы түрлеріне жатады. Ешқандай қымбат спорттық құрылыстар мен жабдықтарды талап етпейтін спорттың бұл түрлері мен ойындары өскелең ұрпақты, әсіресе, республиканың ауылдық, шалғай жерлеріндегі халықты сауықтырудың таптырмас жолы [16].

Зерттеу әдістері мен оны ұйымдастыру: әртүрлі ұлттық қозғалмалы және спорт түрлері ойындарын зерттеу мәселелерімен айналысып жүрген мамандардың көзқарастарын айқындап алу керек болды. Қазақтың ұлттық ойындары сияқты, кезінде дене шынықтырудың осындай халықтық құралдарын алғаш рет өздігінше жүйелеген М. Гуннердің еңбектерінде бы-

лайша көрсетілген – ол өзі жинаған қазақтың ұлттық ойындарын ескере отырып, оларды келесі белгілері бойынша саралауды ұсынады: жалпы сипаттағы ойындар, кедергі және күрес элементтері бар ойындар, ашық жерлердегі ойындар, қысқы уақыттағы ойындар, демалысқа арналған ойындар, ат спорты ойындары, аттракцион ойындары. Мұндай ұсынысты автор қозғалмалы қимыл ойындарының ережелерін сипаттау негізінде жасап, арнайы сөз етпестен, қазақтың ұлттық ойындары мен спорттық ойындардың арасында шектеу келтіреді. Арнайы ұлттық ойындардың және жарыстардың нысандарын саралау үшін, бұл жерде М. Тәнікеевтің арнайы зерттеулері де қолғабыс болды [16, 56-89 б.].

Бұл автор қазақтың ұлттық ойындарының қалыптасуы мен даму жолдарын қарастырумен қатар, бұқаралық-көпшіліктік ұлттық ойындарды және ұлттық спорт түрлерін екі үлкен топқа бөлуді ұсынады:

1. Ат спортының түрлері;
2. Атқа мініп жүруге байланысты ойындар.

Сонымен қатар, Б.Т. Төтенаев та бірегей саралау жасайды, ол ұлттық қимыл ойындарын жастық сатыларына қарай айрықша назар аудара отырып, қазақ халқының ұлттық өмірінің аясында қарастырады. Оның саралау жүйесінің ерекшеліктері де осымен айқындалады және қазақтың ұлттық қимыл ойындарын екі үлкен топқа бөлуді ұсынады:

1. Салт-тұрмыс негізінде пайда болған ойындар.
2. Жастар ойындары мен қимыл ойындары. Бірінші топтың құрамында ол келесі кіші топтарға бөлінеді:
 - а). мерекелік ойындар;
 - ә). қазақша күрес.

Осы топтың құрамында ол екіншілік тұрмысымен байланысты ойындарды бөліп көрсетеді. Бұл жерде ұлттық қимыл ойындарын тұрмыстық сипаттағы ойындармен араластыру жөнінде өзгеше көзқарасты қарауға болады [13].

Екінші топта зерттеуші мынадай кіші топтарды бөліп көрсетеді:

- а) бір жастағы балаларға арналған ойындар;
- ә) балалардың өмірге көзқарасын қалыптастыратын әр түрлі ойыншықтармен ойналатын ойындар;
- б) халықтық құралдарды пайдалануға байланысты ойындар;
- в) жануарлардың мінез-құлықтарына еліктеуге байланысты ойындар;
- г) материалдық заттарды пайдалануға байланысты ойындар;
- ғ) құрал-саймандарды пайдаланбайтын ойындар;
- д) қимыл ойындары.

Алынған нәтижелер мен қорытынды: ұлттық спорт түрлерінің сауықтыру мәнін арттыру үшін жүктеме мөлшерін азайту керек, ал сосын қатысушылардың жас ерекшеліктеріне қарай, бөлініп жұмыс істеуіне жағдай жасаған жөн. Бұларға ат спорты, тоғызқұмалақ, бұқаралық-көпшілік ойындары жатады. Бұл ұлттық спорт түрлерімен және ойындарымен айналысудан сауықтыру тиімділігін көргіміз келсе, әр сабаққа, машықтану мен жаттықтыруларға ғылыми көзқараспен қарауға тиіспіз. Тек осындай көзқарас қана спортшы денсаулығына пайдалы әсерін тигізіп, оның жұмыс істеу қабілетін арттырады, түрлі ауру-сырқаулардан сақтайды, өнердегі және өмірдегі ұзақ ғұмырлыққа қол жеткізеді. Олармен жүйелі түрде айналысу қимыл-қозғалыс белсенділігін арттырады, ағзада зат алмасу үдерісін дамытады [12].

Ұлттық ат спортының және одан басқа да ұлттық спорт және ойын түрлерінің негізін құрайтын тұрақты жаттығулар бұлшық еттерді шыңдайды, оларды созылыңқы етеді, денені сымбатты қылады. Ұлттық ойын және спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысу күшті, төзімділікті, ептілік пен иілгіштікті және жылдамдықты дамытады, дененің шаршауын кешеуілдетеді, қимыл-әрекеттерді дәлдендіреді және епті етеді. Олар ой еңбегі және дене қимылы еңбегі адамдарының барлығына бірдей пайдалы [17].

Ал егер, ұлттық спорт түрлері мен ойындарының осы қасиеттеріне оның көрермендер бойында қуаныш, шаттық, өмірге деген сүйіспеншілік ұялатуын қосар болсақ, онда спорттың бұл түрлері мен ойындарын халықтың тұрмыс-тіршілігіне тұрақты енгізу мәселесін шешу қажеттілігі өзінен-өзі айқын болатындығын алдын-ала көрсетуге болар еді [15].

Бүтіндей педагогикалық үдеріс міндеттерін ескере отырып, мұғалімнің кәсіптік даярлығында әр алуан ұлттық спорт және қозғалмалы ойындарын пайдалануды өзгеше саралау әдісін қажет етеді, онда қозғалмалы қимыл ойындары мүмкіндігінің өзі жан-жақты ескерілуі тиіс. Ең алдымен, қазақтың ұлттық қимыл және қозғалмалы ойындарын пайдалана отырып, мұғалімнің сабақты ұйымдастыруы мен өткізуге даярлануының оқу бағдарламасын ұсынудан бұрын әр түрлі қозғалмалы қимыл ойындарын саралауды түсініп алу саласындағы жалпы бағытты айқындап алған жөн. Мұның өзі ойындарды жіктеу негіздерін білген кезде ғана оларды өз практикалық немесе сарамандық қызметінде сауатты және үлкен тиімділікпен пайдалану мүмкіндігі болатындығын білдіреді [11].

Педагогикалық әдебиеттерге талдау жасаған кезде, қозғалмалы қимыл ойындарын саралау тұрғысында мынадай жалпы бағыт байқалып отырады: оларды қарапайым және күрделі, белсенді және бәсең, ырықты және ырықсыз, жасы мен жынысына байланысты, қағидалар бойынша ойындарға бөлу [14].

Қорыта айтқанда, дене шынықтыру мен спорт саласын, соның ішінде ұлттық спорт ойындарын зерттеп жүрген ғалымдардың саралауынша, ойындардың кейбір белгілерін айқындауға көмектесетін өзгеше бір анықтағыш бойынша табамыз: өндірістік және тұрмыстық дағдылармен байланысты ойындар, доп ойындары, соғыс ойындары, жаттығу ойындары. Қимыл ойындардың маңызын, сипатын, оларды пайдаланудағы сабақтастықты анықтау үшін мынадай саралауды ұсынады: зейін бөлетін ойындар, уақытты бағалауды үйрететін ойындар, баланың жеке мүмкіндіктерін ашып көрсететін ойындар, көз өлшемін дамытатын ойындар, байқаушылыққа жаттықтыратын ойындар, қимыл реакциясы мен үйлесімін жылдамдататын ойындар, шығармашылық қабілетті дамытатын ойындар, балалардың эмоциясы мен сезіміне әсер ететін ойындар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] 1-4, 1-11 сыныптарға арналған дене тәрбиесінің бағдарламалары. – Алматы. 1993. – С. 4-17.
- [2] 1-11 сыныптарға арналған жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесінен кешендік бағдарламасы. – М.: Просвещение. 1985. – С.5-13.
- [3] Dill D. The economy of muscular exercise //Physiol. Rev. – 1936. – Vol. 16. – PP.263-291.
- [4] Қуаныш Т.Ш. Дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері. – Алматы. 1997. – С. 297.
- [5] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. New York. 1954. – P.65-86.
- [6] Miyaznita M., Ssuadomoto T. The current problems of physical fitness in japanese children. Journal of sports medicine. – 1987. – P.40-45.
- [7] McClelland, D.C. The Achievement Motivation /D.C. McClelland, J.W. Atkinson. – New York. 1953. – P. 11-27.
- [8] Olympic School Project. – Melbourn. – 1989. – P.44.
- [9] Politino V. Physical Fitness and Intramurals. Grating Excitng Opportunities //JOPERD. – 1987. – Vol.58. – №2. – P.54-64.
- [10] Сапарбаев М.Б. Подготовка учителей физкультуры. – Алматы, 1992. – С.286.
- [11] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт тарихы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2009. – С.144.
- [12] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Астана: ЕҰУ. 2011. – С.429.
- [13] Сейсенбеков Е.К. Казахские национальные игры в учебном процессе учреждений образования и его роль в воспитании детей школьного возраста //Спорт и наука: Националната Спортна Академия «Васил Левски». Болгария, София. – 2014. – №3. – С.152-158.

- [14] Сейсенбеков Е.К. Оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асырудағы педагогикалық әдістер / Сейсенбеков Е.К., Тастанов А.Ж., Телахынов Е.Б. Педагогика және психология. – 2019. – №1(38). – С.205-213.
- [15] Тәнікеев М. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы. – Алматы. 2002. – С.254.
- [16] Тәнікеев М. Қазақтың ұлттық спорт ойындары: ҚазДТИ ғылыми еңбектері жинағы. – Алматы, 1956. – Б.26-45.
- [17] Тойлыбаев Б. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану. Дисс. ...пед.ғыл. канд. – Алматы, 1994. – С.28.

References:

- [1] 1-4, 1-11 synyptarga arналған дене тарбиесинin bagdarlamalary. – Almaty. 1993. – S.4-17.
- [2] 1-11 synyptarga arналған zhalpy bilim беретin mektepterdegi дене тарбиесинin keshendik bagdarlamasy. – M.: Prosveshchenie. 1985. – S.5-13.
- [3] Dill D. The economy of muscular exercise //Physiol. Rev. – 1936. – Vol. 16. – RR.263-291.
- [4] Kuanysh T.Sh. Dene tarbiесinin teoriyalyk zhane adistemelik negizderi. – Almaty. 1997. – S.297.
- [5] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. – New York, 1954. – P.65-86.
- [6] Miyaznita M., Ssuadomoto T. The current problems of physical fitness in japanase chidern. Journal of sports medizine. – 1987. – P.40-45.
- [7] McClelland, D.C. The Achievement Motivation /D.C. McClelland, J.W. Atkinson. – New York. 1953. – P.11-27.
- [8] Olympic School Project. – Melbourn. – 1989. – P.44.
- [9] Politino V. Physical Fitness and Intramurals. Grating Excitng Opportunities //JOPERD. – 1987. – Vol.58. – №2. – R.54-64.
- [10] Saparbaev M.B. Podgotovka uchitelej fizkul'tury. – Almaty, 1992. – S.286.
- [11] Sejsenbekov E.K. Dene shynykytyru zhane sport tarihy. – Shymkent: Nurly bejne, 2009. – S.144.
- [12] Sejsenbekov E.K. Dene shynykytyru zhane sport teoriyasy men adistemesi. – Astana: EUU. 2011. – S.429.
- [13] Sejsenbekov E.K. Kazahskie nacional'nye igry v uchebном processe uchrezhdenij obrazovaniya i ego rol' v vospitaniі detej shkol'nogo vozrasta //Sport i nauka: Nacionalnata Sportna Akademiya «Vasil Levski». Bolgariya, Sofiya. – 2014. – №3. – S.152-158.
- [14] Sejsenbekov E.K. Okushylardyn дене тарbiesi zhujesin zhuzege asyrudagy pedagogikalyk adister /Sejsenbekov E.K., Tastanov A.Zh., Telahynov E.B. Pedagogika zhane psihologiya. – 2019. – №1 (38). – S.205-213.
- [15] Tanikeev M. Kazakstandagy дене shynykytyru men sport tarihy. – Almaty, 2002. – S.254.
- [16] Tanikeev M. Kazaktyn ul'tyq sport o'yndary: KazDTI gylymi enbekteri zhinagy. – Almaty, 1956. – B.26-45.
- [17] Tojlybaev B. Bastauysh mektep okushylaryna дене tarbiesin berude halyktyk pedagogika elementterin pajdalanu. Diss. ...ped.gyl. kand. – Almaty, 1994. – S.28.

Методы обучения национальных игр на уроках физической культуры учреждений образования

Ж. Даурен¹, К. Абдреймова², С. Шыршыкбаев¹, Д. Садыкова¹, Д.С. Ташкеев³

¹Региональный социально-инновационный университет (Шымкент)

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы)

³Евразийский гуманитарный институт (Нур-Султан, Казахстан)

Аннотация

В статье дается характеристика на некоторые особенности и отношение национальных видов спорта игр современности к образовательным учреждениям. По данным социологических исследований, четко отражается отношение людей этим видам спорта и знания, сформированные через национальные ценности и богатства, тесно взаимосвязаны психологическими и человеческими факторами. Значение национальной физической культуры и активных видов спорта – их направленность удовлетворяет не только социальные нужды народа, но и из года в год, совершенствованный современными национальными чертами, легко воспринимается под-

растающим поколением. В годы Советской власти в республике национальные виды игр из-за потребностей классических видов спорта были смещены на второй план. По существовавшей тогда государственной политике, основное внимание было уделено спорту высших достижений, а массовым и оздоровительным, в том числе и национальным видам спорта, не придавали значения.

Ключевые слова: уроки физической культуры, национальные игры, характеристика, методы обучения.

Methods of teaching national games at physical education lessons of educational institutions

J. Dauren¹, K. Abdreimova², S. Shyrshykbayev¹, D. Sadykova¹, D. Tashkeev³

¹*Regional Social Innovation University (Shymkent, Kazakhstan)*

²*Abay Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)*

³*Eurasian Humanities Institute (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

Abstract

The article gives a description of some features and the attitude of national sports of modern games to educational institutions. According to sociological studies, the attitude of people to these sports is clearly reflected and the knowledge generated through national values and wealth is closely interconnected by psychological and human factors. The importance of national physical culture and active sports - their focus satisfies not only the social needs of the people, but also improved from year to year by modern national features, is easily perceived by the younger generation. During the years of Soviet power in the republic, national types of games were shifted to the background due to the needs of classical sports. According to the then existing state policy, the main attention was paid to sports of the highest achievements, and they did not attach any importance to mass and health-improving, including national sports.

Key words: physical education lessons, national games, characteristics, teaching methods.

Редакцияға 20.02.2020 қабылданды

FT AXP 14.09.95.

К.С.САХАРБАЕВА

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерватория

(Алматы, Қазақстан), karima5252@mail.ru; <https://doi.org/10.51889/2020-2.2077-6861.30>

ДӘСТҮРЛІ КҮЙШІ, ШЕБЕР – ЕДІГЕ НӘБИЕВТІҢ СИНКРЕТТІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

*«Домбыра – көшпелі елдің көне көз шежіресі,
көпті көрген қарияның көкірек күйі».*

А.Жұбанов.[1. 11 б]

Аңдатпа

Бұл мақалада «Қазақстанның орындаушылық өнері: ұлттық стиль мен дәстүрдің қоғамның ауысуындағы ролі» АР №05135997 ҚР БҒМ атты жоба аясында, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына орай қазақ күй өнерінің дамуы, сақталуының, жаңа дәуірлерге жалғасуының басты себептері қарастырылады. Сонымен бірге өткен ұлы бабаларымыздың бір бастарына қонған бірнеше қасиеттердің бүгінгі таңда жалғастығын сараптайды. Мұндай құндылықтардың жалғасуының алғы шарттары жанұя тәрбиесінен басталып, қоғамдағы бағыттардың аясында, тегінен берілген өнерді ұштай білетін біліктілікте, осы бағыттағы мамандармен байланыста болып, өзіндік ұстаным

қалыптастыра алатын ізденімпаздықта екенін сипаттайды. Дәстүрлі өнердегі осындай синкретті қасиетке ие, күйші Едіге Нәбиев үлгі ретінде алынып, автор осы саладағы жалғастыру, көбейту, дамыту мәселелерін алға тартады. Мақала жалпы өнертанушыларға, дәстүрлі өнерді зерттеуші ғалымдарға, магистранттарға, студенттерге арналған.

Түйін сөздер: ұлы даланың жеті қыры; халық мұрасы; күйші, шебер; дәстүрлі дыбыс; қағыс; үрдіс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» жобасымен «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылғанындай «Өнер – халықтың рухани дүниесі, ең басты құндылық, ...адамның жер бетінде өмір сүруінің мән-мәнісін, келбетін, маңызын анықтайды», – дегеніндей бұл, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың болмысы, шежіресі, «ұлттық коды» [2, Б.1]. Тағыда Елбасының: «...замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білуі қажет. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – дегеніндей қай елде, қай халықта да болмасын дана бірегей тұлғалар, данышпан қайраткерлер, сегіз қырлы, **бір сырлы дарындары олардың өнері** – солармен бірге өмір сүрген адамдардың және тарих жадында мәңгі сақталған [2, Б.1].

Қазақ халқы өнеріндегі ғасырлар бойына сақтаған сан қырлы рухани құндылықтар негізінің сындарлы саласының күрделі тармағы – музыка мәдениеті. Бұл орайда: «Мәдениеттің әр түрлі кезеңдері оның бірте-бірте дамуын көрсете келе, өткен дәуірдің мұрасы болып, келешектің қалыптасуында маңызды рөл атқарады» – деп ағылшын оқымыстысы, мәдениет танушы және этнограф Э.Тайлор айтқандай, біздің дәуірімізге көнеден жеткен «Саз-сарындар» өзінің эволюциялық жаңаруында ұлттық стильді сақтай, әр арнада дамып, әр туындының, композитордың, орындаушының ішкі дүние рухани байлығымен, музыкалық өнердің салалары болып қалыптасқан [3, Б.18]. Осы өнердің ерекше саласы «Ұлы даланың жеті қыры» тармағының көлемді саласы, қазақ халқының домбыра күйлері және аспап жасаушы шеберлері. Мұнда

олардың күй шығармашылық тілі, осыған байланысты күй құрылымдық табиғаты, музыкалық мәдениет деңгейі, білім және рухани дәрежесі т.б. көрініс табады. Бұл категориялардың бәрі заман мен адамның, қоғамның саяси әлеуметтік жағдайына орай дамып, халық арасынан шыққан таланттардың айналысқан қызметтері мен кәсіптеріне қарамай болашаққа жалғасады. Әр ұрпақ өзінің құндылықтарды қажетіне жарату, алға апару, үйрену, үйрету жүйесін жасайды.

Музыка мәдениетіндегі көне жәдігерлерді көз қарашығындай сақтап, өнер ғұмыр ұрпақты жаңа заманға бастаушы өткен мен бүгіннің және болашақтың «Алтын көпірі» қазақ өнерінің абызы, академик А.Қ.Жұбанов. Бүгінгі ұрпақ, ұлы бабаларымыз қалдырған асыл мұраның ұлағатын осы жолдан ұғып, жалғастыруда. Өйткені Қазақтың дәстүрлі күй өнері – «құймақұлақ» тәсілімен ауызша зердеге ұялап, жанұя мектебінде тыңдай жүріп-ақ, ата-мұра дәстүр ретінде бастарына қандай қиындық түсседе ғасырдан ғасырға жалғастырып отырған. Бұл жөнінде А.Жұбанов: «Қазақ халқы көз көрмеген көне заманның қиян түкпірінен бүгінгі жарқын күндерімізге жеткенше тарихтың не бір тар жол, тайғақ кешуін бастан кешірді. Бұл жолда ол ...даму тарихында үлкен дағдарысқа ұшырады, тоз-тоз болып көшпелі тұрмысқа, көшті; ...патша әкімдерінің адам айтқысыз қанауын көрді...» дей келе «солай бола тұрсада қотыр тайлаққа қазан-ошағы мен киіз күркесінің сынық шаңырағын артқан кедей әйелінің, бас бостандығы жоқ мұңлықтың қоштасуын, қой соңындағы қойшының, ауруды емдеген сымақ бақсының баршасының ішкі зарын ән- күйге салды...» деп, бар болмысын музыка мәдениетіне арқау еткенін айтып өткен [1, ББ.10-11].

Осындай бір Қазақ халқының басына

түскен нәубетті кезеңдерде ата-бабасы Бөкей ордасындағы күлдігінен еріксіз Ресей жеріне көшуге мәжбүр болып, елді аңсап жапа шекседе, шет жерде дәстүрлі өнерді жадында сақтаған атасы Нәбидің, әкесі Қуанғалидың санқырлы өнерін жалғастырушы, «сегіз қырлы, бір сырлы» деп халық тәмсілінде айтылғанындай халық арасынан шыққан таланттың бірі – Махамбет атындағы сыйлықтың, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Құрметті профессоры», танымал күйші, домбыра жасаушы шебер, әнші, жыршы, өнер жанашыры, қоғам қайраткері – Нәбиев Едіге (Эдегем) Қуанғалиұлы қақында сөз етпекпіз. Әкесі Қуанғали татар молдасынан оқыған және малдәрігері мамандығын алған, сол елде қызмет етіп, кейін қоныстанған ауылының абызы атанған күйші, жыршы, шебер, шешен, емшілік қасиеті де бар, өнерлі адам болған. Едіге күйші, әкесінің көрегендігімен өнерліні айналасына жинап қалыптастырған жанұядағы тәрбиемен өнер жолына келген. Басқа елде ержетседе, бұрынғы және қазіргі күйші-орындаушылардың арасында салт-дәстүрімізді санасына саялатып, жадына тоқыған, қанынан берілген тектілікті салауатымен көркейткен, орындаушылығы дәстүрлілігімен ерекшеленетін және алған жоғары білімді мамандығы басқа болғанымен, өнер саласындағы бала күннен дарыған құштарлығымен жан-жақты бағытта ізденген, бір басына бірнеше өнерді қонақтатқан, даладағы ауылдың ұлы мектебінен нәр алған ол, өнегелі ұлылардың жалғасы.

Едіге Нәбиев, 1949 жылы сәуір айының 17-де Астрахань облысы, Қарабайлы ауданы, Басты ауылында дүниеге келген. Ол, 8-ші классты қазақша бітіргеннен кейін, бұрынғы Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының Бас хатшысы Н.С.Хрущевтің «У нас не будет наций народностей – будет единый Советский народ» деген жалған ұранымен, ауылдағы қазақша мектептер жабылып, 1966 жылы Қарабайлы ауданы орталығында орта мектепті орысша тәмәмдайды. Мектепте оқып жүрген кезінен-ақ домбыра, гармонь,

жеті ішекті гитара тартып және спорттың да бірнеше түрімен айналысқан ол, ата-жұрты Орал қаласындағы пединституттың «Дене тәрбиесі» факультетіне түсіп, 1970 жылы бітіреді. Институтты үздік бітірген маманды Атырау облысы, қазіргі Құрманғазы (Теңіз) ауданының Ганюшкино ауылындағы Балалар спорт мектебінің директорлық қызметіне тағайындап, сол жерден Отан алдындағы борышын өтеуге Кеңес армиясы құрамына алынып, бұл уақытта да гитарамен күй орындаған. Кейін, бір жыл Астрахань облысында мамандығы бойынша қызмет атқарып, Алматы қаласының республикалық спорткомитетінде жұмысқа шақырылады. Өйткені ол, бұл қызметтеріне дейін де туған жеріндегі аудандық волейбол командасының капитаны, бала кезінде жеңіл атлетикадан ересектерге тиесілі спорт шебері нормативін орындаған, студент кезінде жеңіл атлетикадан Орал қаласының чемпионы болып танылған маман. Ширек ғасырдай осы мамандық бойынша жұмыс істеп, спортмектебі директоры, Қазақстан бойынша одақтық Олимпиадалық резерв жаттықтырушысы, әдіскері, Орал қаласының облыстық «Еңбек» спорт қоғамының, қалалық спорт комитетінің басшылық қызметтерін атқарған.

Жалпы біз, Едіге күйшіні өткен ғасырдың 1979-82 жылдарында Алматыдағы республикалық спорт комитетінде қызмет істеген кездерінен таныдық. Ол ауылдан шыққан өнерлі талант ретінде таныған Едіге Қуанғалиұлының Кеңестер одағы Республикалық спорткомитетінде Қазақстан бойынша Одақтық «Олимпиадалық резерв жаттықтырушысы-әдіскері» сынды өте жауапты қызметте болғанын енді біліп жүрміз. Әлеуметтік желіде Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатындағы тарихи деректе 1980 жылы Мәскеу қаласында өткен XXII Олимпиада ойындарында Қазақ елі спортшыларының жоғары жетістікке жеткені, бас бапкер Е.Нәбиевтің атқарған кәсіби қызметі, Олимпиададағы жетістіктері үшін Қазақстан республикасы Кеңестер одағы Жоғарғы кеңесінің «Құрмет», Кеңестер одағы «Олимпиада» комитетінің де «Құрмет» грамоталарымен т.б. спорт

саласындағы марапаттары туралы деректер бар [4 ҚР Президенті Мұрағат сайты].

Елдің даңқын өнер мен спорт саласының таланттары шығарады десек, ол әріптестерімен бірге бір ғана Мәскеу олимпиадасындағы атқарған өлшеусіз еңбегімен елдің абройын асқақтатқан. Спортта үлкен өнер, «талант барлық салада талант»-дегендей бұл салада қаншама жетістіктерге жетіп, басшылық қызметте бола тұрсада, тегінен берілген өнер жанынан бір жырақтаған емес. Қандайша лауазымды қызметтер атқарсада ол, өнерден ешуақытта қол үзбеген. «Қазақ тілі» қоғамының құрамында көршілес облыстарға, Ресей жеріне бірнеше концерттерге қатысқан. Кейін Орал қаласындағы Х.Бөкеева атындағы Қазақ драма театрында жұмыс істеп, 2012 жылдан зейнеткерлік демалысқа шығып, жастайынан жан серігі болған домбыра жасау ісімен және айналысады арақідік сол өлкедегі күй кештерінде, теледидардағы хабарларға қатысып, «күй орындаушылық» өнерінде өзіндік қол таңбасымен танымал. Күйшілік біріншіден табиғаттан, тектен, қанмен келетін қасиет, екіншіден жанұя тәрбиесімен, үшіншіден көрген-естігенін ыждағатты ұштаумен дариды. Осы орайда дарынды бабаларымыздың Едіге күйші сынды «құймақұлақ» әдісімен күй қонақтатқан тек орындаушылық үрдіс бағытындағы талантты ұрпақ қалдыра алулары да көрегенділік салауаты дер едік.

Бүгінгі таңда кәсіби білімді, шебер күйшілердің көпшілігінің өнер жолына қалам тартқанда ойға түйгеніміз, олардың жан сезіміндегі күйдің мазмұн-мәнінде бел алып жатқан ауыл тұрмысының, халық болмысының негізінен сусындағандықтары, заманға қарай бейімделе тұрса да сол ілкі арқауды сақтағандықтарында болып отыр. Өн-күй, жыр-терме өнерінің ауызша жалғасуындағы даму үдерісінің басты функциясын халық арасынан Едіге сынды шыққан орындаушылар атқарды. Мұндай халық арасындағы күйші орындаушылар бір жақты болмаған, олар бірнеше өнерді қонақтатқан, әртүрлі бұйымдар, аспаптар шебері, зергер, атбегі, аңшы, шабандоз,

ақын-әнші, жыршы, жан-жақты (синкретті) дарындылық қасиеттері ие болғандығы өнер тарихынан мәлім. Бұл баяндаудың жосығы мақаланың мазмұн негізіндегі танымал күйші-әнші, домбыра жасаушы шебер, өнертанушы, қоғам қайраткері Едіге Қуанғалиұлы Нәбиевке тікелей қатысты.

Едіге күйші 4 жасынан әке өнерімен сусындап, туған ағасы Сыдиық, Бөкейлік атақты күйші әкесінің досы С.Мұхатов («Тесік тамақ Сабыр»), А.Жұбанов кездескен Қ.Жантілеуов, Ж.Айпақов, Ғ.Әлжанов сынды т.б. Сол елге барған талай дәулескерлердің алдын көрген, қолынан алған, ұнаған күйлерін әкесі жинаған күйтабақтардан да үйренген, осылайша талмай ізденіспен үлкен орындаушылық үрдістің жолына бет бұрған. Алматы қаласында болған жылдары қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына жиі бұратын. Кәсіби өнерлі, домбырашы-профессорлар – Қ.Мұхитов, Х.Тастановтардың, т.б. ұстаздардың сабақтарына, күй кештеріне де жиі қатысатын. Оның күйшілік қасиетін жоғары бағалаған консерваторияның сол кездегі ректоры, «Шығыс жұлдызы» Ғ.А.Жұбанова кәсіби білім алуға ұсыныс жасағанымен, ол уақытта арнайы музыкалық білімі жоқ таланттар 2 жылдық дайындық курсынан бастауға тура келетін. Тағы да оның әншілік өнеріне тәнті болған Ғ.Құрманғалиевтың қазіргі Ж.Елебеков атындағы «Эстрада-цирк» колледжіне шақыртуына, және кезекті концерттен тыңдаған, көрген кино мамандарымен Ш.Уәлиханов шығармашылығына арналған фильмге шақырылған. Күй өнерінің жолында талмай ізденіп, кәусәрін келтіре бағын ашып, бағасын асырып жүргенімен, республика жұртшылығы назарынан, біздің күйтанушылардың көз қырынан сырт қалған. Өнертанушы Т.Сафуллиннің: Едігенің болмыс-табиғатында өзін-өзі дәріптеу мүлде жоқ. Сондықтан ұлттық мұраның алтын көзі, бұлағы қолымызда тұрғанда барын алып қалу парызымыз», дегеніндей, біз 2018 жылдан бастап күйшімен тығыз байланыс орнаттық [5, Б.48]. Қос музыкалық оқу орнына да дәм тартпағанымен: «Бір күн бәрібір тірілер, Шындық күйған, шын өнер», – деп

Фариза ақын айтқандай, ол, қазіргі таңда дәстүрлі күйшілігімен кең танымал талант [6, Б.42].

2019 жылы 70 жылдық мерейтойына орай «Өрісті өнер өнегесі» атты кітабын, орындаушылық өнеріне CD альбомын шығарды. Күйшілігі, шеберлігі т.б. қырлары жөнінде мамандар пікірлерімен ақпарат беттеріндегі мәліметтерді жинақтадық. Күйшінің досы Қазақстанның халық әртісі Т.Шәмелов жергілікті журналист Қ.Құттымұратұлына берген сұхбатында: «Едіге, сенің консерватория оқымағаның қандай жақсы болды! Әйтпесе біз сияқты болып шығасың ғой. Сенде қазақтың дәстүрлі күй өнері сақталған, ешкімге еліктемейсің, сонымен мықтысың!», – деген екен [7, Б.49].

Тұяқберді күйші бұл тұста, бағзы күйшілердің табиғатын мансұқ еткен Едіге күйшідей еркіндік болмайтынын, нотамен үйренген күйшілердің шектеуге түсетінін, күй иірім-қайырымының есептеуге тәуелділігін, сол күй шыққан замандағы оқиғаны, болмысты елестете алмауларынан орын алатын жайттарды тілге тиек етсе керек. Құлақпен алған дәстүрлі күйшілердің музыкалық білімі бар домбырашылардан ерекшелігі күнтіртібінен түспейтін мәселе. Киелі күйдің қыр-сыры нотаға түгел түсе бермейді, әрі орындаушының шеберлігіне орай, оның саусақ сиқырына байланысты туындайтын дыбыс әуезі, қол қимылындағы қағыстық қалтарыстары да құлақпен келетін қасиет екені әмбеге аян. Тіпті техногенді замандағы компьютеріңіздің өзі, күйдің нотасын, күйшінің екі қолы арқылы болатын әдіс-амалдарын толық дыбыстандыра алмайды. Құлақпен бала кезден күй әуезін көкірегіне қонақтатқан күйшілердің артықшылық құпиясы, тыңдарманның аңсайтын ғажабы да осында, сондықтан бала кезден құлақпен домбыра үйретуді қолға алған жөн. Бұл жөнінде: «Едіге, ата күйшілік өнердің соңғы тұяғы, дәстүрлі өнердегі жан-жақты қасиетті дарыта, дамыта білген өнерпаз, өзі жасаған домбырамен әр күйдің бұрауын тауып, мұндай өткеннің құйылып жатқан қоңыр да қою дыбыстарымен күйді бір деммен тұтас оқиғалы

мүсін қып тұрғызатын шебер күйші сирек құбылыс. Дала ұлылығындағы құлақпен алу үрдісі, домбыра жасауды қоса меңгеру ендігі дәуірімізде бола қоймас, менің пайымдауымша Едіге осындай қасиеттердің соңы», – деп бүгінгі күні белгілі күйші, күйтанушы, Қазанғап мектебінің, бүкіл дәстүрлі орындаушылар өнерін тереңінен тізбелеп жүрген А.Райымбергенов айтқандай, Е.Нәбиев сынды халық арасында көнені көргендер, құлағына күй әуезін қонақтатқандар қатары қазіргі таңда өкінішке орай селдіреп қалды [5, Б.50].

Домбырасын аялай күйге еніп, дыбыс іздеу, әр күйдің мазмұнына байланысты бұрауын табу, оқыс қимылсыз, қызуқандылық танытпай, әсірелемей туынды оқиғасына орай дыбыс өру, екі қол координациясының жымдасқан жүйесімен тыңдарманды өзімен бірге алға жетектеу және алдымен күйдің мазмұнын дәстүрлі түрде әңгімелеп алу, Едіге күйшінің басты ерекшелігі. Едіге күйшінің шебер орындаушы ретінде басты ерекшелігі – оның мамырлаған қоңыр дыбыс әуезінде. Пернедегі сол қол қозғалысы көзге ілгісіз, алайда кейде солқылдаған, кейде сылаңдаған тап-таза дыбыс әуезі жүрек тербейді, күй мазмұнынан сыр сауады, бірақ оң қолындағы қағыс амплитудасы да көзге байқалмайды, құлаштаған қимыл да жоқ, дәстүрдің жұмбағы осында болса керек. Біздің пікірімізше, бұл бала күннен құлақпен алғанның және табиғаттан берілген таланттың нәтижесі екені сөзсіз. Оның домбырадан дыбыс іздеу үрдісінде жұмбақ сырлары көп, күй тыңдаған құлаққа бұрынғының көне сарыны, нағыз күйшілердің қол алысының қасиетімен мамырлаған қоңыр әуезі келеді. Белгілі күйші С.Шәкірәт: «Едіге әр мектепті өз дәстүрінде шебер орындайтын өте жақсы домбырашы ...сол мектептің саз-сілемін аудармай ұстанатындығы...», – десе [5, ББ.53-54].

Едігенің орындауындағы Қазанғаптың күйлерін А.Райымбергеновке тыңдатқанымызда: «...мынау Жәлекештің орындауындағы түрлемі ғой, дәл алған екен», – деген еді [5, ББ.55]. Осындай бағалаулардан кейін «Қазақстан-1» телеканалының «Ұлы дала

сазы» мегежобасына, Ықылас атындағы мұражай өткізген «Көнеден жеткен әуез», А.В.Затаевичтің 100 жылдығына арнайы шақыртылып және т.б. көптеген шараларда күйшілік өнері кең қанат жайды. Орындаушылық өнердегі жетістігінің басты ерекшелігі күйшінің аспабын өзі жасап алуында. «Егер де мал керек болса, қол өнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұттаймайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қол өнері – қазақтың әулиесі сол», – деп ұлы Абай айтқандай, қол өнері, шеберлік те тектен, қанмен келетін қасиет [8, Б.57].

Едіге Қуанғалиұлы өнерінің баршасын, оның ішінде осы бір ерекше домбыра жасау шеберлігін де әкеден мирас еткен. «Хас өнерпаздың бойына біткен сан түрлі өнеріне қоса, өтірікке, жалған атакқа, тәртіпсіздік пен қиянатқа әрдайым «мүлдем төзбеушілік» танытатын жан тазалығын, сөзіне беріктігі мен адалдығын ескергенде, «Сірә, ертедегі серілердің сарқыты осы Едіге ағамыздай

болар», –деп өнертанушы Н.Набиоллаұлы айтқандай, Едіге Қуанғалиұлының бірнеше өнердің тізгінін тел ұстауы нағыз дәстүр жалғастығы және құстың қос қанатындай әуелеген дауысты әншілігі, оның күйшілік дыбыс құдіретінің тылсым тұнған тұңғиығы десек артық айтқандық емес [9, Б.2].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ел тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады леп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы», – дегеніндей Е.Нәбиев сынды тұлғалар осы бағыттың көшбасылары, уақтылы табу, өнерлерін халық қадесіне жарату, осы саладағы мамандардың міндеті [10, Б.3].

Е.Нәбиевтің домбыра жасау қырларымен әншілік, жыршылық өнері және өнертанушылығы қырларын келесі мақалада жалғастырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- [1] Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Дайк-Пресс. 2002. – 317 б.
- [2] Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру /Егемен Қазақстан: 12.04.2018.
- [3] Тайлор Э. Первобытная культура. – М: Политиздат, 1989. – 572 б.
- [4] Взгляд в прошлое: Казахстанские спортсмены в составе олимпийских сборных СССР. ҚР президенті мұрағаты «inform.kz https://www.inform.kz/ru/vzglyad-v-proshloe-kazahstanskie-sportsmeny-v-sostave-olimpiyskih-sbornyh-sssr_a2932007» (21.03. 2019)
- [5] Сахарбаева К., Набиоллаұлы Н. Өрісті өнер өнегесі. – Алматы: Қазақ кітабы, 2019. – 320 б.
- [6] Оңғарсынова Ф. Дауа. – Алматы: Өнер, 1985. – 360 б.
- [7] Құттымұратұлы Қ. Домбыра қазақтың тарихын жазып шыққан аспап /Егемен Қазақстан, 19.06.2018. – 12 б.
- [8] Абай. Қара сөздер. Поэмалар. – Алматы: Атлас, 2001. – 127 б.
- [9] Набиоллаұлы Н. Сарай-Бату /Орал өңірі: 3.08.2017. – 10-11 бб.
- [10] Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры /Егемен Қазақстан. 22.11.2018.

References

- [1] Zhubanov A. Gasyrlar pernesi. – Almaty: Dajk-Press. 2002. – 317 b.
- [19] Halina N.V., Hrebtova T.S. Epistemo-kognitivnyj tezaurus M.P. Kotyurovoj //Filologiya v XXI veke, 2019. – S1. – S.300-304. Rezhim dostupa: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_39555655_84772622.pdf (data obrashcheniya: 14.04.2020).
- [20] YAkovenko YU.I., Bagaeva T.L., Tashchenko A.YU. Osnovnye teoreticheskie podhody k opredeleniyu kul'turnyh kodov v sociologii //Vestnik RUDN. Seriya Sociologiya, 2015, T.15. – №3. – S.19-33. URL: <https://doaj.org/article/b584a91370614459983b4ff350d63df4> (data obrashcheniya 27.04.2020).

Мәдени кодтың когнитивті тезаурус: коммуникативті және эпистемологиялық аспектілері

С.М.Алтыбаева

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа

Мақалада мәдени кодтың дамыған теориясының танымдық тезаурусын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазақстандағы әдеби дискурстың кейбір эстетикалық-коммуникативті стратегиялары анықталған. Бұл стратегияларды жүзеге асыруда нақты эпистемалар – мәдени кодтар ерекше рөл атқаратындығы айтылады. Мәдени код оның тұжырымдамалық өзегіне енгізілген мәтіннің маңызды семиотикалық бірлігі болып табылады. Мәдени код теориясының философиялық, идеологиялық, концептуалды өзегі, этнотереотип, гетеротопиялық маркерлер, егжей-тегжейлі көп мәдениетті ландшафт және басқалары терминологиялық мағынаға ие. Тезистік ұғым – дүниетану және тарих, қазіргі заманғы көркем әлемді әмбебаптандыру, мультимәдениеттілік пен күрделі баяндау құрылымдары арқылы негізделеді. Тарихи баяндаудың ерекшелігі – оқырманды баяндалған оқиғалар мен мәдени артефактілерді декодтаудың белсенді коммуникативті процесіне қатыстыра отырып, оның сипаттамалық потенциалды анықтамалық жолмен талданатынын көрсетеді. Көркем мәтін құрылымындағы миф-фольклорлық бірліктердің гетеротопиялық маркерлері зерттеледі және дәстүрлі этномәдени кодтардың тұрақтылығы мен итерациясы белгіленеді.

*Түйін сөздер:*тезаурус; мәдени код; әдебиет; стратегия; эпистема; таным; дискурс.

Cognitive Thesaurus of Cultural Code: Communicative and Epistemological Aspects

S.M. Altybayeva

*Ablai Khan Kazakh University of International Relations and
World Languages (Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

The article discusses the problem of the formation of the cognitive thesaurus of the developed theory of the cultural code, defines some aesthetic-communicative strategies of the literary discourse of Kazakhstan. It is noted that in the implementation of these strategies a specific role is played by specific epistemes– cultural codes. The cultural code is defined as a significant semiotic unit of text included in its conceptual core. Such concepts of the theory of cultural code as philosophical, ideological, conceptual core, ethnostereotype, heterotopic markers, detailed multicultural landscape and others receive terminological design. The thesis of knowledge of the world and understanding of history, modernity, the possible future through the universalization of the art world, multiculturalism, complex narrative structures is substantiated. The specificity of a historical narrative is analyzed with its characteristic capacious referential mode, involving the reader in the active communicative process of decoding narrated events, cultural artifacts. The heterotopic markers of myth-folklore units in the structure of a literary text are studied, the stability and iteration of traditional ethnocultural codes are noted.

Keywords: thesaurus; cultural code; literature; strategy; episteme; cognition; discourse.

Поступила в редакцию 04.03.2020

МРНТИ 14.23.05

С.С.БУКЕШОВА¹, Р.Қ.КЕРИМБАЕВА¹

*¹М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
(Тараз, Қазақстан), bukeshovas@mail.ru; risti1971@mail.ru
<https://doi.org/10.51889/2020-2.2077-6861.33>*

БАЛАЛАРДЫ ГАДЖЕТТЕРДЕН АЛШАҚТАТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ АСЫҚ ОЙЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Аннотация

Мақала бүгінгі техниканың дамыған заманында балалардың интернетке, гаджеттерге тәуелділіктен арылтудың ұтымды құралы ретінде асық ойындарын қолдану мәселесі туралы. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығына, психологиялық дамуына гаджеттердің кері әсері сараланған. Дегенмен де, бүгінгі таңда балалар бейсаналы түрде гаджеттерге тәуелді болып үлгерген. Балалардың гаджеттерге тәуелділік салдары, олардың денсаулығына, дамуына, жалпы ұлт болашағына кері ықпалын тигізіп отыр. Автор балаларды гаджеттерден алшақтату мақсатында асық ойындарын пайдаланудың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін көрсетеді. Қазақ халқының төл ойыншығы болып саналатын асықты заман талабына сай жаңғырту арқылы жаңа үлгіде жасалған ойын түрлері ұсынылады. Асық ойындарын балабақшаның оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың ұтымды педагогикалық, әдістемелік жолы анықталады. Асық ойындарын заманауи бағытта пайдалана отырып, балалардың танымдық процестерін, сенсорлық дамуын қалыптастырудың тиімді бағдарламасын білім саласында инновациялық жоба ретінде қолдану тәжірибесі жасалған.

Түйін сөздер: асық ойыны; гаджет; тәуелділік; даму; ұлттық құндылық.

Өзектілігі. Бүгінгі жас ұрпақты гаджеттерден алшақтатудың альтернативасы ретінде қазақ халқының ұлттық ойыны, асықты заманауи үлгіде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік жолын анықтау. *Зерттеу мақсаты:* асық ойындарын бала дамуында қолдану мүмкіндігін психологиялық-педагогикалық тұрғыда негіздеу. *Зерттеудің ғылыми жаңалығы:* балаларға гаджеттердің орнына асықтан жасалған заманауи үлгідегі ойыншықтар топтамасын ұсыну. *Зерттеу базасы:* зерттеу жұмысы Тараз қаласының №43 «Еркеназ» балабақшасының мектепалды даярлық тобында жүргізілді.

Негізгі бөлім: Мектепке дейінгі шақ – адамның тұлға болып дамуының негізгі кезеңі болып саналады. Дәл осы уақытта берілген білім мен білік, меңгертілген дағды машығы баланың жадында ұзақ сақталады. Яғни 0-6 жас аралығында балалардың ақыл-ойы, сезім анализаторларының қарқынды дамитын кезеңі. Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті ойын. Бүлдіршіндер қоршаған ортаның болмысын, заттары мен құбылыстарын ойын арқылы қабылдайды [1]. Өкінішке орай бүгінгі таңда, көптеген ата-аналар өздері үй шаруасын еркін істеуі үшін, балаларды тыныштандыру мақсатында қолдарына гаджеттерді ойнауға ұстата салады. Балалар кішкентай саусақтарымен шұқылап, лезде өздеріне қажетті ойындарды немесе мультфильмдерді ашып көреді. Әбден гаджетпен ойнауға әуестенген балаларды ғаламторға тәуелділіктен алып шығу оңай емес. Біздің байқағанымыз, ХХІ ғасырдың індеті ол – гаджеттер мен ғаламтор болып отыр. Осындай көкейкесті мәселені анықтау үшін, біз арнайы зерттеу жүргіздік [2].

Қазіргі ХХІ ғасыр – әлемдік техника мен технологияның даму заманы. Осындай қарқынды дамып отырған заманда «ақылды құрылғылар» –гаджеттер адамның қоғамдағы өміріне тікелей еніп кетті. Әлемдік зерттеулер бойынша 3-5 жастағы балалардың 93% аптасына 28 сағатын теледидар алдында өткізеді екен. Балалардың көз жанарына, жалпы дамуына қаншама зиян келіп жатқаны белгілі [3]. «Экран

тәрбиесінде» болған балалардың қалыптасуы мен денсаулығында айтарлықтай кері өзгерістерді байқауға болады. Сондықтан бүгінгі таңда дүниеге келген балалардың дамуында көптеген ауытқушылықтар жиі кездеседі. Өсіресе, тіл кемістігі, ақыл-ой дамуы ауытқушылығы, аутизм, даун синдромы сияқты кемістіктер бар. Мектеп жасына дейінгі балалардың 25% тіл кемістігі бар. Ал 70-ші жылдары бұл көрсеткіш тек 4% құраған. Мұның негізгі себебі, ғылыми техникалық прогрестің адам өміріне қарыштап енуі. Осы тұрғыда балалардың дамуына әсер ететін зиянды құбылыстар бар. Гаджеттерден бөлінетін инфражарықтар мен ультрасәулелер көз жанарына, жүйке жүйесіне, ұйқы режимінің бұзылуына тікелей ықпал етеді. Бір орында тапжылмай отырып, телефонмен ойнаған балалардың бойында артық салмақ, қан айналымының дұрыс жүрмеуі, омыртқа қисаюы, сүйектер әлсіздігі, тірек-қимылдарының кеш жетілуі сияқты денсаулықтың нашарлауына әкеледі [4].

Гаджеттердің бала денсаулығына кері әсері:

1. *Ми стимуляциясының қателігі.* Кішкентай баланың ми өлшемі, ол өскен сайын дамып, көлемі ұлғайа береді. 21 жасына дейін ми көлемі тұрақты түрде дамып ұлғаюы қажет. Ал оның көлемінің артуы тікелей тітіркендіргіштердің болу немесе болмауына байланысты. Ал тітіркендіргіштердің жұмысын дұрыс атқаруына теледидарлар, гаджеттер кері ықпал етеді [5].

2. *Уақытынан кеш жетілу.* Электронды құрылғыларға тәуелдік, бір орнында тапжылмай отыруға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл баланың дене және ақыл-ой тұрғысынан да дамуын кешеуілдетеді.

3. *Артық салмақ.* Гаджет ойындары барысында балалардың тамақтануы бұзылады, бір орнында отырып құрғақ тағамдарды асығыс жей салады, метаболизм процесі дұрыс жүрмегендіктен артық салмақ жиналады. Гаджетпен әуестенген балалардың арасында 30% артақ салмақтан зардап шегуде [6].

4. *Ұйқының бұзылуы.* АҚШ ғалым-

дарының зерттеу мәліметінше 60% ата-аналар балаларының гаджеттермен қаншалықты әуестеніп кеткендігін аңғармайды. Ал ата-аналардың төрттен үш бөлігі балаларына гаджеттерді жатын бөлмеге алып кетуіне рұқсат етеді. Экран жарықтары ұйқы фазасының уақытын кешеуілдеткендіктен балалар ұйқыға кеш жатады, аз тынығады, ұйқылары қанбайды [7].

5. *Психикалық ақаулар.* Шетел ғалымдарының зерттеулерінде, ғаламтордағы ойындар бала психикасына теріс әсер ететіндігі анықталған. Ойынға деген тәуелділік баланың өмірге қанағаттанбау сезімін оятады, қобалжуды арттырады, күйзелісті, депрессияны туындатады. Баланың әлеуметке қосыла алмай, қорқыныш фобиясын арттырады.

6. *Қатігездік.* Теледидар және ғаламтор ойындарындағы қатігездік шынайы өмірде де көрініс тауып жатады. Бала дайын іс-әрекеттер макетін алып, оны шынайы өмірде жүзеге асырғысы келеді. Балаларда ашушандық, агрессия, жағымсыз эмоциялық көріністер байқалады [8].

Осылайша, қазіргі қоғамның індеті болып отырған виртуалды әлем ойындарының жағымсыз ықпалы, бала зейінін тұйықтап, тежелуіне, агрессивті мінез-құлықты тудырып, көру мүмкіндігі нашарлап, қисайып отырғандықтан, омыртқасына кері әсерін, жүйке жүйесі қызметін бұзып, әлеуметтенуі төмен қалатыны белгілі болды.

Бүгінгі өркетиетті қоғамды озық технологиясыз елестету мүмкін емес, дегенмен де, балаларды ерте жастан ғаламторға тәуелділіктен арылтуда жаңа ойыншықтар мен ойын түрлерін қолдану қажет. Осы тұрғыда, біз қазақ халқының балалар мұрасынан қалған асық ойындарын қайта жаңғыру мақсатында ойыншықтар жіктемесін жасадық.

Асық ойыны біздің заманымызға дейінгі VII-IX ғасырларда көшпелі тайпалардың ықылымнан келе жатқан ұлттық-спорттық, мәдени-сауықтыру ойындарының түрі ретінде танылған. Оны қазақтардан басқа қырғыздар, қарақалпақтар, алтайлықтар да ойнаған. Асық – төрт түлік малдың

тілерсегінен, буынына біткен қызметі күрделі шымыр сүйегі. Яғни, қой, ешкі, сиыр, түйе, жылқы асығы қазақ халқының төл ойындары арқылы танымал. Оның ішінде қой, ешкі, түйе асықтары үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішінде. Ал жылқы асығы пішінімен ерекшеленіп тұрады. Қазақ халқында «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер» сынды асық арқылы ойыналатын ойынның түрлері бар. Асық ойындары балаларды мергендікке, ептілікке, шеберлікке және бәсекелестікке тәрбиелейді [9].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деп жазған болатын [10]. Демек, мектепке дейінгі кезеңнен бастап ұлттық құндылықтарды меңгерту арқылы аланың дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру өте өзекті [11].

Осындай мақсатты негізге ала отырып, асық ойындарын инновациялық бағытта қолдануда жүргізілген эксперименттік жұмыс балабақша базасында үш жыл жүзеге асырылды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының вариативті оқу бөліміне «Асық ойындарын», балалардың бос уақытын ұйымдастыруда «Ұлы дала қазынасы» үйірме жұмыстарына асық ойындары енгізілді. Балабақшада «Асықтану орталығы» кабинеті ашылып, ұлттық нақышта жабдықталды. Эксперименттік жұмысқа балабақша тәрбиешілері, психологтар, логопедтер, ата-аналар қатысты.

Балабақшада және отбасында асық ойынын ойнай бастаған баланың бойында оң өзгерістердің пайда болып, іс-әрекеттері шапшаңдап, белсенді қимыл-қозғалыс жасап, көңіл күйлерінің көтерілгенін ана-аналарда байқаған. Ойын барысында бала үздіксіз қозғалыс үстінде болады. Дене сымбатына мол септігі тиеді. Дене бітімі шымырланып, шапшаң және ширақ бола түседі. Сонымен қоса, балада бәсекелестік, кәсіпкерлік қабілеттер де дамиды. Бала ұтып

алған асықтың саны артқан сайын қуанады. Өзімен қатарлы балалармен бірге ойнау барысында ұйымшылдыққа, достыққа, тіл табыса алуға дағдыланады [12]. Осы тұрғыда, біз асықтан жасалған жаңа ойыншықтар жіктелмесін ұсынамыз:

Асықты қобдиша. Балаларды мектепке даярлау мақсатында асықты қобдишаны жасадық. Ол ағаштан жасалған тік төртбұрышты құрал. Қобдишаның төрт қыры әрбір жағынан ұлттық оюлармен көмкерілген. Қораптын әр беті әртүрлі қызмет атқаруға арналған. Негізгі элементі – асық. Бұл ойыншықтан сандар, әріптер, математикалық тапсырмалар мен балалардың қол күшін арттыруға арналған жаттығулар модулі жасалған.

Асықты-дойбы. Ойын ережесі дойбымен сәйкес келеді. Көлемі кіші болатын асықтарды сәйкесінше ақ және қара түстерге бояп, арнайы дойбы тақтайшасына қойылады. Ойын барысында балалар асықтармен жүреді, ұтылып қалмау үшін, айла тәсілге, логикалық ойлау операциясын түзеді. Жүріс барысында әрбір ұстаған асықтың иір-иір бедері баланың саусақтарының сезгіштік түйсіктерін арттыра береді. Ойын тақтайшасы ұлттық оюлармен безендіріліп, эстетикалық талғамды арттырады.

Көңілді смайл. Дөңгелек тақтайшаға смайл суреті салынған. Жымиған смайлға кішкентай асықтар бекітілген. Олар ашық, қанық түстерге боялған. Тәрбиеші оларды ойын барысында шатастырып, балаға ұсынуы мүмкін. Ал баланың міндеті, оны түстері арқылы бөліп жинау. Ол баланы байқампаздық, ұқыптылық пен өмірге бейімдеуге баулиды. Ойыншық логиканы емес, балалардың дене қимылын, қолдың бұлшық еттерін, білек күшін жаттықтыруға арналған.

Бауды байлайық. Ойыншықтың сыртқы келбеті аяқ киімге ұқсас ағаш тақтайша негізінде ойластырылған. Бала тесілген асық көздеріне жіпті өткізіп, баулықты байлауы керек. Осы ойыншық арқылы баланы бау байлау техникасына оңай үйретуге болады. Баланың ұсақ қол саусақтарының

қимыл-қозғалыстары ептілікке машығады. Көп жағдайда балалардың өздігінше аяқ киімін киіп, баулығын байлауы қиындық туғызатынын байқаймыз. Осы ойын арқылы қажетті дағдыны меңгереді.

Орынын тап. Дөңгелектеніп ойылған ағаш конструкциясына айналдыра асықтар бекітілген. Бір қарағанда техникасы модульге ұқсас. Дөңгелекше түрлі түстермен әсемделіп, асықтар да әр түске боялған. Ойын барысындағы баланың міндеті – асықтарды түсіне сәйкес екі саусағымен жылжытып, сырғытып апаруы керек. Ойыншық көмегімен бала түстерді танып, оны ажыратып, саусақ және білек күшін арттыруға мүмкіндік алады.

Реті арқылы санау. Осы ойыншық көмегімен бала сандармен танысып, оларды жаттауға мүмкіндік алады. Құрылымы ағаштан жасалған. Түбіріне дөңгелектен ағаш тақтайшалар желіммен отырғызылған. Әр таяқшаның алдына 1-ден 10-ға дейінгі сандар жазылған. Баланың алдына түрлі түске боялған асықтар ұсынылады. Көрсетілген санға сәйкес, бала таяқшаларға асық санын сәйкестендіріп қадауы керек.

Түсі бойынша жинау. Бұл ойыншықтың айырмашылығы жинаған асықтардың түсіне назар аударылады. Түсі бойынша жекелеген таяқшаларға жинау қажет. Құрылымы «Реті арқылы санау» ойыншығына ұқсас. Бала осы ойыншық арқылы түстерді бір-бірінен ажыратып, оларды жаттап, дұрыс атап, есіне сақтап үйренеді.

Асықты қоржынға жинайық. Тақтайша қоржынға ұқсатып кесіліп, бетіне асықтың түрлі пішіні ойылып бастырылған ойыстардан тұрады. Қоржын қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен әсемделіп, безендірілген. Қоржын балалардың қызығушылығын тез оятып, көзге тартымды түрлі-түсті дорба спеттес. Бала қоржынның пішініне сәйкестендіріп, асықтарды орналастырып шығуы керек. Осы ойыншық арқылы бала асықтың орналасу үлгілерімен танысып, оларды бір бірінен ажыратып үйренеді. Бүлдіршіннің бойында байқампаздық, сәйкестендіру, салыстыру, көз өлшемін сияқты ойлау операциясы дамиды.

Асықты шот. Математикада кеңінен

пайдаланылатын шот баршамызға таныс. Балалар асықты шот арқылы жеңіл математикалық амалдарды орындауды үйренеді. Асықты шот балаға қосып, алуға, есептеуге арналған көмекші құрал қызметін атқарады. Шоттың пішіні түйеге ұқсас, екі өркештің ортасы темірге тізілген асықтар тізбегінен тұрады. Ерекше шот балаға асықпен танысуға және математикалық амалдарды орындауға мүмкіндік береді.

Сандар мен әріптер. Көлемі түрлі кіші асықтардың беттеріне әріптер мен сандар жазылған. Дауысты және дауыссыз әріптер түстер арқылы ажыратылған. Бұл баланың әріптермен, сандарды меңгеруге, сөз құрап, оның орфографиялық үлгісімен танысуға мүмкіндік туғызады. Асықтарды қолға жиі ұстау балалардың сенсорлық дамуына да оң әсер етеді. Бала ерте жастан жазу және математикалық сауаттылыққа үйрене бастайды.

Асықты модуль. Бұл модуль «Монтессори» кабинетінде орналасқан модульдің аналогіне ұқсайды. Дөңгелек және төрбұрышты жолақтардың бойымен бала бекітілген асықты ұстап арлы-берлі жүргізеді. Осылайша біз ұлттық нақыштағы асықты модуль ойыншықтарына тез, әрі тиімді қол жеткізе аламыз. Осы ойыншық арқылы баланың қол бұлшық еттері жетіліп, дене бітіміне әсер береді.

Асықты массаж. Кішкентай асықтарды ағаш тақтайшаға немесе қалың фетрлі материалға желімдеп бекіту арқылы, асықты массажға қол жеткізуге болады. Асықты массаж кілемшесі, төрбұрышты немесе дөңгелек тақтайшалар, асықты жолақты алаша түрінде болады. Асықтарды түрлі түстерге бояп қоюға да болады. Сонымен қатар, фетр материалынан қолғап жасап, оған асықтан тігілген массажды қолғап жасауға да болады. Топтық ойындарда, саппен жүруде сол қолғаптармен балалар бір-бірінің арқасына массаж жасай алады. Ол топта жағымды ахуал қалыптастырып, ұжымға көңілді эмоциялық әсер береді. Асықтың кедір-бұдырлы пішіні балалардың табан

түйіндеріне массаж, әрі майтабандықтан арылтады.

Осылайша асық ойындары арқылы балалар қазақ халқының ұлттық құндылықтарын меңгерумен қатар, асықтан жасалған жаңа ойыншықтармен ойнауға дағдыланады. Біз жүргізген зерттеуде асық ойынының балаларды дамыту құралы ретінде маңызын SWOT талдау арқылы анықтадық.

S – Strengths (мықты тұстары) – «Асық» ұлттық өнім болғандықтан, оны қолдану әрі алға қарай дамыту, тек эксперименттік жұмыс авторларына ғана емес, түбегейлі ұлт үшін де пайдалы бола білмек. Балалар жас кезеңінен бастап, ұлттық ойындарды бүгешүгесіне дейін біліп, оған қызыға ойнаса, онда асық ойыны талдаудың мықты тұсы болып табылады.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағыттары бойынша негізгі міндет, «ұлттық кодымызды» сақтау. Әрине, бұл дегеніміз осындай тың идеялардың арқасында жүзеге асатын үдеріс болып табылады. Асық ойындары арқылы балалардың дене және ақыл-ой дамуы, денінің сау болуы басты назарға алынып отыр.

W – Weaknesses (әлсіз тұстары) – шетел ойыншықтарының қарыштап дамыған заманында, ұлттық ойынның ұлт деңгейінде мойындалуы үшін де уақыт қажеттілігі туындайды. Негізгі жұмыс балабақшада болғандықтан олардың ел арасында танымал болуы қажеттілікті туындатып отыр.

O – Opportunities (мүмкіндіктері) – «Асық ойындары» болашағынан зор үміт күттіретін жоба. Үздіксіз ізденіс пен ғылыми тұрғыдан зерттеулерді талап етеді. Бастама – тек ғылыми-педагогикалық эксперимент түрінде қалып қоймай, шетел өнімдерімен таласқа түсе алатындай «Ұлттық бренд-ке» айнала алады. Қазақстандағы төл ойыншықтар санын арттырып, балалардың бос уақытын тиімді өткізуге бірден бір кепілдік. Төл ойыншықтар арасында да асық ойыны қол жетімді болмақ. Баласының дамуына ерекше мән беретін ата-ана өз перзентіне асықты, өзі жинай берсе де болады. Бұл ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты да жақсартып, жауапкершілік пен ұрпақтар

сабақтастығын қалыптастырады. Ежелден белгілі, асықты ата-әжелеріміз өз балаларына, немере, шөберелеріне, шөпшектеріне атап жинаған көне қазына. Асықтың бір өзі, түрлі қымбат ойыншықтарды алмастыруда қызықты, әрі негізгі алтернатива бола алады. Тек балабақша деңгейінде қалып қоймай, нарықтық деңгейге көтеріліп, дүкен сөрелерінен табыла білсе қолжетімділік деңгейі, мүмкіндігі артады.

T – Threats (қауіп қатері) – асық ойынның қолданудың негізгі қауіп-қатері, оның жаңа жоба болуында. Кез-келген жаңа дүние халық арасында сенімсіздік сезімін тудырады. Сондықтан асықты пайдалану арқылы жаңадан жасалған асық ойыншықтары ата-аналардың сенімінен шығып, балалардың жүрегін жаулау үшін уақыт қажет. Әлемдік брендтерді тысқары шығарып, балалардың фавориті бола білуі үшін де әрдайым асықтың жаңа қырларын ашып отыру негізгі шарт.

Қорытынды. Ғасырлар бойы халықтың зердесінде сақталған, асық ойындарының білімдік, танымдық, дамытушылық және тәрбиелік маңызы «ұлттық ойын», «ұлттық дүниетаным», «ұлттық сана», «ұлттық құндылықтарды» қалыптастыру негізі. Балаларды асық ойындары арқылы ортақ мақсатқа жұмылдыру ынтымақты, ауызбіршілікті, тұрақтылықты сақтау, ел дамуының бірлікті нығайту үлгісі. Асық ойындары этнопедагогиканың құндылық мұрасы, таным көзі, балаларды ұжымда топтастыру, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру құралы. Асық ойындарын әлі де, түбегейлі зерттеп, инновациялық жобалар жасап, тәжірибеге ендіруді, озық үлгілерді таратып, насихаттауды қажет ететін ғылыми жұмыс.

Болашақта жас ғалымдар мен ізденуші магистрант, докторанттарға, асық ойындарын этнопсихологиялық, этнопедагогикалық қырынан зерттеу тақырыбы болатын тың мәселелер бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Шерьязданова Х.Т. Психология общения в дошкольном образовании: теория и практика: Монография. – Алматы, 2015. – 193 с.
- [2] Уоллейс П. Психология Интернета. – Алматы: Национальное бюро перевода, 2019. – 356 с.
- [3] Лисецкий К.С. Психология негативных зависимостей. – Самара, 2016. – 220 с.
- [4] Носов Н.А. Виртуальная психология. – М., 2017. – 300 с.
- [5] Брунер Д.С. Психология познания: за пределами непосредственной информации. – М., 2016. – 220 с.
- [6] Балғынбеков Ш.А., Бегалина А.Ж. Мектеп жасындағы балалардың тамақтануының ерекшеліктері // Педагогика және психология. – 2017. – №3 (32). – Б. 133-138.
- [7] Меркулова Д.Ю. Дошкольники в сети интернет. – М., 2017. – 250 с.
- [8] Майерс Д. Әлеуметтік психология. – Алматы: Национальное бюро перевода, 2019. – 360 с.
- [9] Шілібаев Б.А., Күзембаев Ж.Е. Асық ойындарының негізі. – Тараз, 2018. – 180 б.
- [10] Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 12.04.2017.
- [11] Балтабаева Ж.Қ., Иманбаева С.Т., Кенжетай М. Тұлғаның сапалық құндылықтарын қалыптастырудағы педагогикалық диагностиканың ықпалы // Педагогика және психология. – 2017. – №2 (31). – Б. 173-179.
- [12] Керімбаева Р.Қ. «Мәңгілік ел» ұрпағының рухани тұлғасын қалыптастыруда этнопедагогикалық жобаларды пайдалану: Монография. – Тараз, 2020. – 110 б.

References

- [1] Sher'yazdanova H.T. Psihologiya obshcheniya v doshkol'nom obrazovanii: teoriya i praktika: Monografiya. – Almaty, 2015. – 193 s.
- [2] Uollejs P. Psihologiya Interneta. – Almaty: Nacional'noe byuro perevoda, 2019. – 356s.
- [3] Liseckij K.S. Psihologiya negativnyh zavisimostej. – Samara, 2016. – 220 s.
- [4] Nosov N.A. Virtual'naya psihologiya. – M., 2017. – 300 s.
- [5] Bruner D.S. Psihologiya poznaniya: za predelami neposredstvennoj informacii. – M., 2016. – 220 s.

- [6] Balgynbekov Sh.A., Begalina A.Zh. Mektep zhasyndagy balalardyn tamaktanuynyn ereksheликтері //Pedagogika zhane psihologiya. – 2017. – №3 (32). – B. 133-138.
- [7] Merkulova D.Yu. Doshkol'niki v seti internet. – M., 2017. – 250 s.
- [8] Majers D. Aleumettik psihologiya. – Almaty: Nacional'noe byuro perevoda, 2019. – 360 s.
- [9] Shilibaev B.A., Kuzembaev Zh.E. Asyk oiyndarynyn negizi. – Taraz, 2018. – 180 b.
- [10] Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru //Egemen Kazakstan. – 12.04.2017.
- [11] Baltabaeva Zh.K., Imanbaeva S.T., Kenzhetaj M. Tulganyn sapalyk kundylyktaryn kalypastyrudagy pedagogikalыk diagnostikanyн ukpaly //Pedagogika zhane psihologiya. – 2017. – №2 (31). – B.173-179.
- [12] Kerimbaeva R.K. «Mangilik el» urpagynyn ruhani tulgasyn kalypastyruda etnopedagogikalыk zhovalardy pajdalanu: Monografiya. – Taraz, 2020. – 110 b.

Использование игры асык как средство против гаджетов у детей

С.С.Букешова¹, Р.К.Керимбаева¹

¹*Таразский государственный университет имени М.Х.Дулати
(Тараз, Казахстан)*

Аннотация

Статья об использовании игры асык в современном мире техники, как эффективное средство против гаджетов, избавления детей от зависимости интернета. Проанализировано негативное влияние гаджетов на здоровье, психологическое развитие детей дошкольного возраста. Тем не менее, на сегодняшний день дети бессознательно стали зависимыми от гаджетов. Последствия зависимости детей от гаджетов влияют на их здоровье, развитие, будущее нации в целом. Автор определяет психолого-педагогические возможности использования игр асык с целью отвлечения детей от гаджетов. Предлагается современные, модернизированные виды игры асык, которые являются национальными играми казахского народа. Определяется оптимальный педагогический и методический подход к использованию игры асык в учебно-воспитательном процессе детского сада. В качестве инновационного проекта в области образования был разработан опыт использования игры асык в современном направлении, как эффективная программа формирования познавательных процессов, сенсорного развития детей.

Ключевые слова: игры асык, гаджет, зависимость, развитие, национальные ценности.

Using the game asyk as a means against gadgets in children

S.S.Bukeshova¹, R.K.Kerimbayeva¹

¹*Taraz State University named after M.Kh.Dulaty
(Taraz, Kazakhstan)*

Abstract

Article about the use of the game asyk in the modern world of technology, as an effective tool against gadgets, ridding children of Internet addiction. The negative impact of gadgets on the health and psychological development of preschool children is analyzed. However, today children have become unconsciously dependent on gadgets. The consequences of children's dependence on gadgets affect their health, development, and the future of the nation as a whole. The author defines the psychological and pedagogical possibilities of using the games of assik in order to distract children from gadgets. It offers modern, modernized types of games assik, which are national games of the Kazakh people. The optimal pedagogical and methodological approach to the use of the game assik in the educational process of kindergarten is determined. As an innovative project in the field of education, we have developed the experience of using the game assik in the modern direction, as an effective program for the formation of cognitive processes and sensory development of children.

Keywords: assik games, gadget, dependence, development, national values.

Редакцияға 15.12.2019 қабылданды

FTAMP 18.41.91

М.С.МЕДЕУБЕК

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық коесерватория (Қазақстан, Алматы),
mms_turan0186@mail.ru; <https://doi.org/10.51889/2020-2.2077-6861.34>

ӨЗБЕК ҚОБЫЗЫ ЖӘНЕ ОҒАН АРНАЛҒАН КҮЙЛЕР

Аңдатпа

Мақала өзбек хылқаның екі қыл ішекті, ысқышты қобыз аспабына арналған. Аталған аспап жайында біраз деректер мен оған арналған күйлер біршама ғалымдардың еңбектерінде жазылған. Бірақ осы уақытқа дейін өзбек қобызы және күйлері жайында арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілмеген.

Зерттеуде өзбек қобызы мен оған арналған күйлердің өзіндік ерекшеліктерін анықтау мақсаты қойылып, салыстырмалы-типологиялық, салыстырмалы-тарихи, жүйелі-этнофониялық (И.Мациевский) әдістер қолданылды.

Мақалада тұңғыш рет, өзбек қобызының эргологиялық ерекшеліктерімен қатар, бұрын-соңды белгісіз болып келген өзбек халқының қобызында орындалған күйлер жайында сөз қозғалады. Біз өзбек қобызында орындалған Қорқыттың «Ботир күй» атты күйі мен «Най чалыш» күйлеріне назарымызды аударамыз. Өзіміздің кәсіби-орындаушылық мүмкіндіктерімізді қолдана отырып, аталған күйлердің кейбір орындаушылық ерекшеліктерін айқындаймыз.

Бұл жұмыс өзбек қобызының Орталық Азия жерін мекендейтін түркі халықтарының музыка мәдениетіндегі орнын айқындайтын алғашқыларының бірі болмақ. Сонымен қатар біз зерттеуде жазылған ой-тұжырымдарды нақты деуден аулақпыз және жұмыс тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Түйін сөздер: қобыз; өзбек кобузы; Қорқыт; Батыр күй; Най чалыш.

Кіріспе. Мақала өзбек халқының кобуз аспабына, оның эргологиялық ерекшеліктеріне және сол аспапта тартылған күйлерге арналған.

Осы уақытқа дейін өзбек халқының қобызы арнайы зерттеу нысаны ретінде алынбаған және аталған аспапқа арналған күйлер белгісіз болып келген. Зерттеуде өзбек қобызында тартылған «Ботир күй» және «Най чалыш» күйлері жайында айтылып, аталған күйлердің негізінде өзбек қобызында орындаушылықтың кейбір ерекшеліктері айқындалады.

Мақаланы жазуда салыстырмалы-типологиялық, салыстырмалы-тарихи, жүйелі-этнофониялық (И.Мациевский) әдістер қолданылды. Сондай-ақ зерттеу барысында аталған қобызда орындаушылық-техникалық ерекшеліктерді айқындауда өзіміздің кәсіби біліміміз бен орындаушылық мүмкіндіктерімізге сүйенеміз.

Жұмыста әртүрлі материалдар пайдаланылды. Өзбек қобызын зерттеуде А.Вамбери, А.Эйхгорн, В.Беляев,

Н.Миронов, Ф.Кароматов, Т.Вызго, Л.Костенко, Р.Абдуллаев, Т.М.Джани-заде, А.Лутфуллаевтардың еңбектері қолданылды. Сонымен қатар мақалада әртүрлі фото-суреттер мен күйлердің ноталық жазбалары қолданылды. Біз суреттегі кобуз бөлшектерін анығырақ көрсету мақсатында суретші Абзал Сейдінге салдырттық (3-сурет).

Негізгі бөлім. Өзбек қобызы құрылымы жағынан қазақ, қырғыз (қыяқ), қарақалпақ қобыздарымен бірдей. Қазіргі таңда бұл аспап қолданыстан шығып кеткен және бұл жөнінде ақпарат өте аз.

Ортағасырлық ғалымдардың еңбектері арқылы аспаптың қолданысы, қызметі жайында біраз мағлұматтар жеткен. Бабырдың «Мемуарларында» 15 ғ. Самарқандта өмір сүрген атақты кобызшы жайында жазылады [1] Философия ғылымдарының докторы, тарихшы Иса Джаббаров өзінің «Древний Хорезм» атты еңбегінде XIVғ. екінші жартысы, XVғ. бірінші жартысында өмір сүрген Хайдар Хорезмидің еңбектеріндегі «ятоган», «кабус» аспаптарының атауларын келтіреді [14].

А.Вамбери «Путешествие по Средней Азии» атты кітабында дутар мен кобуз аспаптарында орындаушылар бүкіл Түркістан өлкесінде үлкен аттаққа ие болғандығын айтады [3]. Зайнаддин Махмуд Васифидің «Мемуарларында» уд, най, гиджак, танбур, канун, кобуз аспаптарында орындау шеберлігіне ие болған және соның арқасында мәжілістердің құрметті қатысушылары болғандығы айтылады [8, Б.25]. Сондай ақ, Түркістан аймағын зерттеген В.Массальский: «дутар мен кобуз аспаптарын кез-келген үйден кездестіруге болады...» – деп жазады [8, Б.30]. А.Н.Самойловичтің коллекциясында 1908 жылы алынған кобуз аспабы бар. Бұл аспап Хивалық сарай өнерпазының аспабы болған делінеді. Сонымен қатар, Л.Ф.Костенко «Путешествие в Бухару русской мисси в 1871 году» атты еңбегінде XIX ғ. 70 жылдары әмірдің Бұқараға келген орыс миссиясына жағу үшін жіберген жеті адамнан құралған өнерпаздармен бірге дутар, танбур, гиджак, най, кошнай, дойра және кобыз аспаптары келгендігі туралы айтылады. А.Ф. Костенко кобыз аспабын екі қыл ішекті, виолончелге ұқсас аспап деп сипаттайды [5]. Қобыз аспабының ансамбль құрамында қолданылғанын ең алғаш Фитраттың «Узбекская классическая музыка и ее история» атты еңбегінен көруге болады. Сонымен қатар А.Эйхгорн Өзбекстанның аймақтарында сақталған кобызшылар мен кобыз аспабы туралы ақпарат беріп, бірнеше кобыздардың суреттерін көрсеткен [11]. Н.Миронов «Музыка Узбеков» атты еңбегінде Самарқанд облысы, Булунгур ауданы, Урайым ауылының тұрғыны Дустьяр-бахши Худояров өзінің ұстазы Суяр-бахшы сияқты кобыздың сүйемелімен дастандарды жырлаған, сондай-ақ оның репертуарында таза аспаптық шығармалардың болғандығын жазады.

Өзбек кобызы тұт ағашынан жасалады. Ішектері аттың қылынан тағылады. Н.Миронов «Корпус и шейка сделаны из тутового дерева» деп аспапты кіге бөліп сипаттап жазады (Соған қарағанда аспаптың мойны алынып салынбалы болып келеді). Шанағына түйенің терісі тағылады. Тиегі

де тұт ағашынан жасалған [9]. Аспап кварта және квинта бұрауларына келтірілген. В.Беляев кобыздың бір жарым октавалық диапазонын көрсетеді [2].

Т.Вызго кобыз аспабының ансамбль құрамында пайдаланылғандығын айтады [4]. Ғалым Ф.Кароматов кобыздың пішіні ожау тәріздес, аттың қылынан екі ішек тағылып, *камоншамен* (ысқыш) ысып тартылады дейді [7]. Сонымен қатар ол кобуз аспабының Самарқанд, Бұқара және т.б. қалалардың даланың кәсіби өнерпаздарының (народно-профессиональными) сүйікті аспабы болғандығын жазады. Ол әншілердің өз әндерін сүйемелдеу үшін ысқышты аспаптарды қолданбағандығын, кобызда философиялық терең ойлы, мұңды шығармалар тартылғандығын жазады. Ғалым 1899 жылы С.Рыбаковтың, 1928 жылы Е.Гиппиустың Самарқанд облысының Кирк-кишлак селосында 57 жасар жырау (сказитель) Дустьяр-бахшыны жазып алғандығын айтады. Бұл күйлер фонограф валиктеріне жазылып алынған [7].

Профессор Р.Абдуллаев өзбек кобузын Қорқыттың есімімен байланыстырып, бақсыбалгерлердің құралы болғандығын айтады. Ол, өзбек кобузын соңғы рет 1979 жылы Сурхандария жерінде кездестіреді. Навои атындағы Өзбекстан ұлттық кітапханасында сақталған «Түркістан альбомының» ішінде кобызшылардың бірнеше суреттері берілген. Суреттердің бірінде өзбек халқының бірнеше музыкалық аспаптарының ішінде кобуз аспабы бар (2 сурет). Суреттер «каузчи» деп аталған. Суреттен дутар, най, карнай, дойра (қазақ халқының дабыл аспабына ұқсас) және кобыз аспабы көрсетілген. Дәл осы аспапты Түркістан альбомның ішіндегі тағы да бір суретте ақсақалдың қолынан көруге болады (1 сурет) [6]. Көрсетілген суреттердегі аспаптың өзіндік ерекшелігін айқындау үшін оны Орталық Азияда кездесетін қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарының аспаптарымен салыстырып көрелік.


Аспаптың басы. Қазақ халқында кобыздардың басы әртүрлі болады. Күмбез тәріздес, үш бұрыш, төрт бұрыш және т.б. кездеседі.



Сурет 1. Каузчи
Түркістан альбомы
(1871-1872)



Сурет 2. Каузчи
Түркістан альбомы
(1871-1872)



Сурет 3. Өзбек кобузы
Абзал Сейдін (2020)

Қырғыз қыл-қыяқтарының басы дөңгеленген немес ұзынша, жіңішке келеді. Қырғыздарда күмбез басты қыл-қыяқтар кездеспейді. Қарақалпақ халқының қобыздарының басы көбінесе күмбез тәріздес және үшбұрыш. Өзбек қобзының басы күмбез тәріздес (басқа түрлері де болуы мүмкін).

Қобыз басына ілінетін салпыншақтар. Қазақ қобыздарының басына темір салпыншақтыр, теңгешелер көбінесе бақсылардың қобыздарына ілінген. Бақсылар өздерінің рәсімдерінде дыбыс күшін күшейту мақсатында аспаптарға темір салпыншақтарды ілген. Қырғыз қылқыяғына темір салпыншақтар ілінбейді. Аспап бақсылық рәсімдерінде қолданылмаған. Қарақалпақ қобыздарына темір салпыншақтар ілінбейді. Себебі аспап тек жыр сүйемелдеу мақсатында қолданылған. Суреттегі өзбек қобзының басына темір салпыншақтар ілінген. Бұл бақсылықтың жұрнақтары деуге болады. Ғалым Р.Абдуллаевтың өзбек қобзы бақсылардың құралы болған деген пікірі ойымызды дәлелдей түспек.

Аспап мойны, темір құрсау. Қазақ халқында әсіресе XIX, XX ғғ. жататын қобыздардың мойындарында темір құрсау көп кездеседі. Бірақ аспаптардың мойындары бөлек жасалып, сол темір құрсаулармен бекітілген, алынбайды.

Қырғыз қылқыяқтары мойнымен бірге ағаштан тұтас шабылады, мойындарында темір құрсаулар кездеспейді. Қарақалпақ қобзының мойны алынып салынбалы. Жырау қобзын тартып болған соң аспапты жинап, екіге бүктеп қоржынға салып алатын болған. Бұл аспапты әрі-бері тасымалдауда, көшіп-қонып жүргенде өте ыңғайлы. Өзбек қобзының мойнында темір құрсау көрінеді. Әдетте темір құрсаулар мойны алынып салынбалы аспаптарда немесе екі түрлі ағаштардан құралып жасалған аспаптарда болады. кейде қобызды ағаштан тұтас шауып жасауға ағаштың жетіспеушілігіне байланысты екі ағаштан құрап жасайды.

Шанақ. Қазақ халқының ұлттық саз аспаптарын жасаушы шебер Алмас Мұстафаның айтуынша суреттегі қобыздың шанағының шеті терімен қапталған. Оның пікірінше тері қапталмаған аспаптарда ағаштың қыры байқалады. Ал мына аспаптың қобзының шеті жұмырланған. Әдетте қапталған тері жұмыр көрінеді. Қырғыз, қарақалпақ қобыздарының шанақтары терімен қапталмаған.

Тиек. Қазақ қобыздарында әр түрлі тиектер кездеседі, ағаштан жасалады. Қырғыз қылқыяқтарының тиектері өте биік болады, ағаштан жасалады. Қарақалпақ қобыздарының тиектері өте аласа болады, суқабақтан жасалады. Өзбек қобзының тиегі биік және ағаштан жасалады.

Тиекке байланған жіп. Қазақ қобыздары мен қырғыз қылқықтарының тиектеріне жіп байланбайды. Қарақалпақ қобыздарының тиектеріне жіп байланады. Өзбек қобызының тиегіне жіп байланған. Әдетте мойны алынып-салынбалы аспаптардың тиегі жоғалып кетпес үшін жіппен бекітіп, бір ұшын белағашқа, немесе қобы ішіндегі тері тілшегіне байлап қояды (қазіргі таңда қарақалпақ қобызшыларында сақталған).

Біз өзбек қобызының құрылымдық ерекшеліктерін Орталық Азия жерін мекендейтін түркі қалықтарының аспаптарымен салыстырып көрдік. Ендігі кезекте өзбек қобызында тартылған күйлер жайында сөз қозғап, аталған аспаптың орындаушылық ерекшеліктеріне назар аударалық.

Өзбек қобызында орындалған бірнеше күйлердің атаулары мен ноталары жарыққа шыққан. Н.Мироновтың «Музыка узбеков» атты кітабында қобызшы Дустьяр-бахшы Худаяровтың орындауында «*Ботыр күй*» («Богатырская»), «*Чупони*» («Пастушеская»), «*Ярадоргаз*» («Қаз»), «*Най чалши*» («Сыбызғыға еліктеу») сияқты күйлердің атаулары берілген. Ғалым аталған күйлердің ішінде «Ботыр күй» туралы былай дейді: «Одним из лучших исполнителей на каузе считается в настоящее время – Дустьяр-Худояров из кишлака Урай, Бумонгурского района, Самаркандской области. Игре на каузе, который, между прочим, Худояров сделал собственно ручно, он обучился у некоего Суяр бахшы лет 30 назад. В репертуаре Достьяр-Худоярова для кауза встречаются вещи чрезвычайно ценные по своему музыкальному содержанию. Таковы например, мелодии: «Ботыр кюи», песня очень древнего происхождения, сочиненная Ота-Куркутом» деп жазады [9]. Ғалым Ф.Кароматовтың еңбегінде жоғарыда аталған «Ботир кюи» (Батыр күй) күйінің ноталық үлгісі берілген.

Қорқыт түркі халықтары ортақ тарихи тұлға, қазақ халқында екі қыл ішекті, ысқышты қобыз аспабын ойлап табушы, жырау. Өзірбайжан халқында Қорқыт *гопуз* (домбыра текті, шерпелі аспап) аспабын

ойлап тапқан болып есептеледі. Сонымен қатар Қарақалпақтар да қобыз аспабының пайда болуын осы Қорқыттың есемімін байланыстырады. Бірақ аталған елдердің ішінде Қорқыт күйлері тек қазақ халқында ғана сақталған. Қазіргі таңда қазақтарда Қорқытпен байланысты жиырма беске жуық күйлер белгілі және көбісі қобыз аспабының репертуарына еніп, концерттік сахналарда орындалады.

Өзге түркі халықтарының ішінде Қорқыт есімімен байланысты күйлер кездеспеген. Қорқыт күйінің өзбек музыка мәдениетінен табылуы үлкен жаңалық. Оның үстіне, қобызбен күй тарту өнері Орталық Азия түркі халықтарының ішінде қазақтар мен қырғыздарда (қыяқ) ғана сақталып, кең етек жайған. Қарақалпақ жыраулары эпикалық жырларды қобызбен сүйемелдеумен қатар күй сияқты қысқа намаларды орындаған.

Қорқыттың «*Батыр күйінің*» орындаушылық-техникалық ерекшеліктерін айқындау мақсатында күйге орындаушылық талдау жасалды. Нәтижесінде бұл күйдің қазақ, қырғыз күй тарту әдістеріне ұқсамайтындығы анықталды. Күй кварта бұрауында орындалады. Күйді қазақ қобызының ішек басу әдісі – тырнақпен басып тарту мүмкін болмады. Себебі күйде қазақтың қобыз күйлеріне тән емес қос дыбыстар (интервалдар) жиі кездеседі. Қырғыз қыяғының ішек басу әдісімен (қармап басу – ішекті саусақтың ұшымен орап ішке қарай тартып басу) тартқанда күйдегі қос дыбыстар алынбады. Бұл күйдің орындалу әдісі қарақалпақ қобызын тарту әдісіне жақын болып шықты. Қарақалпақ қобызының ішегін саусақтың көпшігімен (саусақ ұшындағы жұмсақ етті жер), үстінен басып тартады. Төменгі ішек жоғарғы ішекпен бірге, жоғарғы ішек кейде жеке де басылады. Бірақ, қарақалпақ намаларына қарағанда «Батыр күйдің» диапазоны кең. Егер қарақалпақ намаларының дыбыс ауқымы бір октаваны құрайтын болса, Батыр күйдікі дециманы құрайды. Аталған күйде түркі халықтарына ортақ бурдонды дыбыс бояуын байқауға болады. Бұл Орталық Азия халықтарының музыка

мәдениетіндегі музыкалық аспаптардың түркі-моңғол халықтарына тән көмеймен ән айту түрімен байланысын көрсетеді [12; 13]. Ғалым Кароматовтың айтуынша бұл күйдің сазды-интонациялық бояуы әдеттегі кең тараған өзбек музыкасынан өзгеше. Бұл күй өзбекстан жерінде көшпелі өмір салтын ұстанып келген өзбек халқының домбыра күйлерінің саздарына жақын.

Өзбек қобызының тағы бір күйі «*Най чалыш*» деп аталады. Қазақшаға аударғанда «Найға еліктеу» (*най* – өзбек халқының үрлемелі аспабы). Қазақ қобызының репертуарында Қостанай облысы, Аманкелді ауданында дүниеге келген қобызшы Қазыбек Әбенұлының (1914-1995) өз орындауында «*Сыбызғы*» атты күйі жеткен. Бұл күй де сыбызғы күйіне еліктеуден шыққан. Күйде сыбызғы нақыштары, иірімдері анық көрсетілген. Күйдің орындаушылық-техникалық мүмкіндіктері жетілген. «Най чалыш» күйі осы «Сыбызғы» күйінің табиғатына жақын. Қобыздың дыбыс шығару мүмкіндігі кең. Аспапта орындалатын обертонды дыбыстар үрлемелі аспаптарды, әсіресе сыбызғы аспабының дыбысын жақсы салады. Жалпы қобыз аспабының дыбыс бояуы төменгі регистрде – қоңыр, жұмсақ шығады. Ал, жоғарғы жағында ашық, жарқын, әрі сыбызғы дыбысына ұқсас келеді [10, Б.38]. Жоғарыда аталған күйледің интонациялық, мелодиялық құрылымын кең тараған өзбек халқының аспаптық музыкасынан өзгешелігін ғалым Ф.Кароматов айтады. Сонымен қатар бұл

күйлердің сарыны осы уақытқа дейін көшпелі өмір салтын ұстанып келген көшпелі өзбектердің домбыра күйлерінің сарындарына жақын дейді.

Аталған аспаптың құрылымдық ерекшеліктерін қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарында кездесетін қобыз тектес аспаптармен салыстырмалы түрде зерттеу нәтижелері де өзбек қобызының аталған халықтардың аспаптарынан ерекшеленетінін көрсетті. Өзбек қобыз күйлеріне жасалған орындаушылық талдаудың негізінде аталған аспаптың ішек басу әдісі – саусақтың көпшігімен, ішектің үстінен басу екендігі анықталды (сол қол техникасының басқа да түрлерінің болуы әбден мүмкін).

Қобыз – түркі халықтарына ортақ мұра. Қазіргі жахандану заманында ұмытылған ұлттық мұраларды қайта тірілту тенденциясы бой алуда. Қазақ халқының музыка мәдениетінде жетіген, сазсырнай, сыбызғы және т.б. ұмыт болған музыкалық аспаптарының қайта жаңғырғаны белгілі. Сол сияқты Башқұрттар қолданыстан шығып кеткен қобыз оқу бағдарламасына енгізу арқылы қайта жандандырды. Қазіргі таңда Татарстан тарапынан да қобыз аспабын қайта тірілту мәселелері қолға алынуда. Мақалада жазылған ойлар өзбек қобызының Орталық Азия түркі халықтарының ішіндегі қобыз тектес аспаптардан өзіндік ерекшелігі мен мәдениеттегі орынын тануға мүмкіндік беріп, өзбек қобызының қайта тірілуіне өз септігін тигізеді деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдеби қайнар көздер тізімі

- [1] Бабыр. Бабырнама. – Ташкент, 1950. – 417 б.
- [2] Беляев В. Музыкальные инструменты Узбекистана. – М.: Музыкальное изд-во, 1933. – 132 с. – 53 б.
- [3] Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. – Спб., 1865. – 171-172.
- [4] Вызго Т. Музыкальные инструменты Средней Азии – Москва: Музыка, 1980.
- [5] Костенко Л.Ф. Путешествие в Бухару русской миссии в 1871 году. – Спб., 1871.
- [6] Фон-Кауфмана К.П. Туркестенский альбом», II. 1872, табл.87. ГПБ.
- [7] Кароматов Ф. Узбекская инструментальная музыка. – Ташкент: ИЛИ им. Гафура Гуляма, – 1972. – 107б.
- [8] Лутфуллаев А. История исполнительства на узбекских народных музыкальных инструментах: Учебное пособие для высших образ. учреждений. – Ташкент, 2009. – 25б.
- [9] Миронов Н. Музыка узбеков. – Самарканд: Узб. гос.изд-во, 1929. – С.18.
- [10] Утегалиева С. Хордофоны Центральной Азии. – Алматы: Казакпарат, 2006 – 120с. ISBN 9965-654-22-0. – 38 б.

- [11] Эйхгорн А. Музыкальная фольклористика Узбекистана /Под ред. В. М. Беляева – Ташкент, 1963
- [12] Utegalieva S., Alsaitova R., Mykyshev T., Medeybek M., Ongarbayeva S. About Two Types Of Universalism In The Musical Instruments Of The Kazakhs. Opción, Año 35, No. 88 (2019): 567-583 ISSN 1012-1587 /ISSNe: 2477-9385 Recibido: 06-01-2019 Aceptado: 28-03-2019
- [13] Утегалиева С.М., Алсаитова Р.К. О двух типах универсализма в музыкальном инструментарии казахов /Педагогика және психология. – 2019. – №3 (40) – С.128-136.
- [14] Джаббаров И. Древний Хорезм – страна высокой культуры и уникальной духовности (Этно-исторические очерки). – Москва: ИЭА РАН, 2014. – 304 с.

References

- [1] Babyr. Babyrnama. – Tashkent, 1950. – 417 b.
- [2] Belyaev V. Muzykal'nye instrumenty Uzbekistana. – M.: Muzykal'noe izd-vo, 1933. – 132 s. – 53 b.
- [3] Vamberi A. Puteshestvie po Srednej Azii. – Spb., 1865. – 171-172.
- [4] Vyzgo T. Muzykal'nye instrumenty Srednej Azii – Moskva: Muzyka, 1980.
- [5] Kostenko L.F. Puteshestvie v Buharu russkoj missi v 1871 godu. – Spb., 1871.
- [6] Fon-Kaufmana K.P. Turkestenskij al'bom», II. 1872, tabl.87. GPB.
- [7] Karomatov F. Uzbekskaya instrumental'naya muzyka. – Tashkent: ILI im. Gafura Gulyama, – 1972. – 107b.
- [8] Lutfullaev A. Istoriya ispolnitel'stva na uzbekskih narodnyh muzykal'nyh instrumentah: Uchebnoe posobie dlya vysshih obrazov.uchrezhdenij. – Tashkent, 2009. – 25b.
- [9] Mironov N. Muzyka uzbekov. – Samarkand: Uzb. gos.izd-vo, 1929. – S.18.
- [10] Utegalieva S. Hordofony Central'noj Azii. – Almaty: Kazakparat, 2006 – 120s. ISBN 9965-654-22-0. – 38 b.
- [11] Eijhgorн А. Музыкаль'naya fol'kloristika Uzbekistana /Pod red. V. M. Belyaeva – Tashkent, 1963
- [12] Utegalieva S., Alsaitova R., Mykyshev T., Medeybek M., Ongarbayeva S. About Two Types Of Universalism In The Musical Instruments Of The Kazakhs. Opción, Año 35, No. 88 (2019): 567-583 ISSN 1012-1587 /ISSNe: 2477-9385 Recibido: 06-01-2019 Aceptado: 28-03-2019
- [13] Utegalieva S.M., Alsaitova R.K. O dvuh tipah universalizma v muzykal'nom instrumentarii kazahov / Pedagogika zhane psihologiya. – 2019. – №3 (40) – S.128-136.
- [14] Dzhabbarov I. Drevnij Horezm – strana vysokoj kul'tury i unikal'noj duhovnosti (Etno-istoricheskie ocherki). – Moskva: IEA RAN, 2014. – 304 с.

Узбекский кобыз и исполняемые на нем кюи

М.С.Медеубек

*Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
(Алматы, Казахстан)*

Аннотация

Данная статья посвящена смычковому хордофону с двумя волосяными струнами – кобузу Узбекского народа. Сохранилось немало исторических данных об этом инструменте, а также произведения для него. В настоящее время инструмент уже не используется в музыкальной практике.

В статье рассматриваются эргологические и исполнительские особенности данного инструмента. Автор обращается сравнительно-типологическому, сравнительно-историческому и системно-этнофоническому (И.Мациевский) методам.

Нами использованы этнографические материалы из собственного архива, собранные во время научной стажировки в Государственную консерваторию Узбекистана в 2017 году.

В работе обращаем внимание на репертуар узбекского кобуза. Нас интересуют две пьесы – «Ботир кюи» и «Най чалыш». Первый из них создан Коркутом. Опираясь на свои исполнительские возможности предприняты попытки выявить некоторые исполнительские особенности этих кюев.

Данная работа имеет предварительный характер и требует углубленного изучения.

Ключевые слова: кобыз; узбекский кобуз; Коркут; Батыр кюи; Най чалыш.

Uzbek kobuz and works performed on it

M.S.Medeubek

*Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy
(Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

This article is devoted to the bowed chordophone with two hair strings-the kobuz of the Uzbek people. There is a lot of historical data about this instrument, as well as performances for it. Currently, the instrument is no longer used in music practice.

The article touches upon the environmental and performance features of this instrument. The author addresses the comparative-typological, comparative-historical and system-etnophonic (J. Maciejewski) methods.

In this article, we pay attention to the repertoire of the Uzbek kobuz. We are interested in two plays – «Botir kui» and «Nai Chalysh». The first of them was created by Korkut. Based on individual performance capabilities, attempts have been made to identify some of the performance features of these kuis. This work is preliminary and requires in-depth study.

Key words: kobyz; uzbek kobuz; Korkyt; Botyr kui; Nai chalysh.

Редакцияға 27.02.2020 қабылданды

**Мерейтоймен Құттықтаймыз!
Поздравляем юбиляров!
We congratulate wits anniversary!**



**Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Джанзакова Шолпан Исағалиқызы**

Джанзакова Шолпан Исағалиқызы 1960 жылы 13 қарашада Гурьев қаласында көп балалы отбасында дүниеге келген.

